



**М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ  
СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚАДЫРОВ Ж.Т., СИНБАЕВА Г.К.**

# **ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ПОЭТИКАЛЫҚ ДЕЙКСИС**

**МОНОГРАФИЯ**

**Петропавл  
2017**

С. Мухомов отп-  
дает СК обязательство  
внести и оплатить  
своей рукой.

*[Signature]*  
12.01.2018г.

|   |                                |
|---|--------------------------------|
| Книга должна быть возвращена<br>не позже указанного здесь срока |                                |
| * Количество предыдущих выдач                                   |                                |
| 22 / VII 22   | Согласовано <i>[Signature]</i> |

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М. Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**ҚАДЫРОВ Ж.Т., СИНБАЕВА Г.К.**

**ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ПОЭТИКАЛЫҚ  
ДЕЙКСИС  
МОНОГРАФИЯ**

**Петропавл  
2017**

УДК 821.512. 122.0

ББК 83.3 (5Каз)

Қ 13

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесінде ұсынылды  
(№10 хаттама, 27.04.2017 ж. СҚМУ ФК шешімі)*

**Рецензенттер:**

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы Шалабай Б.; С. Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры, филология  
ғылымдарының докторы Жүсіпов Н.Қ.;  
Инновациялық Еуразия университетінің профессоры, филология  
ғылымдарының докторы Имамбаева Ғ.Е.

**Қадыров Ж.Т.**

**Қ 13** Тіл мәдениеті және поэтикалық дейкис: монография / Ж.Т.  
Қадыров, Г.К. Синбаева. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ,  
2017. – 136 б.

**ISBN 978-601-322-102-1**

Монографияда қазақ тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің зерттелуі сараланады.

Тіл мәдениеті, дейкис, прагматика мәселелері тұрғысынан эвфемизмдердің көркем шығарма тіліндегі колданылу ерекшелігі қарастырылады.

Эвфемизмдер мен дисфемизмдерді оппозициялық құбылыста қарастыруға назар аударылады.

Монография жоғары оқу орыны оқытушылары мен магистранттарына, студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналады.

53814

УДК 821.512. 122.0


ББК 83.3 (5Каз)

© Қадыров Ж.Т., Синбаева Г.К. 2017

© М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017

**ISBN 978-601-322-102-1**

*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың сапа менеджменті жүйесі  
ISO 9001:2008 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталған*



## КІРІСПЕ

Тіл білімінде эфемистік, дисфемистік құбылыстарға жеке-жеке түсінік беріліп, оларды зерттеуге арналған біршама еңбектер бар. Осы ретте Ә. Ахметов, Ә. Хасенов, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, Б. Сағындықұлы т.б. ғалымдарымыздың пікір-тұжырымдары мен еңбектерін атауға болады. Ал эфемизмдер мен дисфемизмдердің көркем шығарма тілінде қолданылу мәселесі кейбір еңбектерде аталып қарастырылғанымен, олардың функционалдық стильдер ішінде көрінуі – бүгінгі күнге дейін айқындалмаған құбылыс. Негізінен алғанда, көрсетілген еңбектерде (тізімде де бар) эфемизмдер мен дисфемизмдер турасында жұмыс барысында түрлі деңгейлерде сөз болғанымен, көркем шығармалар негізінде дисфемизмдер мен эфемизмдерді антонимдік құбылыс ретінде алғаш рет арнайы жеке тақырып ретінде ұсынылу тақырып өзектілігі болып саналады. Бұл құбылыс кеше – бүгінгі емес, ғасырлар бойы қалыптасқан (әсіресе фразеологизмдер тұрғысынан келгендері) тілдік заңдылық. Шын мәнінде, эфемизмдер мен дисфемизмдер қай тілде болмасын, соның ішінде қазақ тілінде де, сөз қызметіне (функциясына) қатысты антоним деп аталатын үлкен тілдік заңдылық негізінде пайда болып, сол құбылысты дәлелдей түсетін әрі бастау алатын тіл табиғатының ерекшелігі деп түсінген дұрыс.

Осы тұрғыдан келгенде өткен ғасырдың әр кезеңіндегі көркем әдебиет стильдері материалдары негізінде қазақ тіліндегі эфемизм мен дисфемизмдерді жеке алып, олардың көркем шығармаларда қолданылу ерекшелігін зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар ғасырлар бойы қалыптасқан ауызша не жазбаша туындылар негізінде ел аузында, қаламгерлер шығармаларында болсын тіл байлығымызда қалай, қай тұрғыда пайдаланып, қандай көркемдік амал-тәсілдермен өрнектегендерін тақырып негізінде сөз етілетін эфемизмдер мен дисфемизмдердің қолданыстарына ғылыми тұрғыдан талдау жасаудың да уақыты келген деген ойдамыз.

Тілдік қарым-қатынаста белгілі бір мақсатқа жетуде ықпал ету, бағдар жасау үшін ауыстыру арқылы тілдік элементтер қолданылады. Бұл – эфемистік, дисфемистік колданыстарға және дейксиске тән белгі. Әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерімен бірге ұқсастығы – сөйлемдегі белгілі бір колданыстардың ауыстырылуы. Дейксис ғылыми еңбектерде сілтеу мәніндегі колданыстар арқылы сипатталады. Оларға жіктеу және сілтеу мәніндегі есімдіктер жатады. Бұл сөздер мәтін бөліктерін байланыстырып тұрады және қайталауға жол бермейді.

## Бірінші бөлім

# ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕР МЕН ДИСФЕМИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ЖҮЙЕЛЕНУІ

## 1.1 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ тіліндегі эвфемизмдер мәселесі – әлі де толық айқындалмаған құбылыс. Эвфемизмдер кез келген халықтың тілінен орын алады. Түркі тілдес қазақ тілінде де эвфемизмдер молынан, сан түрлі болып қолданылады және кейбір сөздердің эвфемистік мағынада қолдануына байланысты айырмашылықтар да жоқ емес. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде эвфемия құбылысын ғалым Ә. Ахметов алғаш ғылыми зерттеудің нысанына алып, табу мен эвфемизмді этнографиялық лексикаға жатқызады: «Кез келген этнографиялық лексиканың сыртында белгілі бір этнографиялық ұғымдардың тұратыны сияқты табу мен эвфемизмнің сыртында да олармен ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, атап айтқанда, дәстүрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, қоғамда қалыптасқан тіл мәдениетімен байланысты этикалық нормалар тұрады» [1, 176 б.]. Ғалым бұл сөздердің қыр-сырын ашуда этнография мен лингвистика ғылымдарының біртұтас нысаны ретінде зерттелуінің тиімділігін айтып, эвфемизмдердің этнолингвистикалық бағытта айқындалуына жол ашады. Олардың пайда болуын этнолингвистикалық жүйе және этномәдени негіздер арқылы айқындап түсіндіреді, дәстүрлі моральдық-этикалық қатынастарға байланысты қалыптасқан табу мен эвфемизмдерді топтастырып көрсетеді, яғни өлімге, анатомия мен физиологиялық процестерге, саяси эвфемизмдерге, сондай-ақ эвфемизмдердің жасалу жолдары: эвфемистік метафора, эвфемистік метонимия, эвфемистік синекдоха, эвфемистік символ, эвфемистік ирония түрлері мен өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Эвфемизмдердің мұншама

түрлерінің өзі академик В.В. Виноградов пікірінше: «Рухани мәдениеттің көтерілуі тілдегі өзгерістерде көріне отырып, сонымен бірге сөзге, көркем шығармашылық туындыларына айрықша талап пен мүдделілік те тудырады. Өмірдің түбегейлі жаңаруы дәуірінде филологияның – тіл мен әдебиет, халықтың сөз мәдениеті, сондай-ақ әдеби шығармаларды талдау әдістемесі жөніндегі ғылымның қоғамдық рөлі ерекше маңызды да ықпалды бола түспек» [2, 230 б.] – деген тұжырымда терен болжам жатыр. Қазіргі таңда тіл, тіл мәдениеті, ғылымға деген талап, жауап-жауапкершілік, ықылас-қызығушылық, мүдделілік шынында да күн сайын артуда. Осы тілдік, қазақ ділдігінің бір мәселесі эвфемизмдік қолданыстарда жатқанын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Жалпы тіл білімінде эвфемизмнің пайда болу жолы табу сөздердің қолданысымен байланысты деген пікір орныққан. Табу дегеніміз – тыйым сөз ретінде қолданылады, тек ұғымға салынатын тыйым емес, сол ұғымның тілдегі атауына, яғни сөзге салынатын тыйым екені мәлім. Бұл орайда Ә. Ахметов өз еңбегінде «... табу мен эвфемизмдердің арасындағы байланысты себеп пен салдар деп қараған жөн. Өйткені эвфемизмдерді тудыратын – табу. Сондықтан да олар бірінсіз бірі жүре алмайды. Сосын табу эвфемизмдерді тудырып қана қоймай, оларға үнемі өз орнын беріп, өзі солардың тасасына бой жасырады» [1, 176 б.] – деп, эвфемизм құбылысының тілдік табиғаты мен әлеуметтік сипатын айқындауға мүмкіндік беретін іргелі тұжырым жасайды.

Сондай-ақ табу мен эвфемизмдердің тілмен бірге туып, бірге жасайтын бір-бірімен ажырамас құбылыс екенін көрсетеді [1, 10 б.].

Ә. Хасенов «Тіл білімі» деген еңбегінде «Эвфемизм – бір затты не құбылысты я болмаса бір оқиғаны сыпайылап айтып жеткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап, іштей ренжіп тұрса да, рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі», деп түсіндіреді [4, 154 б.]. Адамзат, табиғат т.б. болсын жалпы тіршілік иелері дейтін болсақ (жанды, жансыз) карама-қарсы екі құбылыстан тұрады



күн және күн бар дегендей. Тіл де осы заңдылыққа бағынады, әрі оның көрінісі. Ғалымдардың табу мен эвфемизмдер бір-бірі толықтыратын тілдік амалдар дегенде, олардың сан не сапа жағынан өсуі бұларға қарсы мәндес дисфемизмдердің әсерін естен шығармау керек. Кез келген эвфемизмдердің дисфемистік қолданысы (тіпті контекстік мағынада болсын) болуы – осының айғағы. Айталық, «оттама» деген қарапайым дисфемизмнің «көп сойлеу», «сөзіне ие болу» т.б. толып жатқан эвфемизмдік қолданыстары бар. Сонда диалектиканың қарама-қайшылық заңының нәтижесі дамуға әкеледі деген қағидасына сай, сайып келгенде, эвфемизм мен дисфемизмдер ғасырлар өткен сайын тілдік байлықты толықтыра түседі. Сондықтан, бұл екі тілдік құбылыстың (эвфемистік, дисфемистік) қай тілде болмасын қатар өмір сүруі – тілдік заңдылық.

Кейбір еңбектерде табу, эвфемизм сөздер сөйлеу тілі лексикасына жатқызылып бір-біріне мағыналары жақын, мәндес терминдер тұрғысынан сипатталады: «Сөйлеу тілі лексикасына стильдік бояуы жағынан табу сөздер мен эвфемизмдер де жатады. Табу, эвфемизм – бір-біріне мағыналары жақын, мәндес терминдер. Әлдебір, діни нанымға, ескі әдет-ғұрыпқа байланысты айтуға болмайтын, сондай-ақ цензуралық ретпен де қолдануға тыйым салынған табу (эвфемизм) деп атайды. Бір жағдайда, хабарды тура айтпай, тұспалдап жеткізетін сөздер де табу (эвфемизм) делінеді. Өйткені стиль тұрғысынан алғанда, тура сөзден гөрі (яғни ашық түрде, тура айтуға қарағанда) оны ауыстырған тұспал сөздің өзі ұтымды. Табу мен эвфемизмнің көбіне-көп сөйлеу стилі мен көркем әдебиетте қолданылатын олардың осы ерекшелігімен тығыз байланысты» [3, 45-46 бб.].

Негізінен эвфемизмдер мен табу сөздердің бірлігі (ұқсастығы) мен айырым белгілері бар. Бұл екі термин, түптеп келгенде бір тілдік құбылысқа жатады. Басқаша айтқанда, табу да, эвфемизмдер де кез келген нәрсені жұмсартып, ойды жеткізудегі сыпайы тілдік қолданымдар деген бағытта бірлікте болады. Ал, нақты стильдік үрдістерде екі түрлі мақсатты көздейді, бірі (табу) наным-сенімге, салт-дәстүрді ұстанса, екіншісі (эвфемизмдер) тікелей тілдік мәдениетке қатысты

болып келетінін ғалымдар атап көрсетеді. «Бір затты, құбылысты өз атымен тура атамай, басқаша атаумен атау тек табумен байланысты емес. Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда да тілде бір сөз бір сөзбен алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады. Мұндай құбылыс тіл білімінде эвфемизм деп аталады. Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгінгі таңдағы өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан» [4, 125-126 бб.] – деп, эвфемизмді құбылыс ретінде қарастырып, оның өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Б. Сағындықұлы «...табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан. Эвфемизм табу сияқты қорқыныштан, үрейленуден туған сенімге емес, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді» – деген пікірді негізге ала отырып, «...ауыстыра алатын қасиеті үшін ғана эвфемизмдерді табуға телудің реті жоқ. Әлеуметтік саладағы құбылыс – жаргондар мен арголар да бір сөзді екінші сөзбен алмастыра алады. Эвфемизмнің семантикалық табиғаты табумен үйлеспейді» [5, 87-88 бб.] – деп, эвфемизм құбылысының семантикалық табиғатына баса назар аударады. Бұл айтылғандар эвфемизм мен табудың ара жігін ажыратудағы негізгі тұжырым екенін байқаймыз. Дегенмен ғалымның пікіріне қосыла отырып, мына секілді толықтыруларды айтуға болады. Әңгіме бір сөзді екінші сөзбен ауыстыруда емес, бір жағынан солай көріну де ықтимал. Біздің тақырыбымыз бойынша кез келген сөздерді екінші бір сөзбен (автор көрсетіп отырған жаргон не арголар т.б. секілді) ауыстыра салу емес, керісінше тілдің эволюциялық даму барысында белгілі бір бағытта сөз қолданылуларда іштей табиғи байланыста болады. Айталық,

үлкен тілдік құбылыс бағыттарына көмекші екінші бір бағыттар қосарлана жүреді де, келешекте олар дифференциалданып өз алдына жеке тілдік заңдылық құрайды. Біз сөз етіп отырған эвфемизм бұл үлкен, ауқымды (сыпайылап, астарлап жеткізу амалын ұстанған) бағыт болып табылады да, ал табу сол екінші тілдік амалмен жеткізілетін, тұспалдап немесе тыйым салынған, киелі сөздерді жалпы халықтық қолданылудағы сөздермен ауыстыру мақсатындағы тілдік тұлғалар болып табылады. Осы тұста әрине эвфемизм мен табу арасында еш байланыс жоқ деу, асығыс пікір деген ойдамыз. Бұлардың табиғи байланыстары қалай болған күнде де екінші бір сөзбен жеткізу амалында жатыр. Сонда бұлар (эвфемизмдер мен табу) бір бағыттағы екі түрлі мақсатты көрсететін сөз ауыстыру амалдары болмақ. Айталық «катын» деп айтудың орнына тіл мәдениетінен хабары бар, әдеби тілдік норманы сақтай білетін азаматтардың «жұбайым», «өмірлік жолдасым», «жарым» т.б. дегенмен салыстырыңыз. Қазіргі таңда тіл мәдениетінде әдептілікті, сыпайылықты ескерген адам «әйел», «әйелім» деп те қолданбайтыны бәрімізге белгілі. Заман өткен сайын бұл сөз де тұрпайлық мағынаға, қолданымға айналып отыр. Ал автор сөз етіп отырған жаргон сөздер мен арголар да сөз ауыстыру қабілетіне келсек, әрине бұл – ауыстыру бағытындағы құптарлық пікір. Дегенмен мұндай тілдік талдауларда әдеби тілдік норманы ескеру бірінші қажеттілік екенін ұмытуға болмайды. Бұл терминдер (жаргон, арго) табиғатына енетін сөздер, біріншіден – әдеби нормаға жатпайды, екіншіден – өміршен сөздер емес. Олар жуық арада жоғалып немесе бұл құбылыстардан шығып, жалпыхалықтық сөздерге айналып отырады. Мысалы, кезінде студенттер арасындағы «құлап қалу» – емтихан не сынақ тапсыра алмау мағынасында елге танымал сөзге айналып кетті. Қазіргі «арак» мағынасындағы «тентек су», «көк су», «көк мойын», «жынды сулар» да кезінде маскүнемдердің жаргондық сөзінен жалпыхалықтық қолданысқа айналған тілдік тұлғалар.

Сонда біз сөз етіп отырған эвфемизмдер мен табулар сөз алмастыру болғанда бірі – сыпайылықты, екіншісі – тыйым

салынған сөздерді ауыстырса, ал жаргон мен арго құпиялықты сақтау мақсатында қолданылатын сөздер. Мысалы, ұрылар тіліндегі «жарым-попалам» – түскен олжаны қылдай бөлісу, «апсар-жапсар» – ұрланған дүние орны белгілі т.б. сол әлеуметтік шағын топтар ғана қолданатын түсінікті сөздер. Ал эвфемизмдер мен табулар мүлдем керісінше жалпыхалықтық қолданыстағы тұлғалар болып табылады.

Сондай-ақ, эвфемизмдер мен табуды тең дәрежеде қарастыруға болмайтындығы ескерілуі қажет.

Олардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай аталуы да назарға алынып жүр. Бұл орайда ғалым Б. Сағындықұлы былайша тұжырымдайды: «Әр түрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, т.б. негізінде қалыптасқан этнографиялық ұғымдарды этнографиялық табу деп, тыйым салынған атауларды алмастыратын сөздерді лингвистикалық табу деп – атау дәстүрі тіл білімінде бар. Алайда, этнографиялық табудың мағыналық ауқымы кең болса, лингвистикалық табудың өрісі тар, ол – этнографиялық табудың бір бөлігі ғана. Кеңістік тіл білімінде бұларға тиісінше табу және эвфемизмдер деген терминдер телінді» дей келе, «Этнографиялық табуды ділдік табу, лингвистикалық табуды тілдік табу деуге болады. Себебі, ділдік табу да, тілдік табу да ақшаның екі беті сияқты, бір түсініктің (яғни табудың) аясында қарастырылады, ал ділдік, тілдік дегендер – анықтауыштар. Этнографиялық ұғымдарды – адамдардың ішкі жан дүниесіне, дүние-танымына, ой-өрісіне, сана-сезіміне, іс-әрекетіне, мінез-құлқына қатысты болғандықтан – ділдік ұғымдар деп атаған жөн. Тыйым салынған ділдік ұғымдардың барлығы – ділдік табу.

Сөйтіп, табу іштей екіге бөлінеді:

1) ділдік табулар;

2) тілдік табулар. Тікелей айтуға, хабарлауға тыйым салынатын (затқа, құбылысқа, кимылға, іс-әрекетке, сөз бен тілге, т.б. байланысты) этнографиялық ұғымдар ділдік табуға жатады. Ділдік табулардың орнына жүретін, яки оларды алмастыратын қосалқы, жанама сөздер тілдік табулар болып

септеледі» [5, 87-88 бб.] – деп табу мен эфемизмнің өзіндік ерекшеліктері мен қызметін саралай отыра оларға жаңа атау беруді ұсынады. Бұл құбылыстарды жаңа атаумен атау олардың ара жігін ажыратуға бірден-бір септігі болар еді.

Орыс тіл білімінде эфемизмдердің теориялық негіздері пайда болуы, жасалу жолдары Б.А.Ларин, Л.А.Булаховская, А.А.Реформатский, Л.Крысин т.б. еңбектерінде көрсетіледі. Эфемизмдер дәрекі сөздерді сыпайы сөздермен алмастыруда қызмет ететін сөздер мен колданыстар ретінде қарастырылады: «Эфемизмы – слова или выражения, служащие в определенных условиях для замены таких обозначений, которые представляются говорящему нежелательными, не вполне вежливыми, слишком резкими. Например, задерживается вместо опаздывает, кто крайний? Вместо - кто последний? (в очереди) наряду с такими более или менее устойчивыми заменами, в речи отличаются смягчающие индивидуально-контекстные обозначения, которые так же обычно расцениваются как эфемизмы» [6, 199 б.].

Бұған коса, Л. Крысин «Эфемистическая замена используется в стремлении избегать коммуникативных конфликтов и неудач, не создавать у собеседника ощущения коммуникативного дискомфорта» [7, 384 б.] деп, адамдар арасындағы қарым-қатынаста қолайсыздық тудырмау үшін эфемизмдермен ауыстырылатындығын айтады. – *Партия қызыметіндегі орыс ағайындар да жақсы жейтін сияқты осы қазаны, - деді, екінші жапырақты аузына салған Саржан, оңды-солды қарш-құрш шайнап (М. Мағауин).* Контексті «жұмсарту» мақсатында сөйлеу тіліне тән ағайын лексемасы тіркесіп берілген «орыс ағайындар» колданысы эфемистік формада жасалынған.

Бүгінгі күні эфемизмдерді функционалдық стильдер ішінде зерттеу колға алына бастады. Функционалдық стильдерді тереңдете зерттеу жалпы әдеби тілмен байланыс ерекшелігін анықтауды қажет етеді. Орыс тіл білімінің көрнекті өкілі В. Виноградов функционалды стиль түрлерінің тілдегі үш түрлі қызметін атап көрсетеді: бірінші – қарым-қатынас қызметі

(ауызекі сөйлеу стилі), екіншісі – хабар беру қызметі (ресми және ғылыми), үшінші – ықпал ету қызметі (публицистикалық және көркем әдебиет стильдері [2, 84 б.].

Сондай-ақ, М.Жұмағұлова: «Әдеттегі эвфемизмдер жеке адамдар арасындағы коммуникативтік қолайсыздықты (коммуникативтік дискомфорт) болдырмауды көздейді де, жеке бастық қатынасқа тән сипатқа ие болады. Ал, газет бағаналарындағы эвфемистік формалардың әлеуметтік сипаты басым болады [8, 19 б.] деп есептейді. Газети публицистика тіліндегі эвфемизмдердің әлеуметтік сипатымен ерекшеленетінін: «...сөздің эвфемистік мағынасын да тілдің «өз ішінде» ғана емес, тілдік ұжымның этикалық-моральдық, дүниетанымдық ерекшелігімен, экономикалық, қоғамдық-саяси өмірімен байланыстыра қарау құбылыстың мәнін айқындай түседі» [8, 119 б.] деп, эвфемистік мағынаның мәнін айқындайтын басқа себептеріне де тоқталады. Яғни, эвфемистік мағынаның басты қызметі – дөрекі, тұрпайы, айтуға қолайсыз сөздерді алмастырып, тыңдаушысына коммуникативтік қолайсыздық тудырмау. Мысалы: *Басына пұшақ бөрік киіп, қолына таяқ ұстаған шоқша сақалдысы - жетпісті мол аралап кеткен адам.*

*Шоқша сақалдының құлағы ауыр ести ме, қалай үшеуі гүлзарды басына көтеріп, алденеге келісе алмай дауласып отыр.*

*О дүниеге аттану кезегі кімге келіп тұр? - дегенді жай бір күнделікті шаруадай-ақ сөз етіп отыр.*

Ендеше, эвфемизмдерді дисфемизмдермен салыстыра қарастырудың қажеттігі сөзсіз. Өйткені, «Дисфемизм – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы тілдік құбылыс. Эвфемизм сөзді сыпайылап әдемилесе, дисфемизм, керісінше, жағымды, жұмсақ мағынаны дөрекілейді» [9, 115 б.]. Сондықтан, эвфемизмдер мен дисфемизмдерді қарама-қарсы құбылыс ретінде қарастырғанда ғана олардың негізгі мәні мен қызметі айқындалады. Сондай-ақ, бұл тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін көтеруге септігін тигізері, тілді тиімді жұмсай білуге үйрететіні даусыз. Мысалы: *Сенің мұндай қоян жүрек, қорқақ, екі жүзді екеніңді бұрын білген болсам... Біреуі аңқау, ақ көңіл,*

скіңшісі момақан, момын келген де, енді үшінші біреуінің тұрлаусыз, екі жақтылау мінезі бар-ды, (Қайсенов Қ. Партизан сокпақтары) деп қолданудағы адамның мінез-құлқын ашу мақсатында контрастық құбылыстарда дисфемизмдер мен эфемизмдердің қызметі айрықша екендігі көрініп тұр. Контекстік мағынада «қоян жүрек» пен «екі жүзді», «ақ көңіл», «момақан» мен «тұрлаусыз», «екі жақтыларды», яғни дисфемизмдер мен эфемизмдерді қаламгер жалпы адам болмысын ашуда өте ұтымды қолданған. Дисфемизмдер мен эфемизмдердің бұл сияқты қатар келуі стильдік алуан түрлі қызмет атқарып, ойды жеткізуде өзіндік бояуымен окшау ганылатын сөздер тобы болып табылады. Мысалы: *Мен орасан тентек едім де, ол жуас еді. Ұлтшылдар зой жұрт қан жылап отырғанда, бұлардың рахаттанып жүргендерін қарашы, – деп Барис оларға кектене қарады* (Қ. Қайсенов Партизан сокпақтары) деген тұстары қаламгердің дисфемизм мен эфемизмдер секілді контрастық құбылыс қолданымдарына енгізіп, жекелеген сөйлемдер құрамында өзара салыстыра шендестіріп, айқын қарсы қойылған мән сипаттарын ұштай түсуде, бұл тілдік құбылыстар ерекше стильдік қызметте жұмсалғаны көрініп тұр.

Эфемизмдерді перифразбен тығыз байланыста қарастыру оның стильдік қызметін нақтылай түсуге мүмкіндік береді. Сөздің келтірінді мағыналары перифраз, метафора, метонимия, синекдоха, сондай-ақ, эфемизм мен табу тәсілдері арқылы да беріледі.

Көп жағдайда бұлар перифразбен тұтасып, органикалық бірлікке айналатындығы зерттеу еңбектерінде қарастырылады. Перифраздардың тілтаным тұрғысынан зерттелуінде эфемистік қолданыстардың орны ерекше екеніне назар аударуға болады. Бұл орайда, Г. Үсенбаева «Перифраздардың тілдік табиғаты» (1996) атты диссертациясында перифраздың тілдік табиғатын қарастыруда метафоралық, метонимиялық, синекдохалық, эфемистік, синонимдік, есімді және етістікті деп бөліп, оларды жіктеп, перифраздың жасалу жолдары мен тәсілдеріне тоқталады. Сондай-ақ, Г. Амандықова «Қазақ көркем әдеби

тіліндегі перифраздар» атты еңбегінде стильдік перифраздың құрылысын, мағынасы мен мазмұнын, қызметін, қолдану ерекшеліктерін – бейнелілігін, стильдік бояуын саралай келе бірнеше топқа бөліп қарастырады. Соның ішінде қызметі жағынан номинативті, эфемистік, стильдік, информативті деп топтастырады. Перифраздың көп қырлы стильдік құбылыс ретінде тілдің мән-маңызын кешенді түрде талдай отыра көркем мәтінде оның әрбір нақты қолданысы түрлі коммуникативтік, информативтік, эстетикалық, эфемистік т.б. қажеттіліктен туған заңды құбылыс екендігіне тоқталады. Соның ішінде эфемистік перифраздар перифраздардың ерекше түрі ретінде айқындалып, эфемистік перифраз мағынасы суық немесе айтуға өрескел саналатын дөрекі сөздерді майдалап, тігісін барынша жатық етіп, келтірінді мағынада қолдану арқылы көрініс табатындығы айқындалады.

Тіліміздегі фразеологизмдердің көпшілігі эфемизмдер негізінде қалыптасқаны белгілі. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердер тіл білімінің күрделі, сан қырлы салаларының бірі. Тіліміздегі фразеологизмдердің көпшілігі эфемизмдер негізінде пайда болатындығы туралы Ә. Ахметовтің «Түркі тілдеріндегі табу мен эфемизмдер» деген еңбегінде фразалық тіркестер сияқты мақал-мәтелдер де эфемистік мағына тудыра алатындығына төмендегідей мысалдар келтіреді, мәселен, тілімізде өлім-жітіммен байланысты фразеологизмдер: дүниеден көшу (өту); ажал аузында; төрінен көрі жақын; тұяқ серіппей өту; қыршынан қиылу; жер қабу; жан тәсілімге таяну; жан беру; күні біту; көрге тығу (кіру); келмеске кету; жүріп кету; жастай кету; жазым болу; демі тоқтау (біту); кара жер алу; о дүниеге сапар шегу; мәңгі ұйқыға кету; құдай алу; үзіліп кету; сағаты біту; топырақ жамылу; шетінеп кету; шырағы сөну; ак кебінге орану; олай-бұлай болып кету; мүрдем кету; жаны пида болу; ажал нәубеті жету; шейіт кету; кара жер төсек болу; көр құшу; көзі жұмылу; көз жазып қалу; аяқтағы суға ағып өлу; жанын жаһаннамаға жіберу, өлі мен тірінің арасында, т.б. [10, 56 б.].



Осы салада зерттеу жүргізіп жүрген ғалым К. Смағұлова фразеологизмдердің ішкі мағыналық ренктеріне назар аударады. «Өлім-жітімге байланысты мағыналас фразеологизмдердің ішімізде сақталған тіркес түрлерінің мазмұндық жағы жалпы болғанымен, ішкі мағыналық формасындағы дифференциациялар қайран қаларлық топтарға жіктеліп кетеді. Қазақ «өлім бар жерде қаза бар» деп ескертеді. Алланың ақ бұйрықты өлімі бар да, кенеттен қапылыста болатын қаза бар. Бір мақалдағы жалпы ұғым осындай лексика-семантикалық ренктермен екі түрлі түсінікпен беріледі. Эвфемистік, кейде дисфемистік тұрғыда айтылған тұрақты фразеологиялық тіркестер қатары соншама мол, әрі сипаттау әдісі де сан алуан» [11, 300 б.] – деп эвфемистік және дисфемистік мағынада айтылатын фразеологиялық тіркестердің орнына тоқталады.

Ғалым Р. Сыздыкова ауызекі әдеби тіл, ауызша әдеби тіл деп екіге бөледі. Ауызекі әдеби тілге қазіргі функционалдық стильдердің ресми, ғылыми, публицистикалық стильдердің ауызша формасын жатқызуға болады. Себебі, ауызекі әдеби тілге Р. Сыздыкова былайша анықтама береді: «Ұлттық әдеби тілдің жазу өнері шыққанға дейінгі үлгісі, сөз өнері хатқа түспей тұрған ерте дәуірдегі елінің қоғамдық-әлеуметтік мүдделерін өтеу үшін тұтынылған, бейнелі, асқақ стильге құрылған сөз саптау үлгісі. Олай болса, ұлттық әдеби тілдің жазбаша түрі шыққанға дейін дамыған түрі бүгінгі ауызекі сөйлеу стилінің негізі болып табылады. Ауызекі сөйлеу стилінде дөрекі сөздер, қарапайым, жергілікті сөздер мен диалекті сөздер жиі ұшырасады. Бөгде тілдік элементтер, орыс тілінен енген сөздер, табу мен эвфемизмдер жиі қолданылады» [12, 23 б.] деп, ауызекі сөйлеу стилінде қарастырып отырған дисфемистік, эвфемистік қолданыстардың жиі кездесетіндігіне назар аударады.

Бұған қоса «табу мен эвфемизмдерді қолдану ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелік болып табылатындығын көруге болады» [1] – деген Ә. Ахметовтің пікірі де эвфемизмдер мен дисфемизмдердің қолдану аясын нақтылайды.

Сондай-ақ, М. Жұмағұлованың «Газет тіліндегі саяси-қоғамдық эвфемизмдер» еңбегінде эвфемизмдердің

публицистикалық тіл жүйесіндегі орнын, қызметін, ерекшеліктерін айқындап зерттеуі эфемия құбылысын танудағы маңызды еңбек деп айтуға болады. М. Жұмағұлова қоғамдық-саяси уәжділікпен (мотивпен) байланысты эфемизм түрлері арнайы зерттелмегендігін айта келе, оларды қоғамдық сананың бір түрі – саяси-құқықтық санамен байланысты қарайды.

Бұлар белгілі контексте әр түрлі стильдік мән тудырады. Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда да тілде бір сөз бір сөзбен алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады.

Ғалым эфемизмдерді зерттеудегі тілдік өріс теориясына негіздей отыра сөздің табу салынған формасын екінші бір формамен ауыстыру коммуникативтік басты принципке қайшы келмей, сөздің табу салынған формасы оның эфемизм формасымен семантикалық бір өріске жататындығын айтып тұжырымдайды. Сондай-ақ, сөздің тыйым салынған формасына эфемистік формасын тудыратын факторлар болып табылатын тосқауыл-цензураның түрлерін және эфемистік формамен алмастырудың мотивтерін айқындап топтастырады: «Белгілі бір сөздің тыйым салынған формасына қойылатын тосқауыл-цензура оның эфемистік формасын тудыратын факторлар болып табылады. Олар атап айтқанда: қоғамдық цензура, әлеуметтік цензура, саяси цензура, идеологиялық цензура.

Сөздің табу салынған формасын эфемистік формамен алмастырудың мотивтері де әр түрлі болып келеді: мифологиялық мотив, діни мотив, моральдық, этикалық мотив, саяси мотив, мемлекеттік құпияны сақтау, ақиқатты бүркемелеу, ақиқатты боямалау, ақиқатты жасыру» [8, 7 б.]. Сонымен бірге эфемизмдердің көркем шығарма тіліндегі орны әлі айқындалмағанмен, көркем мәтінде дәстүрлі түрлері және айшықты түрлері де мол кездесетіндігін және сөздерге эмоционалдық мән беру үшін қолданылатын сөз саптау әдісіне жататындығын айтады. Сондай-ақ, эфемистік қолданыстың

53814

негізгі қызметі сөзді көріктеу емес, сөздің тыйым салынған формасын тыйым салынбаған бейтарап формамен ауыстыру болып табылатындығына баса назар аударады: «Көркем тіл кестесіне енген тілдік элементтердің бәрі де көркемдік-эстетикалық принципке бағынады, яғни дыбыстан бастап сөйлемге дейінгі бірліктер тексттің бір-бірімен астасып жатқан көркем элементтері болып табылады. Эвфемизмдер де солардың бірі болғанмен, сөзді көріктеу емес, эвфемистік мағына беру мақсатында жұмсалады» [8, 118 б.] – деп тұжырымдайды. Алайда кейбір зерттеу еңбектерінде «эвфемизмдер – ойды бейнелеп, көркем түрде жеткізудің негізгі бір тәсілі» деп, эвфемистік мағынаның көріктеу құралы ретінде берілетіндігі де айтылады. Сөздің тыйым салынған формасы табу, эвфемизмдер дегенде, ескеретін – бір мәселе, мұндай құбылыстағы сөздер (сыпайы немесе, тіпті, стильдік мақсат пен тұрпайы болсын) қалай болған күнде де әйтеуір сөз ауыстырту. Ал сөз ауыстыру табиғатына келсек эвфемизмдер тыйым салынғанда емес, көріктеу мақсатын көздеп сыпайылық мән-мағына қолданады деген ғалымдар пікіріне қосыла отырып, табу шын мәнінде, әдет-ғұрып, салт-сана т.б. ықпалымен мүлдем тыйым салынған сөздерді ауыстыру деген пікірлер біздің ой-тұжырымымызға сай келеді деген ойдамыз. Мысалы, қазақ салтында қайнағасының, атасының атын атамау – табу (тыйым салынған), «*жезөкжие*» дегеннің орнына «*көлденең жүрісі бар*» т.б. деп айту тыйым салынғаннан емес, ізеттілікті, сыпайылықты сақтап, тіл мәдениетін ескергендіктен қолданылатын тұлғалар болып табылады.

Эвфемизмдердің қызметі синонимдерді қолданудың бір тәсілі ретінде түсіндіріліп синонимдер сөздігінде мынандай анықтама беріледі: «Мағынасы жағымсыз сөздердің мәнін тыңдаушыларға жеңілдетіп, жұмсартып айту тәсілін тіл білімінде эвфемизм деп атайды. Бұл да тіл мәдениетінің бір тәсілі болып саналады. Мәселен, өсек-аяң дегеннің орнына жаяу почта, ұзын құлақ, сымсыз телефон деп, өтірік сөз дегеннің орнына қоспа деп, өсекші дегеннің орнына жеңіл ауыз деп, пара дегеннің орнына тауыз бастырық деп, ұрлық дегеннің орнына

жиендік деп, картаю дегеннің орнына жасы ұлғаю деп жұмсартып колдана беруге болады. М. Әуезов «Абай жолы» атты романында Абайдың өлімін мынадай эвфемизмдер арқылы бейнелеген «Осылайша айналасы айықпаған сұр тұман, суық заман ішінде ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қыркын беріп болған күннің ертеңінде Абай және қаза тапты. Ұлы кеуденің демі тоқталды. Шөл даланы жарып аққан дариядай игілік өмір үзілді. Сонау бір шақта тасты тақыр, жалтыр биік басына жалғыз шығып, зәулім өскен алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті...», өлді деген жағымсыз сөздің орнына дүниеден көшті, қаза тапты, демі тоқталды, үзілді, құлады, кетті сияктанған эвфемизмдер колданған [13, 311 б.]. Мысалы: 1. *Баяғы ашаршылыққа жел аударған қаңбақтай қаңғып келе жатып, осы араға келгенде, дәм-тұзы таусылған болар.* 2. *Аштықтан бұрлығып, боранда қалып, талай боздақ жан тапсырды ғой (Қ. Жұмадітов).* Табу мен эвфемизмдер ауызекі сөйлеу стилінің сөздік қорынан орын алады. «Табу мен эвфемизмдер – сөздік құрамның лексикасының және семантикалық жағынан баюдың бір жолы» деп Ә.Болғанбаев эвфемизмдерді синоним тудыратын тілдік қатарға жатқызады [4, 55 б.]. Синонимдердің стильдік, коннотативтік, үдетпелік (градациялық) қасиеттері (қызметтері) бар. Синонимдер контексте мағыналық контраст деп аталатын кереғарлық мән тудырып, оның оқырманға тигізетін әсерін, экспрессиясын күшейту арқылы стильдік жүк арқалайды. Мысалы, Көркем туындыларда, ауыз-екі сөйлеу тілінде болсын, «осы ауылдан бай таппағандай, бәленшенің қызы ит өлген жерге тұрмысқа шыққаны несі» деген колданыстағы алыс, тым ұзақ т.б. сөздерді белгілі бір стильдік мақсатта «ит өлген жер», «барса келмес жер» т.б. деп ауыстырып колдану эвфемизмге жатады. Бірақ, жоғарыдағы мысалда ондай сыпайлық мағына біліне қоймайды. Себебі, «ит өлген жер» тіркесі «бай таппағандай» тіркесінің әсерінен градациялық (үстеме) стильдік жүктеме қызметте жұмсалып, адамның теріс көзқарасын білдіру мақсатында синонимдік қызмет атқару нәтижесінде жағымсыз эмоцияда колданып тұр. Негізінен алғанда, күнделікті қарым-қатынаста «иек асты», «таяқ тастам жер», «ат шаптырым жер»

немесе «ит өлген жер» деген фразеологиялық тіркестерде сияқандай эмоция білінбейді де стильдік қолданыстарда эвфемия құбылысына ене алады.

Синонимдерді таңдауда олардың мағына жағынан нақты немесе жалпылық ұғымдарды білдіруін, мағыналық қосымша рөлдерінің стильдік жүк жағынан жоғары (асқак) не төмен (пәс) қызметте жұмсалып қабілеттерін, экспрессиясы жағынан бейтарап немесе әсерлі болып келеді. Қазақ әдеби тілінің нормасы тұрғысынан әңгіме болған әйел, қатын, ұрғашы деген сөздерді енді синонимдік қатарлардың қолданысы жағынан қарастырсақ, қазақ жазба тілінде активтене бастаған кірме араб сөзі әйел деген мен байырғы түркілік ұрғашы синонимін көбінесе «әйелзат, әйел атаулы, әйел жынысты» деген мағынада жұмсайды.

Ж. Есімова «Қазақ тіліндегі эвфемизмдер: естірту, көңіл айту сөздері» атты еңбегінде қазаға байланысты қолданылатын естірту мен көңіл айту сөздерінің эвфемистік сипатын тілдік тұрғыдан қарастырып, оның табиғатын ашудағы ерекшеліктерін саралайды. Яғни, автордың зерттеу еңбегінде қазақ тіліндегі естірту мен көңіл айту сөздерінің эвфемистік мәнін аша отырып, қазақ мәдениетінде қазаға байланысты қолданылатын этикеттік белгілер көрсетіледі, коммуникативтік жағдай, стратегия мен тактика қолданысы анықталады, діни ұғымдардың лексика-семантикасына талдау жасалады, көркемдік сипаты, наным-сенімге қатысы талданады, лингво-психологиялық тұрғыдан бөріделенеді, гендерлік сипаты сараланып, диалектілік ерекшеліктері көрсетіледі.

Сондай-ақ, эвфемизмдер сакральды лексикаға жатқызылып қарастырылады: «Сөздік магия формаларының бірі ретіндегі табу және эвфемизм сакральды сөздердің магиялық күшіне деген сеніммен өзара байланысты» деп, оның себебін былай түсіндіреді: «Тыйым (табу) сөздердің әр түрлі разрядтарын, сондай-ақ эвфемизмдерді біз сакральды лексикаға жатқызамыз, себебі олардың пайда болуы мен қалыптасуы сөздің магиялық күшімен аталатын нысаналардың (денотаттардың) сакральдығына (киелілігіне) деген сенімге

негізделген» [14, 25 б.] – деген пікірді де ескерген жөн. Бірақ, эвфемизмдерді бүтіндей сакральдық құбылысқа негіздеудің өзі, біздің зерттеуімізше, асығыстық пікір деген ойдамыз. Мұның басты себебі, айталық «ұзын құлақтан естүімізше» (өсекшілерден) дегенде қандай мағына бар, бұл жерде тіл мәдениеттілігі бірінші орынға қойылып отыр. Сондықтан магия немесе сакральды лексика дегенді біз сенімді түрде табу құбылысына қатысты мәселелер ретінде танимыз. Айталық, *қасқыр шаптасын, жылан шақпасын* деген сенім түсініктерден бірін – «ұпыма», екіншісін – «түйме» деп атау – аса магиялық күштен сактанғандық деп түсіндірілетін табулар. Бұл мәселе эвфемизмдер тілдің көріктеу сипатына негізделген, басым көпшілігінде эмоционалды-экспрессивті сөздер деген ғалымдар пікірлерін дәлелдей түседі. Сондықтан энциклопедияда эвфемизмдер әдептілікке, сыпайылық максатты көздеп: «Ол тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың бірі...» [15, 464 б.] – деп тұжырым жасалған. Мысалы: *Жүдеген құ сүйек дене қимылдан қалды, үш ай бойы азап шеккен шыбын жан мәңгілік мекеніне кетті* (Қ. Қайсенов. Партизан сокпақтары) деген баласынан айрылған әкенің кісі өліміне байланысты қанша жұмсақ, қанша ізеттілік, сыпайылық сақтағанымен жан тебіренерлік қолданыс екеніне ешкімнің де дауы жоқ шығар.

А.З. Салихова эвфемизм құбылысы қазақ тіл білімінде де зерттеліп жүргендігін және комизм тудыруда өзге тілдердегідей, қазақ тілінде де бұл тәсілдің кездесетіндігін көрсетеді. Халық ұғымында үлкенді сыйлау, ата-ене, қайынаға, қайынапа т.б. туыстық атауларға байланысты атын атамай кішілік таныту ежелден бар дәстүр екендігіне тоқталып: «Ұлттық санаға байланысты қалыптасқан қолданыстар тіл табиғатында кездесіп отырады. Сырқаттың ауруын айтуда эвфемизм диалогқа комикалық реңк беріп тұр. Комизм мәтінінде келіп, эвфемизм сөздер көп нәрсені, өмірдегі кейбір келеңсіз жағдай, жағымсыз әдеттерді сықақтайды» [16, 19 б.], комика тудырудағы эвфемизм сөздердің қызметін санамалайды да: «Сөздің ауыспалы мағынасы сөйлеу ситуациясында көрінеді және жеке

(индивидуальный) сөйлеуде де көрінеді. Негізгі принциптеріне қарай сөздің ауыспалы мағынасын теңеу, метафора, эвфемизм т.б. комика тудырудағы тілдегі өзге де құралдар жатады» [16, 17 б.] деп тұжырымдайды.

Сондай-ақ, ирония мақсатында контекст арқылы эвфемистік мағынаның берілуін кездестіреміз. Мысалы, *Түтінге ұстылған, тек жоғарыдағы партия, совет қызыметкерлері ұшпа жейтін ерекше қазыға қайтадан қол создық. Мысалы, – Жер таянғанша жөн білмейсің, сәмпііп өзің келгенше, жібермедің бе алгі «Жібегіңді!»* (Беласқан. Повестер жинағы).

«Бейресми есімдер тобын құрайтын лақап аттардың тууына түрткі болатын негізгі себептердің бірі – этникалық көріністер. Халқымыздың әдет-ғұрпына, наным-сеніміне, салт-санасына байланысты қалыптасқан тілдік табу және эвфемизм деп аталатын құбылыстардың тіліміздегі этникалық көріністері: ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрге және әр түрлі наным-сенімдерге байланысты болып келеді. Қазақ әйелінің ерін, оның туған-туысын есімдерімен атамай, әрқайсысының өзіне лайық ат қоюы (ат тергеу) – табу құбылысының тамаша бір көрінісі» [17, 11 б.] – деп, эвфемистік қолданыстарды этникалық көрініс ретінде қарастырылуы да эвфемия құбылысының бір ерекшелігі деп айта аламыз.

Эвфемия құбылысы көп қырлы және өте күрделі тілдік қабат. Көркем әдебиет стилінде эвфемистік мағынаның қолдану ерекшеліктері мен қызметін, аясын зерттеу осы құбылыстың тағы бір қырын ашуға көмектеседі.

Эвфемизмдерді жалпы тілдік, жалпы әдеби тіл аясында қарастыру қажет етеді. Ал бұл құбылыстың функционалдық стильдерде қазақ тіл білімінде қолданылуы әлі толық қарастырылмаған мәселе.

Қорытындылай келе, мынандай тұжырымдама жасаймыз:

1. Эвфемизмдер мен табудың бірлігі мен айырм белгілері бар. Себебі, табу әртүрлі түсінік – нанымдарды сыпайылап жеткізуді ұстанады.

2. Тіл біліміндегі эвфемизмдер перифраз нәтижесінде дүниеге келген тілдік құбылыс.

3. Эвфемизмдер синоним тудыратын тілдік қатарға жатқызылады.

4. Эвфемизмдердің пайда болуына бір жағынан салт-санаға, дәстүрге алуан түрлі лақап аттардың қажеттілігінен туындап отыр.

5. Эвфемизмдер түрлі жанрлардың стильдік түрлерін туғызу үшін де қажет (комизм, сарказм, ирония т.б.).

## **1.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ДИСФЕМИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Күнделікті қарым-қатынаста анайы, анайылық сөздері сыпайы, сыпайылық сөздерге қарсы мағынада қолданылып, тұрпайы, дөрекі сөздермен мәндес болып келеді. Яғни, тұрпайы мағыналы дисфемизмдер сыпайы мағыналы эвфемизмдерге қарама-қарсы құбылыс түрінде айқындалады. Эвфемизмдерге сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған сыпайы, биязы, жағымды сөздер, ал дисфемизмге дөрекі, тұрпайы, әдепсіз сөздер жатқызылады. Эвфемизмдер әдепті, дұрыс жұмсалған әдеби тіл нормасы үлгісінде қолданылса, дисфемизмдердің басым көпшілігін әдеби тілдің үлгісіне жатпайтын, қарапайым сөз түрінде ұшырасады. Негізінен жаратылыс атаулы нәрсенің бәрі қарсы мәнде түзіледі, өмірдің өзі де толып жатқан қайшылықтан тұратынын жоғарыда ескерткеніміз сияқты сөз қолданыстарында, мағыналарында да болсын қарама-қарсы мән-мазмұнынан тұратыны да түсінікті. Тіл білімінде мұндай құбылыстар эвфемизм, дисфемизм деген терминмен беріледі. Дегенмен дисфемизмдер тұрпайылық мағынада жұмсалынғанымен, дисфемизм атаулының бәрін әдеби тілдік нормаға жатпайтын дөрекі сөздер ретінде қарастыру қайсыбір тұстарда ұтымды пікір бола бермейтінін зерттеудің өзі көрсетіп отыр. Айталық, ақымақ адамды осы сөздің тура мағынасында «ақымақ» деп атау немесе психикалық ауруға ұшырағанды «жынды», тіпті емдеуші орындарды «жындыхана» деудің тұрпайылық мағынасына қарамастан, ешқандай айыбы жоқ әрі мұндай сөздер сөздіктерде



көрсетілгендей әдеби тілдік нормадағы тура мағыналы сөз деп, еніп салуы – құптарлық жағдай. Әрине, мұндай сөздердің (дөрекі, тұрпайы) эвфемистік қолданыстары бары тағы белгілі. Бірақ қосуларда, түрлі жиналыстарда, сот процестерінде «оңбаған адамды» «оңбаған» деп қолдану да күнделікті тәжірибеде ұшырасып отыр. Бұл сөз жоқ, дисфемистік қолданыс ретінде қабылуына келісуге болады. Бұл жердегі басты мәселе негізінен жағымсыз эмоция тудыратын дисфемизмдер атаулының бәрін әдеби қолданыстан шығарып тастау керек пе, жоқ па деген мәндік мәселеге тіреліп отыр. Әрине, дисфемизмге жататын кайсыбір тұлғалар, қолданыстар да жеткілікті. Әдеби нормаға жатпайтын дисфемизмдер эвфемистік тұрғыда қолдануға бола тұра түрлі жағдаяттарға, стильдік қызметке байланысты және сөздердің ауыс мағынада тұрпайылық мәнде қолданылған тұлғаларды, сөздерді дисфемистік құбылыс ретінде тануға болады деген ойдамыз. Мысалы, ақсақ (әдеби нормадағы сөзді) қасақана, кемсіту мағынасында «шойнақ» деу әрине сөз жоқ дисфемизмге жатады. «**Керең адамды**» жағымсыз эмоция тудыру үшін табиғи кемшілікті бетке басып «кенде» деп атап, дисфемизмдік құбылысқа жатқызу – дау тудырмайтын нәрсе.

«Сөйлеу тілінің қарапайым түрінің лексикасының құрамына көбінесе қарапайым, тұрпайы сөздер және диалектизмдер мен кәсіби сөздер еніп, бұлар, әсіресе, алдын ала қауіпіндіксіз, кенеттен сөйлегенде қолданылады [18, 17 б.].

Сөйлеу стиліне, яғни сөйлеу тілі лексикасына тән ондай сөздерге қарапайым сөздер, табу, эвфемизм, диалектизмдер және кәсіби сөздер жатады.

Қарапайым сөздер кейде публицистикалық стильден де айқалады. Бұлардың эстетикалық, эмоционалдық, әсіресе, бейнелілігі көркем әдебиет стилінде ұтымды келеді.

Дисфемизмдер туралы құнды пікір айтқандар Ғ. Қалиұлы мен Ә. Болғанбайұлы. Олар дисфемизмге былайша анықтама береді: «Дисфемизм, какофемизм – тілде әдепті сөзді әдепсіз (дөрекі) сөздермен ауыстырып айту. Дисфемизм мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс. Белгілі контексте жөнімен дұрыс жұмсалған сөзді мағынасы неғұрлым дөрекілеу

сөзбен алмастыру – сөзді ауыспалы мағынада (троп) колданудың бір жолы» [4, 27 б.] – деп, дисфимистік колданыстарды ажырататын тұстарын айқындап көрсетеді.

Белгілі тіл білімінің маманы Б. Сағындықұлы: «Дисфемизм тәсілімен сөз қолдану – мағынасы жағынан эвфемизмге карама-қарсы тілдік құбылыс, соңғысы сөздің ұғым-түсінігін сыпайылап әдемілесе, алдыңғысы керісінше жағымды мағынаны дөрекілейді, қатайтады. Күнделікті өмірде, әдеби колданыста жағымды, сыпайы әдепті сөздерді дөрекі, анайы сөздермен ауыстырып қолдану тәсілі тіл білімінде дисфемизм деп аталады. Дисфемизмдер көркем шығармада көбіне ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде кейіпкерлер тілінде беріледі. Сол арқылы әр жазушы өз қаһармандарының мінез-құлқын, білім дәрежесін, іс-әрекетін бейнелейді, шынайы образын жасайды» [5, 99 б.], – деп сипаттайды. Дегенмен де дисфемизмдер тек сөз ауыстыру немесе қолданыс нәтижелерінен ғана емес, қайсыбір сөздер табиғатынан да тұрпайы мәнді болып келе беруі де дисфемизмдер қатарын құрайды. Айталық, «*жесқұрын*» деген дөрекі мәндегі сөз күнделікті тұрмыста қолданыла беретін, әрбірден соң үйренішті тұлғаға айналып отырғанын ешкім де жоққа шығара қоймас. Сондықтан дисфемизмдер ол баста-ақ дөрекі тұрпайы мағыналы және белгілі бір мақсатпен стильдік қолданыстар көмегімен сөз ауыстыру нәтижесінде пайда болғандар деп екі топқа бөліп қарастырғанды жөн көріп отырмыз.

Қазақ тіл білімінде қарапайым дисфемизмдер сөздердің құрамында қарастырылып, тұрпайы мағынада қолданылатын сөздер ретінде беріледі. Ғалым Т. Пірімбетов «Просторечное слово в современном казахском языке» деген еңбегінде қарапайым сөздерді арнайы алып зерттеп, бұл стильдік топтың басқа сөз топтарынан ерекшелігін, мағыналық қызметін, басқа да айырмашылығын айқындап сипаттайды: «Просторечные слова относятся к одному из сложнейших языковых явлений и потому в их отношении и по сегодняшний день существуют различные точки зрения. По нашему мнению, лексически

оформления, которые мы относим к просторечным словам, отличаются следующими природными особенностями:

а) являются элементами разговорной речи;

б) не регламентированы литературными нормами;

в) имеют свои литературные адекваты;

г) просторечные элементы общедоступны, ими пользуются все слои общества;

д) просторечную лексику составляют преимущественно экспрессивные, эмоционально-окрашенные, оценочно-характерологические слова с заведомо грубыми значениями;

е) функционально просторечие употребляется с целью унижения, обесценивания объекта с тем, чтобы нивестить речь до уровня, обесценивания объекта с тем, чтобы нивестить речь до уровня заниженного стиля» [19, с. 26] деп айкындап көрсетеді. Автор еңбегімен танысу барысында сөйлеу тілі элементтерінің бірі ретіндегі карапайым сөздер тұрпайылық мәніне карап дисфемия деген үлкен тілдік құбылыстың бір көрінісі екенін дәлелдеп көрсетеді. Бұл дисфемизмнің тілдік табиғатын анықтау барысындағы біздің зерттеу нәтижесімен сай келіп отыр. Себебі, карапайым сөздер де тұрпайы мәнді қолданыстар ретінде дисфемизм құбылысына енеді. Мысалы, автор көрсеткеніндей әйел, жолдас дегеннің орнына «катын» деп қолдану – карапайым дисфемизм. Дегенмен, карапайым сөздер әдеби тіл нормасынан тыс тұрған, тілімізде өз алдына лексикалық топ құрайтын гүлгалар ретінде қарастырылғанымен, карапайым сөз атауларының бәрін дисфемизмге жатады деп біржақты пікірге келу де, әлі де болса бұл мәселе жөнінде тереңдей зерттеуді қажет етеді. Себебі, мына секілді: «домалақ қағаз» – арыз, «кәдуескі» – кәдімгі, «кыл мойын» – арақ т.б. карапайым гүлгаларда тұрпайылық немесе дәрекілік мағыналар болмағандықтан дисфемизм құбылысына жатпайтын сөздер деп сенімді түрде айта аламыз. Сондықтан, зерттелу нәтижелерден байқалатын тілдік заңдылық – қалай болған күнде де әдеби нормаға жатпайтын сөздердің (карапайым, ваваризмдер, жаргонизм, диалектизмдердің т.б.) дәрекі немесе тұрпайылық

мағыналары болмаса, дисфемизмдер қатарына жатқызуға болмайды деген пікірімізді негіздеп отырмыз.

Сондай-ақ, зерттеуші қарапайым сөздерді сөйлеу тілінің басқа да дөрекілік сипаты бар элементтерінен ажырату үшін (әңгіме сол туралы болып жатқанын көрсету мақсатымен де) тұрпайы сөздер деп атап, мына секілді анықтама береді: «қарапайым сөздер деп, сөйлеу тілі элементі ретінде келіп жалпы халыққа түсінікті әрі әдеби нормаға жатпайтын, сөз мәдениеті төмен адамдарда кездесетін, басым көпшілігі тұрпайы болып келетін экспрессивтік-эмоционалдық ренкі бар сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды атау қажет. Қарапайым элементтер әдеби тіл үлгілерінде қолданылғанда, көбінесе стильдік қызмет атқарады» [20, 9 б.]. Автор қарапайым сөздерді тұрпайы мағынада қолданылатын сөздер санатынан қарастырады. Осылайша қарапайым сөздерді сөйлеу тілінің басқа да дөрекілік сипаты бар элементтерінен: жаргон, арготизмдерден, диалектизмдерден ажырататын ерекшеліктерін айқындап көрсетеді және вульгаризмдерді вульгарлық-қарапайым элемент ретінде қарастырады. «Қазақ тіліндегі вульгаризмдер деп жүрген сөздеріміз қарапайым сөздер лексикасына жататын элементтер болып табылады. Себебі, бұл екі элемент те сөйлеу тіліне жататын әрі әдеби нормаға сай келмейтін тұрпайы сөздер, сонымен қатар, екеуінің де әдеби варианттары бар экспрессивтік-эмоционалдық сөздер секілді қарапайым сөздердің барлық қасиеттері болуында. Тек вульгаризмдер деп аталуының бір себебі – бұл сөздердің тұрпайы мағынасының басым әрі экспрессивтік-эмоционалдық бояуының күшті болып келуінде» [20, 14 б.] – деп, вульгаризмдерді тұрпайылық мағынасы басым болып келетін қарапайым элементтердің бір көрінісі ретінде түсіндіреді. Ал вульгарлық-қарапайым элементтердің өзіндік ерекшеліктерін былай анықтап сипаттайды: «Вульгарлық-қарапайым элементтердің тұрпайылық мағынасы басым болғандықтан, вульгаризмдер сөйлеу тілінде болсын, көркем шығармаларда кездессін кеміту, жек көрушілік, менсінбеу секілді төменгі стиль дәрежесінде персонаждар тілінде кездеседі. Бұлар көпшілігінде

өзін тілде бар сөздердің баламасы ретінде келеді» деп негізгі ерекшелігін атайды. Сондай-ақ, басқа да белгілерін атап көрсетеді: «Екіншіден, вульгаризмдердің бір тобы әдеби варианттары бола тұра, төменгі стиль дәрежесін туғызуда адамдардың дене мүшесіндегі кемшіліктерді, сол секілді мінез-құлықтағы, ой-өрісіндегі т.б. олқылықтарды кемітіп-мұқатуда, мааниек етуде қолданылады. Үшіншіден, вульгаризмдер – тікелей эмоциялық мәні, яғни адамның ренжу, өкіну, ашуланғандағы көрі (отрицательный) эмоцияны білдіретін тұрпайы мәні мейлінше басым болып келетін абстрактілі сөздер» [20, 14 б.]. Түп білімінің маманы Т. Пірімбетовтің вульгарлық-қарапайым элементтердің өзіндік ерекшеліктерін анықтаудағы ой-тұжырымдары тұрпайы, дөрекі сөздерді толық тануға негіз болады деген пікірдеміз. Ғалымның вульгарлық-қарапайым элементті дисфемизм деп атамай, тұрпайы сөз деп көрсетуін де қолдауға болады [20, 14 б.]. Орыс тіл білімінде де тұрпайы мәнді сөздер қарапайым элементтердің құрамында қарастырылып сипатталады: «Элементы просторечия, т.е. просторечные слова, обычно принимаются как грубые, низкие. Это связано прежде всего с сужением и снижением сферы употребления просторечия, утратой им прежности. Но сама функция просторечия – быть средством обиходно-бытового общения способствовала укреплению в его составе лексики конкретно-бытовой, имеющей оценочный характер, лексики эмоционально выразительной. За свое длительное существование просторечие впитало много ярких, выразительных, образных слов и оборотов, возникших в живой, непринужденной народной речи, которые тщательно отобранные и обработанные писателями придают литературному языку яркость, живость и выразительность» [21, с. 35]. Яғни, тұрпайы мағыналы сөздердің қарапайым сөйлеу тілінің элементі екеніне көз жеткізуге болады. «*Көп сөйлем, сөзіңізге ие болыңыз*» дегеннің орнына «мылжыңдама», «былшылдама», «оттама» деу дөрекі мәнді қарапайым сөз болса, бұл сөздер мағынасын одан сайын дәрежелендіріп, эмоциялық бояуын мейлінше қоюландырып әрі экспрессиялық мәнді күшейту мақсатында «к... қыс» деу әрине

вульгаризмдік құбылысқа жатады. Мұнан өзге кісі намысына тиетін, ар-ұятты аяққа таптауда сөйлеу тілінде түрлі дене мүшелер қатысымен келген дөрекі сөздер тобын құрайтын анайы сөздердің де бары белгілі. Мұндай сөздерді вульгаризмдік дөрекілік мағынадан да күшейтіліп колданылатындықтан, олар анайы сөздер (бранные слова) деген терминмен аталады. Біздің пікірімізше, мұндай дөрекі, тұрпайы мәнді сөздер дисфемия құбылысына жататын дисфемизмдердің әр қырынан көрінетін тілдік тұлғалар деген қорытындыға келдік. Бұл пікірімізді қарапайым, вульгаризм, анайы сөздердің тұрпайылық мағыналары негіздеп отыр. Мына мысалдарға көңіл аударалық. *Тоғайәлі. Кің..., кің... қураған, саған жолымда тұр дептін бе?! Жаңыл. Қайдағы жол, теуіп құлаттың да, сирағымды таптап өттің. Тоғайәлі. Жә, ырбимай қолыңды соз... Ұста мына таяқтан.* («Замандастар» повестер жинағы). *Кәрім. Айтсам, осы келгенде тура кеңседен шықтым. Қапиза. Ысқыртпа! Қайдан шыққаныңды мен білмейді деймісің. Кәрім. Нанбасаң, Зәкеңнен сұра.* (А. Шамкенов «Бір махаббаттың сыры») – *Сұрамағанда ше? Және бір қызық қылғанда бар кірпіштеріңді қазір мен әкетем де, сенің ауызың ырсияды да қалады.* (К. Тілемісов «Азамат» повестер жинағы). *Қыз болмай қызыл итке міңгескір, салдақықар, көрсетейін тойды, тойшысының көк шұнақтың [22, 450 б.]. – Ырылдатпа, ырылдатпашы анау көзің ойылғыр жетімекті!* – деп, *зекіп тастап, долы бәйбіше есікке қарағанды.* (Әуезов М. «Абай жолы» роман эпопеясы). *Немесе: – Әлгі салдақы қар қайда? – деді.* (Р. Өзбеков «Мәскеуіш» әңгіме). – *Ол тұқымыңды ұрайындарды өзім құып жетіп, көк желкелерін қимасам, атым өісін! Не оларға серт, не маған серт!* (С. Жүнісов «Заманай мен Аманай» повесі). *Енді келіп тантып тұрғанын көрдің бе?! Қамшысын сығымдай ұстап, шақшия қарады:*

– *Дүниенің боқтығын илеген мына сенің де, шұп-шұбар сені шығарған зауыттың да дәл әкесінің аузын... ! – деді қалшылдап* (Өзбеков Р. «Мәскеуіш» әңгіме) деген т.б. көркем шығармалардан мұндай мысалдарды тізе беруге болады. Көркем шығарма туындыларында қиыннан қиыстырылған әдемі,

бейнелі сөздер қаншалықты керек болса, дәрекі тұрпайы мәнді дисфемия құбылысына жататын қарапайым, вульгаризм, анайы сөздер де сол дәрежеде контрастық тұрғыда қаламгердің еріксіз қолдануына қажет болып отырғанын көріп отырмыз. Себебі, көркем туындылардағы әрбір кейіпкер – өмір адамдары. Олардың қоғамдағы алатын орны, мінез-құлықтары, тіл мәдениеттері де сан алуан. Соған орай қаламгер де аузына сөз салады. Айталық, өзі сауатсыз, амалдың жоқтығынан қолына жаңадан билік тиген, дәрекі мінезді Тоғайәлінің «қураған», «ырбима» бірі – қарғыс, бірі – «тыныштал» деген мағынадағы тұрпайы мәнді сөзді қолдануы заңды, әйтпесе бұл кейіпкер сенімсіз болар еді, ал мінезі жеңіл әрі ұрсуға бейім тұратын Қапизаның өтірік айтпа деудің орнына «ысқыртпа» қарапайым сөзін қолдануында қаламгердің емес, әрине Қапизаның мінез-құлқына лайықты алынып отыр.

Жазушы өмірді тікелей көшіре салмай, көркем туындылары тіршілік тынысты бейнелі де тартымды әрі оқырман қабілетін ескеріп, мүмкіндігінше шынайы суреттеуге тырысады. Бұл оңай шешіле қоятын іс емес. Әлемге танымал, алып жазушы М.Әуезовтің өзі ауылдағы ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, маңайына кісі жуытпайтын бәйбішенің болмысын шынайы түрде жеткізу мақсатымен кейіпкер тілінде «ырылдатпа» (жылатпа), «көзі ойылғыр» қарғыс «жетімек» сөзін тіркестіріп, күрделі фразеологиялық дисфемизмді еріксіз қолданып отыр. Әрине, мұндай сөздердің эфемистік қолданыстары бары белгілі болғанымен, онда көркем туынды өз міндетін атқара алмаған еді. Сол секілді жазушы Р. Өзбеков те күр кеуде, құмарлықты жақсы көретін «интеллектсымақтарды» сынап адвокат аузына «салдақықар» (жезөкше) сөзін салуы, сол секілді дүниеқор тілінде «тұқымынды ұрайын» (оңбаған), «көк желкесін қию» (жазасын беру), «тантып тұру» (өтірік айту), «дүние боктығын илеген» (дүние жиған), тіпті оның қандай адам екенін көрсету үшін «әкесінің аузын...» деген анайы сөзді дисфемизмді салуы – бәрі де өмірдің шынайы көріністері. Сонда дисфемизмдер орынды қолданыс жағдаяттарында көркем

шығармаларда көркемдегіш құрал бола алатынына көзіміз жетіп отыр.

Қазақ тіліндегі дисфемизмдер туралы үлкен мәселе көтеріп оның сырын ашуға ат салысқан тілші мамандардың бірі А.Е. Мамаеваның «Қазақ тіліндегі дисфемизмдер» [23] тақырыбына жазған кандидаттық диссертациясында (2008) қазақ тіліндегі дисфемизмдер зерттеу нысанына алынып, өзіне тән белгілері анықталады, тілдік ерекшеліктері сипатталады. Сондай-ақ, дисфемизмдерді жұмсалу сипатына қарай тұрақты (жалпыхалықтық) және контекстік (жеке қолданыстық) болып екіге бөліп қарастыруға болатындығы айтылады. Яғни, дисфемизмдердің өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері айқындалып, басқа лексикалық, стильдік топтармен қарым-қатынасы, жігі ажыратылады, жасалу жолдары көрсетіледі. «Күнделікті өмірде, әдеби тілде жағымды, сыпайы, әдепті мәнде қолданылатын сөздерді белгілі бір стильдік мақсатты саналы түрде дөрекі, тұрпайы, анайы мәндегі сөздермен ауыстырып қолдану тәсілін тіл білімінде дисфемизмдер деп атайды. Дисфемизм негізінде туындаған сөздер тіл-тілде өз алдына стильдік топ құрайды. Дисфемизмдердің әдеби тілдегі тура мағыналы баламасы өзге лексикалық, стильдік топтардан ажырататын, бөлектейтін басты айырым белгі болып есептеледі. Әдеби тілде тура мағыналы тұрақты баламасы бар дөрекі, тұрпайы, анайы т.б. мәндегі сөздердің тобы дисфемистік қатар деп аталады» [23, 118 б.].

Ш. Мұхамеджанов сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуының бір тәсілі ретінде дисфемизмдердің комикалық рең туғызу мақсатындағы қызметін көрсетеді: «...Эвфемизмге қарама-қарсы сөздердің жағымсыз мағынада қолдануын какофемизм деп атаймыз. Какофемизмдер, әсіресе сатиралық комизмдік мақсатта жазылған шығармаларда стилистикалық тұрғыда көп қолданылады. Бұл да адамға байланысты кемшіліктерді сынау, сықак ету арқылы тәрбиелік мақсат қою процесіндегі тілдік құрал» [24, 154 б.].

Сонымен қатар, дисфемизмдерге байланысты тікелей айтылған көзқарастар мен пікірлерді орыс, ағылшын тілі



мамаңдарының еңбектерінен кездестіруге болады. Э. Мұнатаева: «Дисфемизмы призваны заменить стилистические нейтральные слова и выражения в коммуникативно-прагматических целях на стилистические более сниженные единицы языка. Дисфемизмы существуют во всех языках и образует тем самым языковую универсалию. Он представляет интерес для разных наук: онографии, лингвистики, этнолингвистики, лингвострановедения, лексикографии, межкультурной коммуникации. Дисфемизм – этнолингвистическое понятие которые занимает определенное место в языковой культуре разных народов. Дисфемизмы является одним из продуктивных способов, обогащающих словарный состав языка с лексико-семантической значимости. Он выполняет особую роль в изменении значения слов и их развития. Слова, которые употребляют с целью дисфемизации выходят из своих прежних значений и приобретают другое значение. Вследствие порождает множество неологизмов» [25, с. 15], – деп дисфемизмдерді сөздік құрамды толықтыратын өнімді тәсілдердің бірі ретінде қарастырады. Тіліміздің сөз байлығы бірден-бірге ауысып, бүгінгі дәуірге дейін келіп жеткен мол қазына, асыл-мұра екендігі баршамызға аян. Яғни, дисфемизмдер де ұлт өмірінің айнасы, тұрмыс-тіршілігінің рухани мәдениетінің куәсі бола алады деген тұжырым жасауға болады.

О.В.Обвинцеваның «Дисфемизм традиционно считался синонимом слова «оскорбление», однако, в настоящее время в работах по исследованию этого явления утверждается, что дисфемизм – это нечто большее, чем просто нарушение правил коммуникации. Любое слово становится дисфемизмом, как и эвфемизмом не потому, что обладает соответствующими и изначально присущими слову качествами, а из-за использования его в качестве замены другого термина. Будет ли слово считаться эвфемизмом или дисфемизмом зависит от ситуации общения» [26, 37 б.] – деген тұжырымынан дисфемистік мағынаның пайда болуын белгілі бір жағдаятпен байланысты қарастырылатынын байқаймыз.

Сонымен зерттеу еңбектерін саралай келе, жұмысымызға негіз болатын тұжырымдардан, дисфемизмдер тұрпайы мағынада қолданылатын қарапайым сөйлеу тілінің лексикасына жататындығын анықтадық. Дисфемизмдер көркем шығармада көбіне ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде кейіпкерлер тілінде қолданылады. Дисфемизм тәсілімен сөз қолдану – мағынасы жағынан эвфемизмге қарама-қарсы тілдік құбылыс, белгілі бір сөздердің тұрпайылануы қарым-қатынаста әртүрлі жағдайымен байланысты болатындығы айқындалады.

Қорытындылай келе, мынандай тұжырым жасаймыз:

1. Дисфемизмдер эвфемизмдерге қарама-қарсы тұрған тілдік құбылыс бола тұра, төменгі стиль дәрежесін туғызу үшін қолданылады.

2. Дисфемизмдер құрамына сөйлеу тілі элементтері (қарапайым сөз, вульгаризмдер, анайы сөздер т.б.) енеді.

3. Дисфемизмдер көркем шығармаларда әртүрлі стильдік троп пен фигуралар дәрежесінде қолданып, образдарда көркемдегіш құрал ретінде пайдаланылады.

4. Дисфемизмдердің эвфемизмдерден айырмашылығы – дисфемизмдер кейбір стиль түрлерінде ғана қолданысқа түседі.

### КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕР МЕН ДИСФЕМИЗМДЕРДІҢ ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

#### 2.1 КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІ ЖӘНЕ ЭВФЕМИЗМДЕР МЕН ДИСФЕМИЗМДЕР

Қоғам өмірінің барлық қырларын жан-жақты көрсететін көркем әдебиет тілінде тілдің барлық құралдары (диалект, жаргон, кәсіби лексика, қарапайым сөйлеу тілі т.б.) авторлық баяндаудан гөрі кейіпкер тілінде оның көркем бейнесін ашуда қолданылады. Міне, осындай көркем және көп құрамдылығы арқылы көркем әдебиет тілі басқа стильдерден ерекшеленеді.

Академик М. Серғалиевтің: «Көркем әдебиет тіліне тән ерекшелік – оның көп стильдігі. Мұның мәнісі – көркем әдебиет шығармаларында басқа функционалдық стильдердің элементтері кездесіп отырады деген сөз. Қандай да көркем туындының (әсіресе, прозаның) көп кейіпкерлерден, оқиғалардан тұратынын ескерсек, тілдік құралдардың да көп түрі пайдаланылатыны белгілі» [27, 175 б.] – деген ғылыми пайымдауына сүйене отырып, көркем проза фразеологизмдерінің әр түрлі стильдік ренкте қолданылатынын айта кету орынды деп санаймыз.

Көркем проза көркем әдебиет стилінің жан-жақты ашылатын, барлық қырынан көрінетін ерекше жанрлық түрі болғандықтан, көркем әдебиет тіліндегі барлық формаларды көркем прозадан кезіктіруге болады.

«Көркем әдебиет үшін әрбір сөздің, әрбір сөз тіркесінің, әрбір сөйлемнің былайғы оқырмандар байқай бермейтін мағынасын аша білу, белгілі бір мақсатқа сай сөзді тосын қырынан сөйлете білу, сөйтіп, сөз мағынасының «күнгейі мен коленкесін айыра білу ерекше роль атқарады» – деп көрсетілген [28, 143 б.]. Автор пікірінің әсіресе ауыс мағыналар негізінде көркем шығармаларда эвфемизм мен дисфемизмдерге тікелей қатысы бар. Көркем әдеби тілде бұл екі тілдік құбылыстар

адамның түрлі ойларын; реніш пен өкініш, ішкі күйзеліс т.б. секілді сан қырынан әрі астарлы да мәнерлі немесе керісінше контрастық мәнде суреттеуде таптыртпас құрал қызметін атқарады. Нақты адамға, нәрсеге арнаудан өзге эвфемизмдер мен дисфемизмдер автор айтқандай өмірдің күнгейі мен көлеңкесін контекстік мағыналарда табиғат, жер, ана, махаббат пен зұлымдықтарды әдемі, астарлы да мәнерлі жеткізе алады. Мәселен, партизан жазушысы К. Қайсенов шығармаларында: «Махаббат – жұп жүректің пейіші, тәңірісі де», «ажал – тәңірдің тұзағы», «қорқақтық – жүректің соры», «соғыс – ажал ошағы», «тәуекел – жүрек шешімі», «соғыс – зор апат» (К. Қайсенов «Партизан сокпақтары») деп көркем бейнелі эвфемизмдер берілсе, адамзат тағдырына әсер еткен фашизмдердің зұлмат алапаттарын: «... *немістер тірідей көмген әке-шеше, аға-іні, қарындастарының зиратын көрді. Тоналған елді, үй орнына күл болып қара топырағы ғана қалған жерді көрді. Панасыз жүрген ананы, анасыз жүрген баланы көрді.* Міне, фашизмнің осындай ланынан жер қан сасып жатты (К. Қайсенов «Партизан сокпақтары) деген сұрқия көріністі дисфемизмдік тіркестерімен әрі «көрді» баяндаушының сөйлем соңында эпифоралық қайталау арқылы ойын шегелей түйіндеп оқырман қауымның көз алдына сол бір Отан үшін, ел үшін өте ауыр жылдарды шынайы түрде көз алдына елестеді. Осы мәтіндердің көркем шығармада әсерлі шығуы – әрине эвфемизмдер мен дисфемизмдер қызметі. Әдетте жер ел анасы, асыраушы болып есептелетін қасиетті де киелі нәрсені автор жау зұлымдығын суреттеуде дисфемистік қолданыста: күл болған қара топырақ, тоналған ел, қалған жер, панасыз ана, анасыз бала, жер қан сасып деген жағымсыз эмоция туғызу үшін шебер қолдана білген. Сондықтан классик жазушы Ғ.Мүсіреповтің әрбір сөз, тіркес, сөйлемдер былайғы оқырманның байқай бермейтіндіктерін аңғарту жазушыға қойылатын талаптың ең күштісі екендігін мойындаймыз.

Ғалым С. Исаев қазақ әдеби тілінің қалыптасуына байланысты: «Әдеби тілімізде әлі де болса қалыптасып үлгермеген, оның нормалық талап-тілектеріне жауап бере

сөзіншіні, бірақ ауызекі тілдің әсеріне байланысты қолданылуы мен өрістетіп, көркем әдебиет тілінде кездесе беретін сөздер де емес. Мысалы, осы сөз болып отырған тілде әдеби тілге қатынаса бермейтін диалектілік ерекшеліктер, тұрпайы сөздер, жаргондар, ауызекі тілдің элементтері қолданылуы мүмкін», – деп ескертсе, «Әрине, олар көркем шығармада өзінше өңделіп, түрленіп, орнын тауып, белгілі мақсатпен жұмсалады» [29, 29 б.] деп көрсетеді.

Бұл орайда, ғалым Рабиға Сыздық көркем шығармаларда әдеби тілге жат сөздердің стильдік мақсатын көздеп жұмсалатындығын былай түсіндіреді: «Көркем әдебиет сөздік құрамға әдеби нормадан шет тұратын қарапайым сөз, жергілікті сөз сияқты элементтерді тек қана белгілі бір стильдік мақсатпен сипітетіндігін және мұны қазіргі белгілі жазушылар саналы түрде, шеберлікпен жүргізіп отыратындығын баса айтуға болады» [30, 160 б.] – деген әдеби тілді ғалым Р. Сыздыкова ауызекі әдеби тіл, ауызша әдеби тіл деп екіге бөледі. Ауызекі әдеби тілге қазіргі функционалдық стильдердің ресми, ғылыми, публицистикалық стильдердің ауызша формасын жатқызуға болатындығын айтып, ауызекі әдеби тілге былайша анықтама береді: «Ұлттық әдеби тілдің жазу өнері шыққанға дейінгі үлгісі, сөз өнері хатқа түспей тұрған ерте дәуірдегі елінің қоғамдық-әлеуметтік мүдделерін өтеу үшін тұтынылған, бейнелі, асқак стильге құрылған сөз саптау үлгісі. Олай болса, ұлттық әдеби тілдің жазбаша түрі шыққанға дейін дамыған түрі бүгінгі ауызекі сөйлеу стилінің негізі болып табылады. Ауызекі сөйлеу стилінде дөрекі сөздер, қарапайым, жергілікті сөздер мен диалекті сөздер жиі ұшырасады. Бөгде тілдік элементтер, орыс тілінен енген сөздер, табу мен эвфемизмдер жиі қолданылады» [30, 107 б.]. Яғни, эвфемистік, дисфемистік қолданыстар ауызекі сөйлеу стилінде жиі кездесетініне назар аударылады.

Көркем әдебиет стилі дегеніміз проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың стилі (тілі).

М. Серғалиев «Стилистика негіздері» [31, 27 б.] оқулығында кітаби-жазба стильдерді авторлар іс қағаздар мен

ресми стиль, публицистикалық стиль, ғылыми стиль және көркем сөз стиліне бөліп жіктейді. Авторлар қоғамдық ой сананың жоғарылауы күнделікті сөйлеу мен кітаби-жазба стильдерінің бір-бірінен ерекшеліктерінің айқындала түсуіне әсер етеді деп, кітаби-жазба стильдердің бәріне қойылатын негізгі талаппен байланысты деген тұжырым жасайды.

Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады. Яғни «Көркем әдебиет оқушының эстетикалық талғамын жетілдіріп қана қоймай, сөзді стильдік өрісіне сай, талғап жұмсауға үйретеді» [32, 80 б.] – деп көрсетеді Н. Уәлиев. Адамзат болмысында жек көру, ұнату, күйіну-сүйіну дегендер табиғатынан қалыптасқан заңдылық болса, көркем әдебиет жан дүниенің айнасы іспетті көрінісі. Көрініс болғанда – образды, бейнелі көрініс. Сондықтан ғалым Н. Уәлиев осы бағытты адам талғамындағы эстетикалық сөз өресін бірінші орынға қоюна келісім беруге әрі орынды пікір ретінде қабылдауға мына секілді мысалдар дәлел. Айталық, *«осындай мысық тілеулес жандармен осы күнге дейін неге күреспей келдім»* (Н. Келімбетов. Үміт үзгім келмейді) деген жолдағы, мысық тілеулес жан негізінен өзін де, елді де болмас іске әуре қылып, өз пайдасы үшін кісінің мазасын алатын ұяты жоқ, дүниеқор жандар деген мағынадағы сөзді дауыстап айтуға ынғайсызданып, іштей ойласа да жаманшылыққа кимай, эстетикалық талғаммен мысық тілеулес деген бейнелі сөзбен қанағаттанады. Бұл фразеологизм тілімізде ертеден қалыптасып кеткен тұрпайы мәнді дисфемизм қатарына жататын болғандықтан, автор кейіпкердің мәдениеттілігін, сөз талғам өрісін көрсету үшін әдейі монолог ішінде келтіріп отыр. Сонда орнын тауып қажетіне жараған дисфемизмдер де көркем туындыларда бейнелі сөз көркемдегіш құрал бола алатынына көзіміз жетіп отыр. Ал, мына мысалдарда эвфемизмдер мен дисфемизмдер мүлдем басқа мақсаттарда қолданған. *«Бұрынғыдай Еркемау, бәленшенің аузының суы құрып жүр, бір түнге көңіл бөлсең нетеді», не болмаса, Жас кезде қызық көргенге не жетеді, ағаңның көзіне шөп салмай, етегіне намаз*

*оқып жүр дейсің бе бізді. Сен де құр қалма»* – деген секілді *Кейнептің жанына майдай жағатын сөзді...* (І.Есенберлин Көшпенділер) жолдарындағы аузының суы құру, құмарлық, бір күнге көңіл бөлу, көңілдес болу, көзіне шөп салу жезөкшелік, етегіне намаз оқу – босқа қарап жүрмеу, бұл – Зейнептің тағамындағы эвфемизмдер, бұл сөздердің бәрінің де дәрекі мәнді дисфемизмдері бар. Бірақ автор Зейнептің сөз талғам өрісіндегі мұндай сыпайылықты жеткізген тұстарынан кейіпкердің мәдениеттілігін көрсету мақсатында қолданысқа енгізіп отырса, ал мына мысалдарда *«Кемінде мың әйелдің етегін ашпасам, ит болайын деп серт ұстаныпты десетін»*(Қ. Жұмаділов Бір ғана ғұмыр) дегендегі әйел етегін ашу кейіпкерге деген соншалық жиіркенішті, теріс эмоция туғызу мақсатында қолданған автор дисфемизмі болса, *Бұл жігіт әлі бетпердесі жылтырмаған баладай ұяң* (Н. Келімбетов Үміт үзгім келмейді). *Ақыры Рахима көп жігіттің ішінен таңдап Ермектің етегінен ұстады* (Қ. Жұмаділов Бір ғана ғұмыр), *Немесе, Күнімжанның осы түнде Кенесары батырмен көңіл қосып шыққанның ең алдымен жеңгелері, одан шешесі естіп...* (І. Есенберлин Көшпенділер) дегендегі асты сызылған мағынадағы түсінікті эвфемизмдерді керісінше жағымды эмоция туғызу мақсатында, әрі кейіпкерлердің ой-сезімдерін образды сөз арқылы бейнелеп сыпайы түрде жеткізіп отырған көркемдегіш құрал болып табылады.

Шындығында да, көркем әдебиет тіліне тән негізгі өзгешелік – оның эстетикалық функция атқаратындығында. Ал көркем шығарма тілінің эстетикалық функциясы жазушының идеялық, көркемдік жоспарымен тығыз байланысты екені белгілі.

Көркем шығармаға қойылатын шарттар мен талаптардың ең бастысына тіл шеберлігі жататындықтан, кез келген жазушының тіл шеберлігі оның шығармасының тақырыбы, ондағы кейіпкерлер мен образдары арқылы көрінеді. Автор қолдансында келген: *Біреулер оны есі ауысқан, жынды десе, енді біреулер ауысқан ештеңесі жоқ, дені сап-сау* (Қ. Жұмаділов Бір ғана ғұмыр) деген сөйлемдерде «есі ауысқан»,

«жынды» дисфемизмдері ауыл өмір шындығын көрсету мақсатында басым көпшілігінде әйелдердің, келін-кепшіктердің тіл мәдиенеттеріне орай жиі колданылатыны, шығарманың тақырыбына орай әрі оны ешкім де теріске шығаралмайтын табиғи заңдылық екенін қаламгер дөп басып отыр. Егер дисфемизмдер орынына «сіз», «біз» деген сыпайы мәнді тұлғалар колданылса, әрине сөз жоқ көркем туынды сенімсіз, өмір шындығын бұрмалаған күйінде өз мақсатын орындай алмаған болар еді.

Зерттеушілер жазушы көркем шығармадағы жалпы халықтық тілдің негізгі сөздік қорын, сөздік құрамын, тілдегі мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, қанатты сөздерді қаншалықты, қалай, оларды қаншалықты, қалай байытты, ұстартты, оның сол байыту, ұстартуы қаншалықты заңды, жарастықты, соны тексереді. Өйткені, тіл – көркем шығарманың негізгі элементтерінің бірі, жазушының негізгі құралы. Демек, адам ойын, сезімін, әсерін, ісін жазушы осы арқылы бейнелейді. Ол өз шығармасында тілдің негізгі сөздік қорын шебер пайдаланып, сөздік құрамға әсер етіп, тілімізді жаңа сөз өрнектері арқылы байытып, дамытып отыруға тиіс.

Көркем әдебиет тілін әдеби тілдің бір саласы деп қарағанда, онда қолданылатын барлық сөздерді, фонетикалық, грамматикалық құбылыстарды түгелдей әдеби тілге ғана тән деп қарастыруға болмайды. Себебі, көркем әдебиеттің стильдік ерекшеліктері жалпыхалықтық тілде кездесетін фактілердің барлығын да керегінше қолдана беруден бас тартпайды. Сондықтан көркем әдебиет шығармаларында әдеби нормамен қатар ауызекі тіл элементтері де, диалектизмдер мен архаизмдер де, жаңа қолданыстар мен варваризмдер де кездесуі заңды.

М. Балақаевтың айтуы бойынша, көркем әдебиет тілі өзінің даму барысында, стильдік нормаларының шындалу процесінде жалпы әдеби тілге ықпалын тигізіп, оның құрамында жаңа сөздер мен сөз орамдарының қалыптасуына, белгілі бір стильдік заңдылықтардың тууына әсер етіп отырады. Асау жүрек, үріп ауызға салғандай, жұлдыздар жымын қағады тәрізді сөз орамдары көркем әдебиет аясында пайда болып, сол арқылы



өзінше тіл нормасына айналса, екінші жағынан, ол жергілікті, архаивтік сөздермен де өзінің лексикалық байлықтарын көрсітіп отырады [33, 74 б.]. Ғалымның меңзеп отырған архаивтік сөздермен де өзінің лексикалық байлықтарын көрсіту жағы», шын мәнінде, зерттеуге қарағанда тіл өзінің функционалдық даму барысында барлық бағыттағы мүмкіндіктерді молынан қамтиды да уақыт өте келе қоғамның эстетикалық талғамы бойынша бірі әдеби, бірі ауыз екі сөйлеу нормасында қалып отырғаны анықталады. Айталық, ежелден қолданылып келе жатқан мына секілді тұрпайы, дөрекі мәнді «арнастан тапқан», «күлге аунап тапқан» т.б. дисфемизмдерді өсіріп келе заманға байланысты қазақ халқының өміріне де арқак-шараптың пайда болуына орай «арактан жаралған», «арактан пайда болған» деген дөрекі мәнді күрделі дисфемизмдер алдыңғы тұрпайы тіркестердің синонимі секілді қолданылатынын естіп қаламыз. Әрине, әсіресе, тілші ғалымдар бұл сияқты дисфемистік қолданыстар әдеби нормаға жаппайтыны, мүмкіндігі болғанынша тіл мәдениеті дәрежесін сақтап, эстетикалық талғам өрісін күшейтуді көздегенмен, халық тілінде, көркем шығарма туындыларында мұндай сөздер молынан ұшырасады. Мұның бәріне әрине уақыт пен тарих төреші болмақ. Біз жоғарыда келтірілген ғалым М. Балақаев пікірі де осыған саяды. Ғалым әділ де турасын айтып отыр.

Көркем туындылардың лексикалық ерекшеліктерін зерттеушілер кез келген шығарманың мазмұны мен түрін бірдей қарастырып, жазушының халық тіліндегі өзінен бұрынғы сөз байлығын, сөз өрнегін қаншалықты, қалай пайдаланғанын, өзі халықтың тіл мәдениетін ілгері дамытуда не қосқанын айқындайды.

Ұлттық әдеби тіл мен көркем әдебиет тілі арасына теңдік қоюға болмайды. Бұл жөнінде Р.А. Будагов: «Әдеби тілдің құндылығы сол – оның нормаларын меңгерген адам оны жазба гілде ғана емес, ауызекі тілде де қолдана береді. Жазушылар тілі осы нормаға бағытталса да, оның өзіндік көп жаңалықтары болады. Бұған қоса көркем әдебиет тілі тек қана коммуникативті

ғана емес, эстетикалық та мақсатты көздейді» – деген пікір айтады [34, 9 б.].

Алайда жазушылардың әдеби тіл нормасынан «жөнімен (мотивті) немесе жөнсіз (ешқандай мотивсіз) ауытқулары» да кездесіп қалады. Бұл жайында Р. Сыздықтың «Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма» деген мақаласында жан-жақты айтылған [35, 194-200 бб.].

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктердің бірі тіл байлығы екендігі белгілі. Көркем шығармада қолданылмайтын сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер аз. Кез келген шығарма тек қана авторлық баяндаудан ғана емес, кейіпкер тілінен де тұрады. Ал кейіпкерлер әр жастағы, әр мамандықтағы, білімдері де әртүрлі деңгейдегі адамдар болып келетіндігі белгілі. Сондықтан да әрбір нақтылы көркем шығармада кейіпкер сөзінің өзіне тән әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы болады. Кейіпкер тілінде диалектизмдер де, жергілікті тіл ерекшеліктері де, кәсіби сөздер де, ауызекі сөйлеуде кездесетін жаргондық сөздер де ұшырасып отырады. Көркем әдебиет стилінің екінші бір ерекшелігіне зерттеушілер оның көп стильді болып келетіндігін жатқызады. Өйткені, кез келген жанрда жазылған шығармада тіл арқылы қарым-қатынас құралдарының барлық түрі қолданылады, яғни ауызекі сөйлеу тіліне қоса, публицистикалық, ғылыми, ресми стильдердің элементтері көркем әдебиет стилінде әр түрлі ыңғайда жұмсалады. Көркем әдебиет стилінің келесі бір ерекшелігі ретінде оның эстетикалық тәрбие беретіндігі баса көрсетіледі. Басқаша айтқанда, көркем әдебиетте сөздің эстетикалық қуаты, сөздің бейнелілігі алғашқы орында тұрады. Сондықтан да троптардың және фигуралардың барлық түрлері, басқа стильге қарағанда, көркем әдебиет стилінде барынша мол жұмсалады.

Көркем әдебиет стиліне тән сөздерді мағынасына және стильдік қызметіне қарай ғалымдар былайша бөледі:

1. Көпшілік қолды сөздер (тау, тас, жүген, сандық, отыр, сана, ақ, қара, т.б.);

2. Поэтикалық-кестелі сөздер (өрен, ләззат, албырттық, әсем, әшекей, қасірет, т.б.);

3. Кісінің көңіл-күйін, әсерін, сезімін білдіретін сөздер (қалқам, жаным, әкетай, байғұс, жарымес, кісісымақ т.б.);

4. Қарапайым сөздер мен диалектизмдер [32, 19 б.].

Көркем шығармада жазушылар ауызекі тілде жиі қолданылатын эмоционалды-экспрессивті сөздерді кеңінен қолданады. Сөзсіз, бұларды қаламгерлер кейіпкерлер тілінде, кейіпкерлердің бір-бірімен күнделікті қарым-қатынасында пайдаланады. «Көркем әдебиет тілінің бір ерекшелігі сол – мұнда ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тіл үйлесім тауып, бірін-бірі толықтыра түседі. Жалпы халықтық тіл түрлерінің аралас-құралас бола беретіні белгілі, бірақ дәл бұлай табиғи үйлесім келуі функциональдық стильдердің басқа түрлерінде кездесе бермейді» [32, 152 б.]. Мысалға жүгінейік: – *Сонан бері тісімді тасып жүрмін* (Қ. Жұмаділов Бір ғана ғұмыр). *Баяңы бір жұт жылы әке шешелері бірдей опат болғанда, Сабыр тоғыз жаста, ал Жарқын емшектегі бала еді* (Қ. Жұмаділов Бір ғана ғұмыр). *Баласы сойылға жығылған көкайыл Үлбике дереу Мақпалға келіп, ұрыс шығарды* (Қ. Жұмаділов Бір ғана ғұмыр) немесе: – *Келсін, жол үстіндегі жолаушыдан бірдеңе сұрап тілемсектеніп тұрудың инабатты халыққа жараспайтын қасиет екенін айтып, ендігәрі жолдарын бөгемеді талап етіп, ит терлерін бастарына қаптап жіберсін* (Ә. Кекілбаев Елен-алаң). *Қара жерге кіргенше соны ұқпай, өмірден тәлім алуға да жарамай, тұғырдан тайып кетіп жатқандар аз ба?!* (Н. Келімбетов Үміт үзгім келмейді) т.б. деген мысалдарда жалпы халықтық тіл элементтері көркем шығармаларда, автор пікірлері бойынша, үйлесімдік таба алатынын негіздеп отыр. Талдап карағанда, тіл элементтерінің тек көркем мәтіндерде жаңа үйлесімдік, толықтыру деген мәселеде, әсіресе, эвфемизмдер мен дисфемизмдер аралас келген не жеке қолданысында болсын синонимдік тіл байлық ретінде кейіпкерді қай жағынын болмасын жеріне жеткізе бейнелуге таптырмас құрал бола алады. Айталық, жоғарыдағы мысалдарды былайша жіктеуге болады: а) дисфемизмдер: жұт жылы (қуаншылық уақыт немесе көктемнің тым кеш шығуы, мал қырылуы), опат болу (қайтыс болу), тілемсек (көп сұрағыш), көкайыл (ашушаң), ит терісін

басына каптау (жазасын беру), тұғырдан таю (шамасын байқамау, шамасы келмеу); ә) эвфемизмдер: тісін басу (күш көрсету), тәлім алуға жарамау (тәрбиесіз) дегендердегі үйлесімдік көркем шығарма туындыларында болмаса, ғылыми немесе публицистикалық стильдерде қолдануға ыңғайсыз, қолдана қалған күнде де әрқайсысына түсініктеме беруді қажет етеді. Ал көркем стильде, керісінше, осы дисфемизм не эвфемизм көмегімен аз сөзге көп мағына сыйғызып, кейіпкер бейнесін аша түседі. Айталық, «тісімді басып жүрмін» дегеннен-ақ, ол тек күш көрсету емес, кек қайтару, өш алу, қастасу, ыңғайы келгенде ұрымтал жерден көңілі толғанша оңдырмай жер қылу деген мағыналар, осы фразеологиялық тіркестің төңірегіне шоқтасқан. Ал «опат болу» бұл тек қайтыс болу, дүние салу ғана емес, кісі өлімін қалау, олардың о дүниелік болғандарына айызы қанып, кекесін әрі мазак еткен көңіл күйі сезініп тұр. Мұның үстіне сол бір халық жанына батқан ауыр отқа май тамызғандай жағымсыз эмоционалды «жұт жылы» деп сұрағанға тілеген дегендей, тұспа-тұс келтіре сөйлеп отыр. Бұл адамның нағыз пасықтық, жағымсыз бейнесін көз алдыңызға елестетеді. Ал, оқырманға Ұлбикенің кім екенін түсіндіріп жатпай-ақ «көкайыл Ұлбике» деген автор қолданысындағы дисфемизмінен қандай Ұлбике екені түсінікті. Міне, шығарма тақырыбы мен ондағы қолданылып отырған жалпы халықтық тіл элементтерінің мазмұнын ашуға толықтыру, үйлесімдік деген осы. Немесе: адамның жалқаулығымен қоймай, дүниеқорлығын, оңай олжа көздейтінін т.б. жағымсыз бейнесін «тілемсек» деген сөзден басқа қалай бересіз. Бұл «тілемсек» қай халықта болмасын ұнамсыз екені белгілі, соны жаратпау мақсатында, жай жаратпау емес «ит терісін басына каптап тұрып» өшін алғанша және ол бүгін-ертен ата жауы секілді жазалауды айтып отыр. Сонда ғалымдардың жоғарыда келтірілген «жөнді», «жөнсіз ауытқу» деп отырғандары тұрпайы мәнді дисфемизмдер деп орынды қолданылған жағдайда, «жөнді ауытқуға» жатқызуға болады деген пікірлеріне толық келісуге болады. Әрине, дисфемизмге қарағанда сыпайлық мәні басым эвфемистік қолданыстардың қашан да болмасын өрісі кең. Есте

болатын жағдай – қайсы бір эфемистік қолданыстарды әлі де біртүрлі түсетін тұстары бар сияқты. Себебі, сыпайы сөйлеп отырып та жағымсыз эмоция туғызуға болады. Жоғарыдағы «тәлім алу», «тәлім алуға жарамай» дегендерде ешқандай тұрпайылық мағына-мән болмағанымен, контексте, тіркестерде келіп «өмірден тәлім алуға да жарамай» деп қолдануда кісі менсінбеу, өзінен төмен санау, әрбірден соң жек көру деген мағына онсыз да түсінікті болып отыр. Сонда сырт түрі сыпайы болғанымен, ішкі тілдік элементтерді нақты түрде дисфемизм немесе эвфемизм деп атау әрине дау туғызатын мәселе.

Эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс – қарапайым сөздерге халықтың сөйлеу тілінің байлығы боп есептелінеді, әдеби тілді байытып отыратын бір көзі болып саналады. Қарапайым сөздерді көркем туындыларда жазушылар тек стилистикалық мақсатпен ғана қолданып қоймайды, сонымен қатар әдеби тілді байыту, дамыту мақсатын да көздейді.

«Қарапайым сөздер – сөйлеу тілінде сөздің мазмұнын тұрпайыландыра, айналдыра түсу мақсатымен қолданылатын тілдік құралдыр. Қарапайым сөздер лексикасына қарапайым, тұрпайы, дөрекі, анайы сөздер (какофемизмдер), варваризмдер, жаргон сөздер мен кейбір диалектизмдер, тұрпайы мәнді фразеологизмдер, т.б. енеді (*ішкі өкпе, қара борбай, төмен тек, боқмұрын, сұмырай, сұми, сен тұр мен атайын* т.б.). Қарапайым сөздердің мынандай ерекшеліктері бар:

1. Стильдік мәні бір нәрсені төмендету, кемсіту, бағасын түсірерліктей болады;

2. Диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа түсінікті, таныс сөздер;

3. Әдеби тілде қолдануға болмайтын жат сөздер [38, 104 б.].

Әдеби тілдің нормасына жатпайтын, ауызекі тілдің үлгісіне жататын қарапайым сөздердің бір түрі – дисфемизмдер (какофемизмдер). Сыпайы сөздерге (эвфемизмдер) қарама-қарсы құбылыс – дисфемизмдер көркем әдебиет туындыларында кеңінен, әрі жиі қолданылатын, тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдарға

жатады. Дегенмен Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаевтардың пікірінше: «Сөйлеу тілінің лексикасы тек тұрмыстық-қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөздерден, болмаса соларға жақын варваризмдерден тұрмайды. ...сөйлеу лексикасында тұрмыстық-қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөздерден басқа, әдеби (кітаби) сөздер де аз қолданылмайды. ...Мәдениеті жоғары, білімді, парасатты адамдар ауызекі сөйлегенде әдеби тілдің нормалық белгілерін сақтап, тұрпайы, дөрекі, былапыт сөздерді араластырмай, өз ойын мәдениетті түрде жеткізіп отыруға дағдыланады». Ғалымдар мәдениетті адамдардың ауызша сөйлеу тіл мәдениеті, салауаты төмен, дөрекі адамдардың сөйлеуінен әлдеқайда жоғары деп есептейді [4, 164 б.].

Сондықтан көркем шығармадағы кейіпкерлерін жазушылар олардың қоғамда алатын орнына, қандай әлеуметтік ортадан шыққанына қарай сөйлетеді. Дегенмен, кейде күтпеген жағдайда т.б. болсын кері құбылыстарды да жоққа шығаруға болмайды. Мұның өзі сөз не сөз мағыналарының жасалуы мен қолданымдары мәселесіне келгенде тілдің әлі де толып жатқан зерттеу нысаны бола алмай жүрген қырлары тілдің күрделі құбылыс екенін дәлелдей түседі. Соның бірі тұрпайы мәнді қарапайым дисфемизмге қатысы бар. Әсіресе, ауыл өмірінде аксақалдар аузынан естіп қалатын дыбысталуында тұрпайы мәні болғанымен, мағына жағынан жағымды эмоция туғыза алатынына сан рет куә болғанбыз. Мәселен, немересі балаң жігіт болып, алғаш рет атқа отыруына байланысты аксақал қариялар *«Ой, мына біздің боқмұрын атқа отыруға жарап қалыпты Ой, айналайын тентек сен қайдан жүрсің, келші бетіңнен сүйейін»* деген әжелердің үні секілді, *«Пәлі, рәлде отырған біздің боқкөтен зой, жігіт болды деген осы»* деп сүйсініп тұрған қарияларды кездестіру қиын емес. Әрине *боқмұрын, тентек, боқкөтен* т.б. осы секілді сөздер, тура мағынасындағы дисфемизм екеніне ешкімнің де дауы жоқ шығар. Бұл қолданыстарда, контекстерде кері мағыналы сөз ретінде жағымды эмоциялы тұлғада беріліп тұр. Бұл секілді кері мағыналы дисфемизмдерді көркем шығарма мәтіндерінен молынан кездестіруге болады. Мысалы, *Жаман інізіңден енді*

...ды кеңесіңізді аямассыз (К. Жұмаділов Бір ғана ғұмыр). Немесе, *осы жаман үйленбей өтетін шығар деп ойлаушы ем, онша мына Шіліктің бір қызын трактірге мінгізіп алып келті* (К. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр) деген сөйлемдегі жаман ауыс мағынада эвфемизмдік құбылыста қолданылса, *Ол күшікті де төрмеселі көп болды, деді Рахима немересін еске алып* (К. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр). Мысалда берілген күшік сөзі де метафоралық қолданыстағы эвфемизмге жатады. Ал күнделікті өмірде бір нәрсе бүлінгенде ұрсу жекіру орнына **жақсы болыпты** деген ауыс мағыналы эвфемизді естіп қалу үйреншікті болып барады.

Қай сөздің қаншалықты көркемдік деңгейіне көтерілуі оның лексикалық мағынасы мен жазушының рухани өресіне байланысты. Сондықтан әрбір жазушының өзіндік сөз қолданысы болады.

Қай жазушының да көркем шығармаларында жасанды сөздер көп кездесе бермейді. Бұған бірнеше себептер бар деп есептейді Р. Сыздыкова: «Алдымен, зәрулік (ғылыми терминдер жасаудағы сияқты) онша зор болмайды, екіншіден, жаңа ұғымды, соны танымдарды көркем шығармада бір сөзбен атамай-ақ, суреттеп (аналитикалық тәсілмен) беруге болады, суреттеме атау әрі түсінікті, әрі әсерлі, бояулы болып шығады. Үшіншіден, жаңа тұлға өзінің бейтаныстығымен, жасандылығымен көркем тігіске жатық түспей, шырық бұзып тұруы мүмкін. Сондықтан жазушының қай-қайсысында да өзі жасаған жаңа сөздер жүздеп емес, бес-ондап қана саналады» [28, 27 б.]. Мысалы, К. Ысқақовтың «Бұқтырма» әңгімесінде, *бір нәрсесі ұмыт қалып, енді соның не екенін есіне түсіре алмай, әлек болған адамдай мәре-сәре. Ол бармайсың деп тыйып тастай алмады. Қыз барайын ба деп шапағат салған жоқ* деген сөйлемдердегі мәре-сәре, шапағат сөздерінің қолданысына тоқталсақ, мәре-сәре мәз мейрам, қатты қуану, шат шадыман болу, ал шапағат рақым, мейірім, шарапат, қайырым мағынасындағы сөздер екені бәріне де түсінікті. Ендеше есіне түсіре алмай қиналып тұрған адамның мәре-сәре болуы, сондай-ақ не істерін білмей тұрған қыздан шапағат күту қисынсыз деп

ойлаймыз. Ғалымның да айтып отырған жасандылықтан тігісі жатпай тұрған, шырық бұзатындары осы тұста байқалады. Немесе, Ол аузымен айды алып, қолымен күн орнатқан өлердей мактаншақ, көбік ауыз көк малта еді (Н. Келімбетов Үміт үзгім келмейді) деген автор қолданысындағы көбік ауыз көк малта бет алды сөйлеу мағынасындағы дәрекі мәнді дисфемизм дей алмаймыз. Бұл секіді тұрпайы сөздерді кейіпкер бейнесін жасауда сол персонаждардың аузына салған әлдеқайда ұтымды болмақ. Ал, автор қолданысындағы мұндай сөздерге әсте сак болған дұрыс деп ойдамыз. Себебі, көк малта, малтасын езу, малтасын езіп ішу дегендер мылжың, сөзуар, босқа сөйлеу деген ұғымдағы жағымсыз эмоция туғызудағы дәрекі мәнді дисфемизмдер.

«Көркем бейнеде құбылыстың көптеген белгілері автордың бейнеленіп жатқан жайға катынасын көрсету мақсатымен өзгертіліп алынады, астарлап беріледі. Басқаша айтқанда, шындық құбылыстардың дәл, сәйкесті бейнесі емес, автордың катынасын білдіретін белгілер саналы түрде таңдалып алынып беріледі. Сонда көркем бейнеленген құбылыста басты нәрсе сол құбылысты суреткердің қалай көргені, қалай қабылдағаны болады. Тілдік құралдар мен олардың қызметтік қолданысы соған орай таңдалып, сұрыпталып алынады» [35, 18 б.]. Бұл орайда, эфемизмдер мен дисфемизмдер (какофемизмдер) де белгілі бір мақсатқа байланысты ауыспалы мағынада келіп қолданылады.

«Ауыспалы мағына – негізгі мағына арқылы жасалған екіншілік мағына, қызметтік – ассоциациялық байланыстарға негізделген семантикалық туынды мағына. Яғни, негізгі мағынадағы мәнді екінші бір зат не құбылыстың белгілерімен салыстыра отырып, ауыспалы мән туғызады» [36, 85 б.].

Эфемизм құбылысының ауру атауларына да катысы бар. Науқастың сырқат түрі немесе сырқат күйі, ауыр дәрежеде болса, сырқат түрін жұмсарта жеткізу орын алған. Сырқаты асқынған адамға сырқат түрін тура айтпаған, халқымыздың сөз қолданысында әдепке, сөз мәдениетіне ерекше мән беріледі.



К. Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегінде: «Кейбір нәрсенің не құбылыстың атын тікелей айту дөрекілеу, көңілсіздау болып көрінгенде, олар басқа сыпайы, майда сөздермен ауыстырылып айтылады. Бұл құбылыс эвфемизм деп аталады» [37, 102 б.], - дейді. Ғалымның кейбір нәрсені не құбылыстың атын тікелей атамай, майда сөздермен ауыстыруы отырған тұста, жоғарыда сөз болған эвфемизмдер мен табу мәселесіне тікелей қатысы бар дегенді еске салғымыз келеді. Сонда бұл екі тілдік амалдар сөз ауыстыруда табу эвфемизмге қарағанда тар шеңберде, яғни белгілі бір сөздерді ғана ауыстыру болса, ал эвфемизм сыпайы сөйлеу мақсатындағы сөздерді жаппай ауыстыру құбылысы. Бұдан шығатын ғылыми қорытынды, сөз ауыстыру барысында табу эвфемистік құбылыстардың бір көрінісі деген түйін сөзді негіздеп отыр.

Ауру атауларында эвфемизм құбылысы қатаң сақталады. Ауру атауы үрей туғызбайтындай атаумен, яғни сөзбен жеткізілген. Мысалы: «туберкулез» ауруын жұмсартып, «окпенің қабынуы» деп, «сары ауруды» «бауыр ауруы» деп атау орын алған. Алапес ауруын тура сол күйінде атамай, жаман ауру деп атаған. Мысалы, *Соңғы демім біткенше сұрқия сырқатпен арналысып, алысып өтерім. Белдеспей жатып, беріле салатын бозкүйік борбас мен емес.*

*Сондықтан қатерлі ісікті алып тастау керек. Қатерлі ісік ұлғайып, тамыр жайып кетсе, істің насырға шабарына дәрігердің тағы да бір рет іс жүзінде көзі жетті.*

*Күні ұзаққа тырып ете алмай көк жамбас боп, тұралап жатқандықтан ба, әлде науқасымыз ұқсас болғаны үшін бе, кім білсін, әйтеуір айтқан сайын әңгімеміз қоюлана түседі.*

*Ауыр дертке ұшырап, екі аяғы бірдей сал болып қалыпты* (Қ. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр).

Мысалдардағы ауру, науқас, дерт деп аталатын жалпы ауру сөзінің варианттарының алдына «сұрқия», «қатерлі» бұдан да басқа анықтауыштар науқастың қаншалықты қауіпті екенін аңғартатын тұрпайы мәнді сөздер болғанымен, өкінішке орай оны айтуға, жеткізуге немесе естіруге тура келгендіктен эвфемистік қолданыспен сыпайылап «қатерлі ісік», «сұрқия

сыркат», «ауыр дерт», «сал болу» деген секілді түрде қанша жеңілдетіп, тігісін жатқызғанмен де, түптеп келгенде бәрібір жақсы хабар еместігі білініп тұрады. Көңілге медет тұтып, өмірге үмітпен қараудан туған адаманың қимас ішікі көңілін осылайша сыпайылап жеткізуді халқымыздың заманнан бергі қолданып келе жатқан эвфемизмдері. Қандай қиыншылықтарға ұшырағанмен, дүниеден өткен шешен, даналар сөз шеберлігімен ауыр науқас не жаугершілік заман болсын көңіл айту, естірту барысында түрлі жеңіл де сыпайылап жеткізудің амал-тәсілдерін қарастырған. Соның бірі жоғарыда келтірген көркем мәтіндегі – «көк жамбас». Қазақ халқы ежелден-ақ әртүрлі түстерге мән беріп, оларды тек нақты нәрсенің түр-түсі емес, соған лайықты бейнелі, астарлы, терең мәнді бейнелі сөз ретінде қолданған. Мысалы, кара-жамандық бейнесі болса, ақ-жақсылық бейнесі, сары, көк түстер ұзақ-сонар деген ұғымда (сарғая күту, сары уайымға салыну т.б.), көк те екінші бір мағынада ұзақтықта, ұзақ болғанда жанға батарлық ұзақ деген мағынада «көк жамбас» болу деп ауруға қатысты жайды сыпайылап жеткізуде қолданылып жүрген эвфемистік құбылыс болып табылады. Міне, осылайша көркем шығармалардағы эвфемистік қолданыстардың әртүрлі қыр-сырларын ашуға тырысу біріншіден, халқымыздың тіл байлығын көрсетсе, екіншіден, тіл мәдениетінің бір кілті ретінде оқырман қауымның жалпы мәдени өрісін артуына септігін тигізетініне сенімдіміз.

Ауру атаулары да метафора арқылы жасалады, әрі сол ауру атауы, белгілі бір ұғым туралы түсінік кеңі түседі. Ауру атауларының бейнелілігі басқа ұғым атауларының сипаттарымен ұқсас келетін белгілерін көрсету негізінде жасалады. Ауру атаулары метафоралық тәсіл арқылы жасалғанда эмоциялық әсер тудырады. Атаудың ауысуы заттардың түр, тұлға, түсіне т.б. ерекшеліктеріне байланысты.

Көркем әдебиет тілінде де эвфемистік қолданыстар жиі кездеседі.

*Үстелді енді айнала бергенде, бөлмеге егделеу әйел үрке басып кірді* (Б. Нұржекеұлы. Бейтаныс әйелдің құпиясы. Әңгімелер).

*Табиғатынан ұқыпты, әрі ептеген сараңдығы бар оның, оның жанына ақша шығарып, сейіл-серуен құруға зауқы жоқтұғын.*

*Семьяға жайлы, басқа бір орнықты жұмысқа ауыссаң қайтеді? – деп жұқалап айтып көріп еді, өзін өнер үшін жаралған кісімін деп білетін Бәдиша бет бақтырмады*

*Шоқша сақалдының құлағы ауыр ести ме, қалай үшеуі ауызарды басына көтеріп, әлденеге келісе алмай дауласып отыр (1) дүниеге аттану кезегі кімге келіп тұр? Дегенді жай бір күнделікті шаруадай-ақ сөз етіп отыр*

*Өйткені жұрт құлақтанып қалды (Б. Нұржекеұлы. Бейтаныс әйелдің құпиясы. Әңгімелер).*

*Ол әңгіменің бәрі өтірік. Қыжымкүл қызымыздың өзі оң босағада отырып жүкті боп қалыпты (Д. Исабеков «Тіршілік»).*

*Күйеуім бір нәрсе іліге ме деп қаңғып кетіп еді, тұқ таппаған соң өлгелі жатқан қатын-баласын көргісі келмей есік алдына келіп, босағада отырып жан тапсырыпты (Д. Исабеков «Сүйекші») деген көркем шығармалардағы «егделеу» (жасы келген), «ептеп сараң» (дүниекор), «жұқалап айтып (сыпайы жеткізу), «құлағы ауыр есту» (керен), «о дүниеге аттану» (қайтыс болу), «жұрт құлақтанып» (өсек тарап), «оң босағада жүкті болу» (некесіз аяғы ауыр болу) т.б. деп қолданылған эвфемизмдер әр түрлі стильдік мақсатты көздеген. Зерттеуге қарағанда көркем шығармалардағы эвфемизмдер әр алуан тақырыптарда, түрлі бағыттарда қолданыла алтын әрі сөздік қоры өте мол құбылыс ретінде көрініс береді. Автордың эвфемистік қолданыстарда поэтикалық, терминдік және тұрмыстық деп сөздердің функционалдық стиль түрлеріндегі типтерге (тематикалық топтарға) жіктеуінің өзі біздің эвфемизмдердің қолдану аясы кең деген пікірімізге сай келеді. Мына мысалдарға көңіл бөлейік: «Қалған ғұмырды қызықсыз, ләззатсыз өткізу керек пе? Мұндайда төсек жаңғыртудың не айыбы бар?!» (К. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр). Егер жамбасы әсер иіскесе, «мыналар қайтеді-ай» деп өтірік ұялғансып, сырт айыналып, жан-жағына бір көз тастап ап, қайта қарайды, ал он*

екіде бір гүлі ашылмаған уыз жас болса не мынау тұрпайы көрініске бұрқан-талқан боп ашуланады... (Ә. Кекілбаев Аңыздың акыры). Елуге келсе де, әлі күні қайтпаған... Қоңырқұлжа енді жас Күмістің абыройын қызыл қан етіп ағызды (І. Есенберлин Көшпенділер). Немесе: Маңайдағы ел аштықтан ісініп, көнек ауруына шалдығып, жаппай қирап жатқанда, бұлардың өзегі тала қоймаған (Қ. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр) Өкпесінің дәзі бар еді, бәлкім асқынып кеткен шығар (Бақ мұқай Ітом) Бәріміз сау саламат, ал ертең дімқас, ауру екенбіз зой! (Н. Келімбетов Үміт үзгім келмейді) деген көркем мәтіндердегі «төсек жанғырту» (кайта үйлену), «жамбасы жер иіскемеу» (тұмыста болмау), «он екіде бір гүлі ашылмаған уыз жас» (тұрмыс құрмаған шынайы таза бойжеткен), «абыройын қызыл қан етті» (кадір-қасиетін түсіру) деп берілгендер, әрине қар сөзбен болса да поэтикалық қолданыстардағы эвфемизмдер болса, медицина тілінде «көнек», «өкпе дәзі», «дімқас» мұнан өзге «кәтерлі ісік», «манқа» т.б. ауруларды біршама болса да эвфемизммен сыпайылап жеткізуде терминдерге айналып кеткен тұлғалар бар. Ал мына мысалдар автор айтқандай күнделікті тіршілікте тұрмыстық, бейтарап мәндегі эвфемизмдер болып табылады: *Сірә мұндайда алыстан арбасу, ұзын арқан кең тұсауға сату дұрыс болады* (Қ. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр) *Не тындырып жүргенін кім білсін, әйтеуір. Қарлығаш оның басынан құс ұшырмайды* (Қ. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр) т.б. Сонда көркем шығармада қолданыста жүрген эвфемизмдерді поэтикалық, терминдік, тұрмыстық бейтарап деген тақырыптарға топтап және оларды іштей кішігірім тақырыпшаларға жіктейтін болсақ, онда тіліміздегі эвфемизмдердің қолданыс аясы қаншылықты кең әрі өрісті екенін дәлелдеп жатудың өзі қажеттілік туғыза қоймас деген ойдамыз.

Эвфемистік мағына бегілі бір функционалдық сөз типтеріне тән болып келеді. Бұл орайда, М.Жұмағұлова осымен байланысты оларды поэтикалық мәндегі эвфемистік мағына, терминдік мәндегі эвфемистік мағына, тұрмыстық мәндегі және бейтарап мәндегі эвфемистік мағына деп топтастырады. Бірінші

топқа көтеріңкі ренктегі эвфемизмдер жатады. Мысалы, қайтпас сөздер, мәңгілікке көз жұмды, екінші топтағы эвфемизмге белгілі бір ғылымның саласында қолданылатын терминдер жатады: өкпе ауруы – «туберкелез», жаңа түзілім (новообразование), кәсірлі ісік т.б. Медицина саласында «бүркемелеу» мақсатындағы эвфемистік қолданыстарға тән сөз құрылымдары өте жиі кездеседі. Үшінші топқа жататын эвфемизмдер көбіне сөйлеу тілі аясында қолданылады. Олар мазмұны пәс сөз, қарапайым атаулар, тұрмыстық деңгейдегі сөз қолданыстар болып келеді.

Дисфемизмдердің қолдану аясы біршама өзгешелеу төмен стиль бояуы бар дисфемизмдер ғылыми және іс қағаздар мәтіндерінде қолданылмайды. Оның есесіне ауыз екі сөйлеу, көркем сөйлеу публицистикалық стиль мәтіндерінде жиі кездеседі [8, 222 б.].

Эвфемизмдер мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу үшін қолданылса, дисфемизмдер көркем шығармаларда кейіпкерлердің тілінде қолданылып, әр түрлі жағымсыз эмоциялық мән тудырады. Олар белгілі бір стильдік мақсатпен сөздерді дөрекі, тұрпайы етіп қолдану тәсілдерін құрайтын қарапайым сөйлеу тілінің құрамына енеді. Кейіпкер тілінде қолданылған қарапайым сөздер кейіпкердің бір сәттік бейнесін жасауға, көркем бейнесін беруге қызмет етеді. Кейіпкер аузынан шыққан қарапайым сөздер оның шыққан ортасын, алған тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін көрсете алады [10, 17 б.].

Көбінесе дисфемизмдер тілдік агрессия құралы ретінде көрініс табады.

– *Сен, немене, керең болғансың ба өзің!* (С. Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй). Негізінен құлағы нашар еститінді – «керен» немесе «шолок», «ақсак», «ақымақ», «оңбаған» дегендер әдеби нормадағы тура мағыналы тұрпайы мәнді сөздер. Мұндай тұрпайы сөздер өте көп. Сөздіктерде әдеби норма деген белгі қойылған. Сондықтан тұрпайы сөздердің бәрі дисфемизм немесе қарапайым емес. Бұлардың синонимдері

болмаса екінші бір әдеби баламасы жоқ сөздер. Мұның дәлелі сол. Ал сілімтік, есуас т.б. дисфемизмдер.

*Әуелі божыны ағыт, көтермені түсір, дүлей.*

*Әне бір сілімтік кімдікі. (С. Жүнісов).*

*Сұлыны сен бердің бе, есуас! – деп үй алдындағы биік қарды шұңқырлап ойып, соған төккен сұлыны күрт–күрт жеп тұрған кебеже қарын, мегежін биеге қарап, зірк етті. (С. Жүнісов).*

*Онан да ән тыңдамайсың ба, ақымақ! (К. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр).*

*Мақұлық-ау, өлтіресің бе қаршадай баланы? (К. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр).*

*«Иттің қатыны, сенің тәрбиеңнің сиқы осы ғой», - деп тістене түсіп, қолының қышуы қанғанша осқыладыю. (К. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр).*

«Кейіпкер тілі және автор тілі дегеніміз – шығарма композициясын құрайтын единицалар, олар кейіпкер сөзі және автор сөзі дегендерден бөлек дүниелер. Алғашқысы стильдік категориялар болса, соңғылар композициялық – синтаксистік, яғни тілдік категориялар.

Кейіпкерді жазушы әдетте өз заманының немесе өмір сүрген кезеңінің тілімен сөйлетеді, сондай-ақ кейіпкер өзінің мінезіне, алған тәрбиесіне, өскен ортасына, жасына, әлеуметтік орнына сай сөйлеуі қажет. Ендеше «...нағыз жазушы кейіпкерлерін өздері беріп тұрған образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдердің бірі болып саналады» деп көрсеткендей, берілген мысалдардан кейіпкер сөзі арқылы оның бейнесін жасауға қатысып тұрған тұрпайы сөздерді байқаймыз.

1. – *Сонда қалай, Нәби мен Сандуғаштың есі дұрыс емес пе, сізше? (Б.Нұржекеұлы Бейтаныс әйелдің құпиясы);*
2. *Жұрт мұны алжығанға, есі ауысқанға жорыды.*
3. *Іші – боқ, сырты – түк бір тайды қимағаның бекер болған..*
4. *Ішіміздегі басының дымы кептеген, жастауы мен едім.*

Жарқынның қасына жасы атысқа тақаған, жұпыны атпаді, семіз біреу кеп отырды (Қ.Жұмаділов Бір ғана ғұмыр). Көркем мәтіндердегі «есі дұрыс емес», «алжыған», «есі амысқан», «іші боқ – сырты түк», «дымы кеппеген», «семіз біреу» дегендер кейіпкер сөздері де, олар сол бейненің кандай дәрежедегі адамдар екендігін аңғарту үшін әдейі қолданған.

Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әресе макоронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Көркем шығарманың «көркемдік» шарттарының бірі де осында. Бұл шарт – тәсіл, стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы – жазушының сөз күдіретін тану шеберлігіне алып барады. Мысалы, *Қасым мен Жантықтың осынша иттігінің мәнісі не екенін ажырата алмадың* (Ғ. Мүсірепов «Қос шалқар»).

*Жат қимылдамай... Қазір балаңды табасың!* – дедім (Ғ. Мүсірепов «Қос шалқар»).

*Ой, қан жауғыр қаныық, – деп жүре берді* (Ғ. Мүсірепов «Қос шалқар»). *Ойбай, қатын, тап әкеңнің аузын!,-дедім әңгіменің түйінді жеріне тақалып қалғанда* (Ғ. Мүсірепов «Қос шалқар»). *«Қырттар бүгін қай жерде бас қосып отыр екен!?»* - деп көзін жұмған қалтында жымып қойды (Ғ. Мүсірепов «Қос шалқар»). Мұндағы дөрекі мәнді «иттік» (жамандық жасау), «балаңды табасың», «қаншық», «катын» (әйел затын қорлау) мағынасындағы дисфемизмдер болса, «әкеннің аузын», «қырттар» дегендер мәдениеті өте төмен, тәлім-тәрбиесіз, дөрекі мінезді кейіпкер аузына салуы – қаламгердің стильдік шеберлігі. Осы стильдік амал арқылы бейненің мінез-құлқын, білім дәрежесін т.б. аңғартып отыр.

Функционалдық стильді айқындауда тілдің әлеуметтік мүддені көздеп жұмсалуды – негізгі принцип. Зерттеуші М.Н. Кожина функционалдық стильдерді шығарманың жанрына я болмаса экспрессиялық сипатына, сондай-ақ сөздің (ойдың), айтылу түріне (ауызша не жазбаша) қарай ажырату лингвистикалық ғылым тұрғысынан негізгі принцип бола алмайды дейді [38, 173 б.]. Сондықтан көркем әдебиет стилін

айкындайтын принциптерді өзге тұстардан іздеу керек болар. Айталық, көркем әдебиеттің коммуникативтік қызметіне үстелетін эстетикалық қызметі оның функционалдық стилін танытатын белгілердің бірі болмақ.

Сөйтіп, көркем әдебиет стилінің өзге мақсаттық стильдерге карағанда олардан өзгешеленетін тұстары бар екендігі байқалады, олар:

Мұнда экспрессивті, әсерлі (эмоционалды), суреттеме бояуы, бағалауыш сипаты күшті элементтердің жиірек қолданылатындығы: Мысалы: суреттеме бояуы, бағалағыштық қызмет дегенде, әсіресе дисфемизмдер ерекше стильдік қызмет атқарады: *«қыртты езген жеңеді, езгенді құдайдан безген жеңеді»* *деуші еді, сол рас шығар* (Қ.Жұмаділов Бір ғана ғұмыр) Немесе: *Жұрт мұны алжығанға, есі ауысқанға жорыды* (Қ.Жұмаділов Бір ғана ғұмыр.) Көркем мәтіндегі «қырт», «езу», «құдайдан безу», «алжыған», «есі ауысқан» дисфемизмдері кейіпкерге берілген тікелей баға болып отыр. Әсіресе, «езгенді құдайдан безген женеді» деп суреттеу онсыз да «қырт адамның» (айтқанға көнбейтін, ақылға келмейтін әрі сөзуар адамды женетін «езбеге» берілген суреттеме, яғни бағалағыштық қызмет, әрине, тек көркем шығарма стиліне ғана тән ерекшелік дегенге келісуге болады.

Сондай-ақ, көркем әдебиетте карапайым сөздер мен көне сөздердің, әдеби нормадан тысқары тұратын диалектизм, варваризм, дөрекі сөз, макоронизм сияқты сөздердің стильдік мақсатта еркін қолданыла беретіндігі; Айталық: *«– ... Сен де кет. Біліп жүріп, бәрін бүлдірген сен ит» – деп, қамшымен мені салып-салып жіберді.* (Беласқан повестер жинағы). Сол секілді: *– Сағынып отырсаң, міне байыңда келді. Кешіктің ғой, қайда гөляйттап жүрсің? – дейді Қозыбайға сол баяғы өктем сөйлейтін әдетімен* (Қ.Жұмаділов Бір ғана ғұмыр) сөйлемдеріндегі «ит» (онбаған), «бай» (күйеу, жолдас), «гөляйттап» (қыдырып) дегеннің бірі – тұрпайы мәнді дисфемизм, бірі – варваризм болып есептелінетін сөйлеу тілі элементтері, тек қолданыс жағынан келгенде әр түрлі стильдік қызмет атқару жағынан көркем шығармаларда ғана кездесіп



отырады. Сөйлеу тілі нормасындағы мұндай элементтер ғылыми, іс қағаздар стилі т.б. болсын қолданылмайды. Ал, көркем шығарма стилінде қолданылуы дегенде, мұндай элементтер жоғарыда көріп отырғанымыздай, еркін әрі талғаусыз қолданылады. Себебі, көркем мәтіндерде қаламгер жасап отырған кейіпкер бейнесін ашуда сөйлеу тілі элементтері диалектизм, варваризм, дисфемизмдер т.б. әр алуан жүктеме стильдік қызмет атқарады.

Ғылыми терминдер мен тілдік графареттердің қолданылмайтындығы, қолданыла қалған күнде олардың белгілі бір стильдік жүкпен, мысалы, кейіпкер тілінде кездесетіндігі.

Көркем әдебиет стилистикасын зерттеуде орыс тілі ғылымында тіл білімінің проблемалары деп:

- 1) көркем әдебиет тілінің өзге функционалдық стильдермен өзара байланысын (қарым-қатынасын) таныту;
- 2) тіл құралдарын эстетикалық қызметте жұмсау принциптерін айқындау;
- 3) жеке ақын-жазушылардың ұлттық әдеби тіл тарихындағы рөлін зерттеу мәселелерін таниды.

Функционалдық стильдердің бір тармағы – көркем әдебиет тілін зерттеуде әңгіме негізінен екі түрлі проблема төңірегінде болады. Олар:

1) жалпы ұлттық әдеби тілдің даму барысындағы көркем әдебиет тілінің орны;

2) жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі). Бұларды тағы екі түрлі тұрғыдан қарастыруға тура келеді: бірі – шеберлік, екіншісі – нормалылық тұрғысы. Ашып айтсақ, біріншісі – көркем әдебиет тілін, яғни «поэтикалық сөзді» стилистика объектісі ретінде қарастыру, екіншісі – жалпы ұлттық әдеби тілдің белгілі бір қаттауының, айталық, лексикасының немесе грамматикасының нормалары мен ұлттық көркем тіл нормаларының арақатынасы, қарым-қатынасы және бұл нормалардың көркем текстерде көрінуі тұрғысынан қарастыру [35, 177 б.].

Функционалдык стильдің бір тармағы – көркем шығарма тілін лингвостилистика тұрғысынан зерттеуде мыналарды нысанаға алады:

- а) «автор образы» дегеннің көрінісі;
- ә) баяндаудың түрлері;
- б) кейіпкерлердің сөзін беру (кейіпкерлерді сөйлету) принциптері;
- в) кейіпкерлер тілі мен автордың өз тілінің көрінісі [35, 178 б.].

Лингвостилистика көркем тексте эстетикалық сипаттама беруді көздейді, яғни көркем шығармадағы сөздің ерекше қызметін: стильдік жүгін, құбылуын айқындайды [33, 181 б.]. Әдетте көркем мәтіндегі сөздерге жүктеме стильдік қызмет артып құбылту қаламгердің шеберлігіне байланысты болмақ, бұл шеберлік ежелден келе жатқан казак халқының полисемьялық құбылысындағы ауыс мағыналардың қызметіне жататыны белгілі. Бір сөз бір-ақ мағынада емес, сан түрлі қырлары контекстік қолданыстарынан анық байқалады. Мұндай құбылыстар тіл білімінде метафора, теңеу, эпитет, кейіптеу, т.б. терминдерімен аталып жүр. Зерттеу барысында эвфемизмдер мен дисфемизмдер көркем шығармаларда сөз құбылудың жағымды, жағымсыз эмоцияларды болсын қаламгерлердің аса бір көңіл бөлетін көркемдегіш құралына айналған. Мысалы: – *Сондай шіріктерге ешкімнің де қол былғап, жаман атқа қатғысы келмейді* (Н.Келімбетов Үміт үзгім келмейді) деген сөйлемдегі «шірік» (қолынан еш нәрсе келмеу), «жаман ат» (күнәға бату), сол секілді: – *Бәрібір өлексені үйге кіргізбеймін* (Н.Келімбетов Үміт үзгім келмейді) мысалындағы «өлексі» (жаман адам) мағынасындағы метафоралық қолданыспен кейіпкердің жолдасына деген қатты көңіл қалғаны әрі бір жағынан жанын жаралаған өкініш қасіреттің бары осы, әсіресе, «шірік», «өлексе» сөздердің ауыс мағынасынан жасалған эмоционалдык дисфемизмдердің сөз құбылыстарынан анық аңғарылады. Негізінен ғалымдар пікірінше, казак тілінде сөз басына есептегенде тура мағыналы сөз санының қоры көп болғанымен, лингвистикалық зерттеу нәтижелеріне карағанда

сонша қыруар тіл байлығы астарлап, образды, бейнелі сөйлеудегі сөздің ауыс мағыналарының қызметі екені анықталып отыр. Сонда полисемиялық құбылыс нәтижесінде әрі жаннамалы тілге жататындықтан, қазақ тіліндегі сөздер контекстік мағынада ондап, жүздеп саналатын келтірінді екінші бір мағынада жұмасала алатындықтары белгілі болып отыр. Мұндай сөздер әсіресе сын есімдер үлесіне көбірек тиетін көрінеді. Айталық, оңай, жеңіл, қиындығы жоқ деген сөздердің орнына қаламгер оқырманға жеткізе, шындыққа жанасымды етіп жағымсыз мағынадағы дисфемизм болса да, кейіпкердің табиғатын ашуда: – *Халықтың қаймағын сыпырып алса, қалған тобырды құлға айналдыру боқтан оңай...* (К.Жұмаділов Бір ғана тұмыр) сөйлеміндегі халық, жұрт мағынасындағы сөзді «тобыр», жеңілді «боқтан оңай» деп қолдануы сол кейіпкердің өскен ортасын, алған тәрбиесін, адамгершілік деген мәселелер таразыға салынып, оның қандай адам екендігін аңғарту мақсатын көздеп отыр. Сонда ауыс мағыналар көркем шығармаларда тек адамның мінез-құлқын емес, көңіл-күйді, яғни ұнату, ұнатпау, жек көру сезімдерін жеріне жеткізе суреттеуде таптырмас стильдік тәсіл болып табылады. Мысалы: – *Мүмкін, ши мұрын шығар?* (Ә.Кекілбаев. Он екі томдық шығармалар жинағы) дегендегі «ши мұрын» ұнатпау, мазақ ету мағынасында жұмсалып тұрған дисфемизм құбылысындағы метафоралық қолданыс екені түсінікті. Мұндай сәттерді әрине эвфемизмдер де атқара алады. Айталық кейіпкердің іштей жан күйзелісін көрсетуде автор: – *Егер сені алғашқы күннен-ақ көңілімнің суаты бола алмағанда, екі бірдей ұлым жүрегіме күндіз-түні тынымсыз мейірім нұрын құйып жатпағанда, әлде қашан-ақ жұлдызым сөнері хақ еді.* (Н.Келімбетов Үміт үзгім келмейді) сөйлемдегі «көңілімнің суаты», «мейірім нұры», «жұлдыз» эвфемизмдік метафоралар кейіпкер көңілін жеткізуде тамаша көркемдегіш құрал болып отыр.

Көркем әдебиет стилі қазақ әдеби тілінің қалыптасып, дамуы барысында басты рөл атқарып келгені мәлім. Бұл күнде де қоғамдық-публицистикалық, ғылыми стильдермен қатар, әдеби тілдің жетіле түсу процесінде белгілі дәрежеде елеулі

орын алып отырған көркем әдебиеттің тілін тек лингвостилистикалық аспектіде ғана емес, әдеби тіл нормаларын сұрыптау, тұрақтандыру, сөз мәдениетін көтеру тұрғысынан да зерттеу қажеттігі туады [35, 182 б.].

Қарапайым сөйлеу тілінің құрамына мазмұны тұрпайылау, дөрекі сөздер, диалектизмдер, жаргондар енгізіліп, олар жалпылама лексикаға қарағанда эмоционалды-экспрессивті бояуының күштілігімен ерекшеленетіндігі де айкындалған құбылыс [3, 236 б.].

Көркем шығарманың мазмұны ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін айшықты сөзбен бейнелеп, суреттеп көрсету арқылы түсінілетіні белгілі. Жазушының сөз шеберлігі, тапқырлығы, сөздік қорының ұйытқысы – халықтың ауызекі сөйлеу тілінің үлгілерін, көбінесе ауыз әдебиетінің мол қазынасынан алынған мақал-мәтел, қанатты сөздер не неологизмдерді шебер пайдаланып, ойнақы өрнек, айшықты кестелер жасау арқылы тілімізді байыту әрекеті байқалады.

Сонымен әрбір жазушы өз шығармасында жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын шебер пайдаланып, сөздік құрамға әсер етіп, тілімізді жана сөз өрнектері арқылы байытып, дамытып отыруы тиіс.

Қорытындылай келе:

1. Эвфемизмдер мен дисфемизмдер көркем шығармаларда сөз не тіркестердің екінші бір қырынан (бейнелі түрде) танылады (сыпайы не тұрпайы).

2. Әдеби тілде әлі де болса күні бүгінге дейін қалыптасып үлгермеген қайсыбір қолданыстарды эвфемизмдер мен дисфемизмдер толықтырады. Ол алдымен ауызекі тілде, көркем шығармаларда қолданыла келе жалпы халықтық тілге айналады.

3. Эвфемизмдер мен дисфемизмдер жекелеген қаламгерлердің тілінде неологизм ретінде жасалуға ықтимал да, содан әдеби нормаға енеді.

4. Кейбір эвфемизмдер мен дисфемизмдердің жаңа қолданысы көркем әдебиет стилінің шыңдалу процесін, яғни,

... (ік нормалардың қалыптасу үрдісінде әдеби нормаға қарсы тұрған және әдеби норманын қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

5. Эвфемизмдердің көркем әдебиетте қолданыстары негізінен эстетикалық мақсаттан, бағыттан туындайтын тілдік амалдар.

6. Эвфемизмдер мен дисфемизмдердің жалпыхалықтық қолданысқа, айналымға түсуі қаламгердің сөз шеберлігіне, өркісіне байланысты.

7. Эвфемизмдер мен дисфемизмдер қолданысын сол заманның халық мәдениетін көрсету мақсатында да қолданылады. Сондықтан метафора, метонимия т.б. эвфемизмдер мен дисфемизмдердің көрінісіне қызмет етеді.

## **2.2 КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ ЭВФЕМИСТИК, ДИСФЕМИСТИК ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІК СИПАТЫ**

Көркем шығарма тілінде әр алуан стиль түрлері кездесе беретіні – заңды құбылыс. Себебі, шығарма кейіпкері ауыл еңбеккерлерінен бастап, ғалым, кәсіпкер, дәрігер т.б. болуына байланысты әрі түрлі қоғам орталары да қамтылуына орай әр кейіпкер өзінің табиғатына лайықты сөз жұмсайды. Сол ерекшеліктердің бірі – эвфемизм мен дисфемизмдердің эмоционалды-экспрессивтік мәнде қолданылуы. Эмоция – латын сөзі (emovere) – «қоздыру», «толқыту» етістік мағынасын береді [39, 447 б.].

Негізінен эмоция оның ішінде сөз эмоциясы, экспрессивтілігі деген мәселеде тіл-тілдерде көптеген ғалымдар өз пікірлерін білдірген және әлі де болса бірінғай пікірге, бірізділікке келе алмай тұрған жағдайлары байқалады. Қазақ тіл білімінде де эмоционалды-экспрессивті сөздер турасында біраз ғалымдар ой-тұжырымдарын ортаға салған болатын. Бұл орайда, профессор Х.М. Нұрмұханов «Сөз және шеберлік» монографиялық еңбегінде арнайы тақырып ретінде жан-жақты талдаулар жасаған. Ғалым алдымен эмоция және эмоционалды мәнді сөздерге талдау жасай келе: «Демек эмоция дегеніміз

жағымды не жағымсыз реакциямыз, субъективті психологиялық процесс...» [40, 28 б.] – дей келе: «эмоционалды мәнді деп негізгі мағынасының жағымды не жағымсыз реакция туғызатындай (тамаша, ерен, жалмауыз, жәдігөй, озбыр, аң ұрған, арам тамақ т.б. сияқты) сөздер мен сөз тіркестерін карауға тиіспіз» – деген пікір айтады [40, 47 б.]. Сол секілді ғалым эмоционалды, экспрессивті сөздердің де табиғатын ашу барысында эмоционалды сөздердің бәрі экспрессивті де, ал экспрессивті сөздердің бәрі эмоционалды бола бермейтінін ескертеді. (сонда, 56 б.) Біздің зерттеуімізге карағанда, бұл мәселенің эвфемизм мен дисфемизмдерге қатыстығын карастыруда, дисфемизмдер көркем мәтіндерде белгілі бір жүктеме стильдік мақсаттарда, басым көпшілігінде, әрі эмоционалды, әрі экспрессивті мәнде келсе, қайсыбір жағдайда эвфемизмдерде ондай құбылыс байқала қоймады. Әрине, бұдан эвфемизмдер эмоционалды-экспрессивті сөздер ретінде қолданылмайды деген теріс пікірге келуге болмайды. Себебі, ұнату, жақсы көру секілді сезімдер эвфемизммен берілгенде, сөз жоқ, эмоционалды-экспрессивті сөздер ретінде қолданылады. Мысалы: *Балкім, кемтігіңді толтыру үшін төсек жаңғыртып, жас иіс алатын шығарсың? Қазір шалдардың құтырған заманы ғой,* (Қ.Жұмаділов Бір ғана ғұмыр.) деген сөйлемде «төсек жаңғырту», «жас иіс алу» (үйлену) мағынасындағы эвфемизмдерде көтеріңкі сынақ-сұрақ мағынасында экспрессивті мән болса, кейіпкердің үнінде кекесін әрі әзіл-оспағы аралас көзқарас күйі байқалады. Бұл сөздерге эмоционалды мән беріп, оған «құтырған» деген эмоционалды әрі экспрессивті дисфемизмнің қосарлауынан, жалпы көркем мәтін, эмоционалды-экспрессивті мәнге ие болып отыр. Ал, жалпы алғанда, қыл қалам иегерлері кейіпкердің мінез-құлықтарын суреттеуде дисфемизмдер мен эвфемизмдерді эмоционалды-экспрессивті сөздер ретінде қолданады. Мұның үстіне, әсіресе, дисфемизмдер, басым көпшілігінде, көркем шығармаларда адамдар арасындағы түрлі келенсіз жағдайларды суреттегенде қолданылатынын естен шығармамаған абзал. Бұл жағдайда олар, әрине эмоционалды-экспрессивті болып келеді.

«Эмоция-экспрессивтік, негізінен, сөйлеу процесіне тән құбылыс. Кез келген сөйлемде сол айтылып жатқан хабарға алушының көзқарасын білдіретін элемент – модальділіктің болуының шындығы. Ал тіл элементтерінің барлығында бірдей эмоционалды-экспрессивтік мағына элементінің болуы шарт емес» [36, 109 б.]. Автордың айтып отырған эмоционалды-экспрессивтілік пен модальділік мәселесінде осы үш термин жөнінде, олардың өзара арақатнасы турасында әлі де болса «бірдей түсетін тұстары бар сияқты. Себебі, қайсыбір сөздерде мұндай қасиет болмағанымен, контекстік мағынада модальділікті бідіру барысында әрі эмоционалды әрі экспрессивті тұлға ретінде қолданыла алатын сөз, сөз тіркестері бізінде жиі ұшырасады. Күнделікті тіршілікте «қайтыс болыпты», «қаза болды» деген тіркестерде суық хабар болғанымен, соншалықты эмоция мәні күшті немесе экспрессивтілік сезіле қоймайды. Мұндай сөздер қалам шебері М.Әуезовтің Абай сынды ұлы адам турасында: «Осылайша айналасы айықпаған сұр тұман, суық заман ішінде ұлы жан дүниеден көшті. Мағаштың қыркын беріп болған күннің ертеңінде Абай және қаза тапты. Ұлы кеуденің ыстық демі тоқтады. Шөл даланы жарып аққан дариядай, жалтыр биік басына жалғыз шыққан алып шынар құлады. Өмірден Абай кетті», – деп суреттеудегі ақынның қазасын: «дүниеден көшті», «қаза тапты», «ыстық демі тоқтады», «өмірден кетті» тіркестері контекст нәтижесінде соншалықты кимас адамға деген сезімнің жан күйзелісін бейнелеген эмоционалды-экспрессивті әрі модальділік мәні айқын көрініп тұрған эвфемистік тұлғалар. Бір ескеретін мәселе, көркем шығармаларда эвфемизмдер мен дисфемизмдер эмоционалды-экспрессивті мағыналарда қолданғанда, оларда міндетті түрде бағалаушылық мән-қызмет болады. Себебі, бұл тұста ұнату, ұнатпау секілді көңіл-күй сезімдері астасып жатады. Мысалы: «– *Өңі тәуір ұрғашыны көрсе болғаны, көзі тұнып, еркінен айрылып қалады*» дегендегі «ұрғашы» (әйел мағынасында) дисфемизмі жағымсыз эмоционалды-экспрессивті сөз ретінде қолданған. Әрі мұнда кейіпкердің жолдасына деген қызғаныштан бұрын сенімсіздік

көзқарас бар. Енді модаль сөздерге берілген анықтамаға тоқталайық: «...сөйлеуші өзінің бұл хабарын қалай түсінеді, өз тарапынан оған қандай сипаттама береді, ақиқат шындыққа қалай қарайды – модальдік қатынастық мәні міне осында» [41, 65–67 бб.] – дей келе: «Сөйлемнің модальдылығы басқа да әр алуан, әсіресе, экспрессивті және эмоционалды мағыналарымен өте ұқсас, көп жағдайда олар өзара тығыз байланыста болып келеді. Демек, таза модальдық мағына бар да, бұған қоса экспрессивті және эмоционалды тағы өз алдына, деп көрсетілген теориялық тұжырымдар әлі де болса біржола шешімін таппаған мәселе екені көрініп тұр. Талдай келгенде, «модальдылық» деген термин, біздің байқауымызша, тіл білімінің әр саласында әрі үлкенді-кішігірім категориялар ретінде салаларға қатысты болып көрініс беріп жүр, әуезділікке қатысты фонетика саласына да қатыстылығы бар секілді. Осы бағытта алып қарағанда кейіпкердің сан түрлі іс әрекеттерге, оқиғаларға т.б. көзқарастарын білдіруде эмоционалды – экспрессивті болып келген эвфемизмдер мен дисфемизмдер де модальділікке ие бола алады деген пікірдеміз. Модальділік болғанда әсіресе тұрпайы мәнді дисфемизмдер қатысымен жалпы сөйлемде модальділіктің пайда болуына негіз бола алатын секілді. Мысалы: «– *Ішінде латынша жазуы жоқ демесең, тегі жұрт қырылып жататын шетел бәтеңкелерінің енесін ұрып жібереді!*», – деп жатт-жұлт еткен сүйріктей екі қара бәтеңкені призициумда отырған кісілердің алдына қойды. (Қ.Жұмаділов *Бір ғана ғұмыр.*) деген сөйлемде «енесін ұрып жібереді» (бәсекелес бола алады) мағынасындағы етістіктің рай категориясына (баяндауышқа) қатысты келген тұрпайы мәнді дисфемизмнің эмоционалды әрі экспрессивті мәнді болып келуіне тікелей қатысы бары күмән туғыза қоймас.

Сондықтан, «Эмоция адамдардың дүниедегі болып жатқан құбылыстар мен айналасындағы заттарға, жеке адамдардың қарым-қатынастарына, т.б. баға беруімен тікелей байланысты» [41, 109 б.] деген ғалымның пікірі өте орынды деп бағалаймыз. Мұндай баға берудің бірнеше шкаласы болуы мүмкін, олардың қарама-қарсы қоятын антонимдік жұптары да бар. Мысалы,



жағымсыз-жаман, жоғары-төмен, жаңа-ескі, ұзын-қысқа, алыс-жақын, ауыр-жеңіл, т.б. Әрине бұл ойлау процесінде ғана болып қоймай, сөз мағынасында да байқалады. Сондықтан да эмоциялық-экспрессивтік сөздерді де біз жағымды эмоцияны, жағымсыз эмоцияны білдіретін сөздер деп екіге бөлуімізге болады. Салыстырыңыздар: ботакан, жарасымды, сәнді, ақымақ, анық, безер, әумесер, әулекі, аусар, анқау, қу, найы, т.б. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы эмоциялық-экспрессивтік сөздерді салыстырып қарасақ, біріншіден, эмоциялық-экспрессивтік сөздер одағайларда, сын есімдер мен етістіктерде көп кездеседі, зат есімдер мен басқа сөз таптарында сирек кездеседі, екіншіден, жағымды эмоцияны білдіретін сөздерден жағымсыз эмоцияны білдіретін сөздердің көп екендігіне көз жеткізуге болады» [41, 112 б.].

Адам өз айналасында болып жатқан құбылыстарды сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймай, оған өз көзқарасын да білдіріп, баға беріп отырады. Сөйтіп, әр ұрпақ өз кезінде қоғамда болып жатқан өзгерістерді өзінше бағалап, оны кейінгі ұрпаққа қалдырады. Бұл адамзат тарихында қайталанып отыратын немесе үздіксіз процесс. Тілдегі сөздер табиғатына қарай алуан түрлі екендігі анық. Белгілі бір сөздер тобы өзінің негізгі мағынасында қолданылып түсінілсе, кейбір сөздер тобы адамның сезіміне әсер етіп, белгілі бір қосымша мағынада жұмсалады. Мысал келтірелік:

– *Ылғи бір топас жандармен сонша ұзақ сөйлесіп отыруға да шыдам керек-ақ шығар* (Ғ. Мүсірепов).

– *Топастың тілегі соғыс пен бүлік* (Ә. Әлімжанов).

– *Қаншама топас, тас бауыр болса да жақсылыққа жібімейтін адам жоқ* (Ө. Қанахин).

Ең алдымен мысал ретінде алынған *топас* сөзінің этимологиясын ашып алалық. «Топас» – осы күнгі түсінігімізде ой-өрісі нашар, надан, ақымақ, кеше деген мағынаны білдіреді. Сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасын осы күнгі түркі тілдерінен іздеп табуға болады. Хакас тілінде «тоо» сөзі – біздің түсініміздегі «тыңдау, тіл алу», ал «тообас» тұлғасы – еш нәрсемен санаспайтын, тыңдаусыз мағыналарында жұмсалады.



экспрессивті мәнде келгендіктен, олардың да жоғарыда көрсетілгендей жасалу жолдарының болуы – заңды құбылыс. Бұл арада эвфемизмдер мен дисфемизмдердің түп-түгел жасалу жолдарын емес, сөз реті келіп тұрған соң, кейбіреулеріне тоқтала кеткеді жөн көрдік. Мысалдарға жүгінейік: – *Керегі жоқ дедім зой, маған мұндай мешелдің!* (Келімбетов Үміт үзгім келмейді) – *Сен немене қазақша түсінбейтін ноқайсың ба? – деді ол кеудеден нұқып* (Б. Мұқай, Таңдамалы шығармалар.) – *Тағып кетсем кешіріңіз!* (Қ.Жұмаділов Бір ғана ғұмыр.). Көркем мәтіндердегі «мешел» (артта қалған, мешеу), «ноқай» (надан, ақымақ), «лағу» (беталды сөйлеу) мағыналарындағы автор білгендей түбір сөзді дисфемизмдер эмоционалды-экспрессивті түрде қолданылса, ал мына мысалдардағы: – *Өзімнен бес жас үйкен қартаң қатынға көңілім ауатындай жын ұрып па? – деді. Енді кекірлеуді қойып, жұрт қатарлы күнелту керек немесе: – Демократияны ұрғаның барма?* (Қ.Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр.) сөйлемдердегі «жын ұру» (құтыру), «кекірлеуді кою» (қанағаттану), «ұрғаны бар» (кажет етпеу, керек қылмау) мағынасындағы тұрақты тіркес арқылы жасалған эмоционалды-экспрессивті дисфемизмдер болып саналады. Ал, енді қайсыбір стильдік максаттарда жазушы метафора, метонимия, т.б. секілді сөздердің ауыс мағыналары нәтижесінде жасалынған дисфемизмдерді құбылыс немесе бір нәрсені суреттеуде көркемдегіш құрал ретінде жиі пайдаланылады. Мысалы: *«Бұнысын кәпір ісі деп «Қасапшы Нұрасулла» атанған Бұхар әмірі, биылғы жылы көп әскермен кеп Мәделіханды бауыздап, ал сұлу Ханпадшайымның күнтимесіне қорғасын құйып өлтіргенді. Граф соны айтып тұр».* (Есенберлин І. Көшпенділер. 3-кітап.). Әрине «күнтимес» деген дене мүшені атаудың өзі айтуға ыңғайсыз, мүмкіндігі болса қолданыла қоймайтын нәрсені екінші бір затқа ұқсату, балау арқылы жазушы болған шындықты метафора арқылы еріксіз жеткізу амалын тапқан сияқты. Қаламгер бауыздау, тірідей қорғасын кою тәрізді айтуандылықпен жазаланған жан түршігерлік суық хабар арасында «күнтимес» сөзінің экспрессивті мәнін арттыра түсіп, оқырманның жиіркенішті эмоциясын туғызып отыр. Ал мына

мысалдардағы: «Манадан бері өзеннің арғы жағына топырлай жылып, лагерь боп жайғасып жатқан қалың әскерге қызықтап қарап тұрған қала халқы»: «Осынша көп обыр ауыздан құтылғанмыз өтірік пе, шын ба!» – деп, іштерінен тәуба айтып тұрған шығар. (Ә. Кекілбайұлы. «Елең-алаң» роман). *Әдейі көр дегендей баланың басындай толық, тыптығыршық сүйір ұшты қос анарын біресе оңға, біресе солға қарай сипай итеріп, немесе қолымен жоғары көтеріп-көтеріп қояды.* (Есенберлин І. Көшпенділер. 3-кітап.). *Осы арада бой жылыту үшін қойыңға тығылып алған бір шөлмекті бөліп іштік* (С. Жүнісов Жапандағы жалғыз үй.) деген сөйлемдердегі дисфемизмдер мен эвфемизмдер өз орындарында жұмсалып тұрған көркемдегіш құралдар. Бүтіннің орнына бөлшекті колданып, оған «обыр» деген анықтауыш тіркеспен «обыр ауыз» (тойымсыздар) мағынасындағы синекдохалық дисфемизм халықтың күдігін, қуанышы мен реніштерін араластыра суреттеуде сәтті шыққан эмоциялы мәнді тұлға болса, «қос анарын» (дене мүшесі), «шөлмек» (арак) мағынасындағы сыпайылап жеткізуде колданылып отырған іргелес ұғымдағы метонимиялық эвфемизмдер. Тіпті бейтарап немесе жеке колданыстарда ешқандай экспрессивті не эмоционалды сөз болмаса да, қаламгер қолынан қайта жаңғырып, контекстік мағына көмегімен сөзге жан бітірер тұстары да бар. Мысалы: *«Дүлей күшке қарсы тұра алмай-ақ жүзін мөлдір жасы жуып талмаусырап жатқан «жас иісті» тағы да бие сауым мезгіл әурелей, аға сұлтан әлден уақытта орнынан тұрды».* (І. Есенберлин Көшпенділер.) деп суреттелген оқиғада сұмдық пен тағылық сезіледі. *«Өзі аға сұлтан, дүлей күш, жазығы жоқ жас жанның осынша нәзіктің қарсы тұруға жарамай тек мөлдіреген жас, талмаусырап»* деп жан ашырлықпен суреттесе, араны тоймаған, жемтік көрген қорқауға ол «жас иіс» болып көрініп, онысымен қоймай, бие сауым мезгіл әурелеп деп, «қыз» дегеннің орнына «жас иіс» деп, метонимиялық колданыспен эмоционалды-экспрессивті бояуын одан сайын артқызып, оқырман көңіл-күйіне әсер етіп отыр. «Жас иіс» деп әдетте құрбы құрдастар әзілдесіп ойын сөзге айналдарса, бұл арада

күбір болған жанды, қорланған «жас иісті» көреміз. Осынша эмоция, экспрессивтік, әрине сөздің ауыс мағынасынан, контекстік мағына қолданысынан туындап отыр. Әдетте кейіпкерлердің адамның көңіл-күйін, түрлі жағдайларды суреттеуде метафоралық дисфемизмдерді жиі қолданылатыны байқалады. Мысалы: *Бата – баянсыз, бодаусыз, боқ тіршіліктің күндік алданышы ғана* (Баккожа Мұқай «Таңдамалы шығармалар») деп суреттейді. Негізінен адамға ең қымбат өмір, тіршілік жалғасы, немере сүю болса, кейіпкер монолығындағы өмір – «боқ тіршілік». Бұл метафоралық қолданыстағы эмоционалды-экспрессивті мәнді дисфемизм. Жолы болмаған кейіпкердің ішкі жан күйзелісі, баянсыз өмірі. Сондай күйзелісті автор «боқ тіршілік» (әурешілік) метафорасымен дәл суреттеп отыр. Қалам шебері Ғ.Мүсірепов «Өмір ертегісінде» кейіпкердің мінез құлқына байланысты: – *Нағыз боқ жеген екенсің!* – деді деп сөз салады. Жазушы мұндай эмоционалды-экспрессивті тұрпайы мәнді дисфемизмді кейіпкер турасында ұзақ сонар баяндауға бармай-ақ, осы сөз қолданысынан кімнің кім екенін аңғару барысында оқырманның өз қалауына қойса керек. Мұны да шеберлік деп түсінген жөн.

Сондай-ақ, эмоциялы-экспрессивтік мағынаны берудегі өнімді жолдың бірі – сөздердің метафоралы қолданылуы екендігін айта келе, метафоралы мағынада қолданылып, эмоциялық-экспрессивтік мағынаны білдіре алатын сөздерді топтастырып көрсетеді. Олар:

1. Құс атаулары.
2. Төрт-түлік мал атаулары.
3. Жыртқыш аң атаулары.
4. Ит-үй хайуаны.
5. Жабайы аңдар.
6. Құрт-құмырысқа.
7. Тірі жәндіктерге, жан-жануарларға байланысты қолданылатын мал, мақұлық, аң сияқты жалпы атаулар.
8. Кейбір өсімдік атаулары.
9. Ай, күн сияқты планета атаулары.

10. Дерт, ауру атаулары [36, 121 б.]. Мысалы, «*Доңызсың, надан! – дейді мұғалім де ашуланып. Былшылдама ит! – деп итере салып, далаға шыға келсем, пар ат тұр екен*». Бұл сөздер метафоралы мағынада қолданылып, жағымды не жағымсыз мағынаны білдіреді. Мұндағы жағымсыз мағына жек көру, ұнатпау, менсінбеу, жақтырмау сияқты жағымсыз эмоцияда қолданылатын сөздер. Оларды тіл білімінде пейоратив сөздер деп те атайды. Яғни, жағымсыз мағыналы сөздер өзіндік ерекшеліктерімен дисфемизмдерге сәйкес келеді. Дисфемизмдерде экспрессиялық бағалауыштық сипат басым болып келеді, оларда мағынаның эмоционалды бөлшегі бірге жүреді. Дисфемизмдердің эмоционалды-экспрессивті сөздердің де құрамына енетіні белгілі. «Дисфемизмы традиционно считался синонимом слова «оскорбление», однако, в настоящее время в работах по исследованию этого явления утверждается, что дисфемизм-это нечто большее, чем просто нарушение правил коммуникации. Любое слово становится дисфемизмом, как и эвфемизмом не потому, что обладает соответствующими и изначально присущими слову качествами, а из-за использования его в качестве замены другого термин. Будет ли слово считаться эвфемизмом или дисфемизмом зависит от ситуации общения» [26, 84 б.] – деп белгілі бір сөздердің тұрпайылануын қарым-қатынастық жағдайымен байланысты қарастырады. Мысалы:

«– *Айдың, жылдың аманында тірідей жерге көміп, досқа күлкі, дұшпанға таба қылдың-ау, көгермегір!...*

– *Мигұла неме-ау, тым құрыса соны да түсінбегенің бе? (І. Есенберлин. Көшпенділер.)*

– *Араға сегіз жыл салып, бала табудан мүлде қарайып қалған кезімде, осы жарыместі неге ғана таптым екен десейші? (І. Есенберлин. Көшпенділер.)*

– *Мына шіріген жұмыртқаны не істесем болады? (І. Есенберлин. Көшпенділер.)*

– *Әй, Орынғайша, өзің не сандалып отырсың? (І. Есенберлин. Көшпенділер.)*

– *Сөзімде тұрмайтын қатын емеспін, айта бер (І. Есенберлин. Көшпенділер.)*

*Қатын болмасаң... Жарайды, біз кетейік. (І. Есенберлин. Көшпенділер.).*

*Тәуекел деп генералға: «Маған қатындыққа есігіңде жүрген қырғыз қызын берсең болады», – дедім.*

*Жиырма бесінші жылғы заң бойынша қыздың кімге тиіс емесе де өз еркі.*

*Қатын құтырған заман болды ғой осы кез... (І. Есенберлин. Көшпенділер.).*

Сөйтіп, мен қазір Алтыншашты қатын етіп алып, Кенесарының аулына бара жатырмын, – деді сөзін аяқтап Ожар. (І. Есенберлин. Көшпенділер.). Мысалдардағы, «Қатын сөзі» көшпенділер тұсында не қарапайым, не дисфемизм емес. Ол замандарда революцияға дейін кез келген ақсақал жолаушы ат басын тіреген үйге: «Мына ауылдың ұрғашылары қайда, су беретін» – деп айқай салу – ол кезде дәстүр, ешкім ренжімейді. Аттан түсіріп, сусын береді. Бұл жағдайды тарихи романдардан кездестіруге болады. ХХ ғасырдан бастан бұл сөз тұрпайы мәнге ие болып, әдеби тілдік нормадан сөйлеу тілі элементі ретінде дисфемизмге айналды. Себебі, мәдениет өсті, саясат өзгерді, халық сауаттанды. Бұдан шығатын қорытынды эмоционалды-экспрессивті қарапайым дисфемизмдер бір жағынан жаһандандыру дәуіріндегі мәдениеттің деңгейіне тікелей байланысты. Абай тұсындағы қазақ әдеби тілінің нормасы тұрғысынан әңгіме болған әйел, қатын, ұрғашы деген сөздерді енді синонимдік қатарлардың қолданысы жағынан қарастырсақ, қазақ жазба тілінде активтене бастаған кірме араб сөзі әйел деген мен байырғы түркілік ұрғашы синонимін көбінесе «әйелзат, әйел атаулы, әйел жынысты» деген мағынада жұмсайды. Үстіміздегі ғасырдың 20-30-жылдарынан бастап әйел сөзі «біреудің әйелі, жұбайы» мағынасында да жұмсалып, қатын сөзі әдеби нормадан ығыстырылған, тіпті дөрекі сөздер қатарына көшкен. Мысалы: «Әй, қатын! Әрі жүр, – деді Тілеміс. Анам айта беруші еді – қатын итті байы қамшылап-қамшылап алып, артынан арқаға бір сипап жіберсе, одан артық рахат болмайды дейтін» (Р.Мұқанова. Шығармалар жинағы.).

Ал, «катын» қазіргі қазақ тілінде өзінің алғашқы мағынасынан алшақтап, этимологиялық өзгеріске ұшырауы салдарынан жағымсыз мәнге ие болғанымен, кейбір жағдайда, әсіресе ауызекі тілде қаратпа сөз ретінде: *«Қалайсың-ей, қатын? Сен қатын бақыттысың»* деген сияқты сөйлемдерде жағымды эмоционалды мәнде де қолданылады.

М. Серғалиев дәрекі сөздер туралы «Стилистика негіздері» кітабында: «Көбінесе ауызекі сөйлеуде ғана айтылып, ал әдеби тіл аясында, түрлі жазба еңбектерінің тілінде сирек ұшырасатын белгілі бір сөздер тобы бар. Олар, негізінен, дәрекі, тұрпайы мағынаны білдіретін сөздер. Осы себепті, бұл сияқты сөздер үнемі сөйлеу тілінде қолданылады. Рас, мұндай қарапайым сөздер ара-тұра көркем шығармаларда да кездеседі. Бірақ бұл ретте олар белгілі бір стильдік мақсатта жұмсалады... Мұндай стильдік мақсаттағы қарапайым сөздер, негізінен, кейіпкер тілінде қолданылады» [31, 70 б.] – деп, көрсетіледі. Енді көркем шығармалардағы кейіпкер тілінде ұшырасатын осындай сөздерге мысал келтірсек: *«Өз балаңмен ойнас болатын патшағарсың зой, алсам қайтер еді ана қамшының астына, деп ойлады ол бір сәтте»* (І. Есенберлин Көшпенділер.). Бір кезде ауылдың орта тұсынан әйел даусы: *Оңбаған ...бейбастақ дегендері естілді* (Ғ. Мүсірепов Шығармалар жинағы.). Мысалдағы «оңбаған, бейбастақ» сияқты халықтық лексиканы автор кейіпкер бойындағы қазақылықты, ұлттық болмысты бейнелеу үшін қолданған.

В.В.Виноградовтың: «Все средства языка выразительны, надо лишь умело пользоваться ими», – деген пікірін ескере отырып, ұтымды да орынды пайдаланса, дәрекі сөздер көркем әдебиет тілінде де шығарма идеясын, кейіпкер характерін ашуда, олардың сөйлеу мәдениеті мен ой-өресін көрсетуде үлкен рөл атқаратынын мойындау керек [2, 53 б.].

Мысалдағы, «Пәтшағар» – негізінен қарғыс мәндегі сөз сияқты болғанымен, көбіне-көп жағымды мәнде де жұмсала береді. Бұл жағдайда да иттің иісшілдігіне сүйсінуі жағымды эмоционалды мәнде жұмсалып тұр. Бұл сөздің контексте



эмоционалды-экспрессивті мән-мағынасының күшейіп көрінуі қанатқа қаратылып айтылуына байланысты болып тұр.

Берілген мысалдардан сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қарым-қатынасты дөрекі мәндегі эмоционалды-экспрессивті сөздер арқылы байқауға болады. Бірақ эмоционалды-экспрессивті сөздер тек жағымсыз мағынада ғана қолданылады деген ой тумау керек. Бұл орайда А.Е. Мамаева «Эмоционалды-экспрессивті сөздер барлық уақытта жағымсыз мағынаны бере алмайды. Бұл олардың дисфемизмдерден айырмашылығын көрсетеді» [23, 57 б.] дей келе, дисфемизм мен эмоционалды-экспрессивті сөздердің өзара ұқсас қасиеттері мен жалпы ортақ белгілерін анықтап жіктейді:

«1. Дисфемизмдер мен эмоционалды-экспрессивті сөздер көбінесе күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады;

2. Акын-жазушылар, стильдік мақсатын діттеп көркем шығармада кейіпкерлердің бейнесін айқындай түсетін тілдік құрал ретінде пайдаланылады;

3. Публицистикалық стильде, күнделікті баспасөзде өте сирек кездеседі;

4. Эмоционалды-экспрессивті сөздер мен дисфемизмдердің қолданыс аумағы кең емес. Екеуі де мағынаны анықтамайды, жазушының немесе айтушының айналадағы заттар мен құбылыстарға, адамға берген бағасын анықтайды;

5. Екеуінде жек көру, ұнатпау мәні бар, демек, екеуіне ортақ интенционал мағына бар деген сөз;

6. Эмоционалды-экспрессивті сөздер мен дисфемизмдерге көп мағыналық пен ауыспалы мағынада қолданылу ерекшелігі тән;

7. Тура (номинативті) мағынасы бар сөздер көп жағдайда екеуіне де ортақ болып келеді;

8. Ауызекі тіл мен әдеби тілді тығыз байланыстырады. Яғни, екеуінің ортасындағы дәнекер сөз болып табылады. Сондай-ақ, эмоционалды-экспрессивті сөздер мен дисфемизмдер өзара байланысты, бірақ дисфемизм ретінде қолданылатын сөздердің барлығы эмоционалды-экспрессивті, ал эмоционалды-экспрессивті сөздердің барлығы бірдей

дисфемизм бола алмайды. Өйткені, дисфемизмдердің айшықты мәнді сынарымен қатар тура мағыналы сыңары жарысып жүрсе, эмоционалды-экспрессивті сөздердің едәуір бөлегінің номинативті мағыналы сыңары бола бермейді. Эмоционалды-экспрессивті сөздер мен дисфемизмдер көркем шығармаларда кейіпкерлер тілінде қолданылып, көп кездесетіні байқалады. Олар кейіпкер бейнесін ашуда әр түрлі көзқарасқа, қарым-қатынас пен көңіл-күйге байланысты жұмсалып, лексикалық мағынасы арқылы жағымсыз сезім тудыратын сөздер қызметін атқарады. Мысалы, «– Әй, осы сен қатынды ма... быт-шытыңды шығарайын... – деп келіп, арқасынан тартып жіберді. Жоға, әлгі Құсайынның қатынын айтам-ау, – деді ол сәлден соң жуып-шәйіп, – ақша сұрасам, сайқымазақ қылады.», – Әй, докторсымақ! Бері қара! Әлде түк көрмейтін, су қараңғы соқыр деп ойлайсың ба?» (К. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр.).

*Бәрібір өлексені үйіме кіргізбеймін!* (Н. Келімбетов Үміт үзгім келмейді.). Бұл орайда Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиұлы «Адамның сезіміне әсер ететін сөздер тобы экспрессивтік-эмоционалды лексика деп аталады. Сөздің экспрессивтік сипаты оның бейнелі, мәнерлі айтылуынан, ал эмоционалдығы оған қоса адамның бір затқа, құбылысқа өзіндік көзқарасын, көңіл күйін, сезімін білдіруінен көрінеді. Сөздің бейнелі, мәнерлі айтылуы мен сезімге әсер ету қасиеті бір-бірімен тығыз байланысты. Эмоция бар жерде экспрессивтік болады. Ол эмоционалдық бояуы бар сөздер арқылы білдіріледі. Әсіресе, сүйіспеншілік, масаттанушылық, мақтанушылық, есіркеушілік, еркелік, таңырқаушылық, жағымпаздық, қошаметшілік, өшпенділік, үрейлену, сес көрсету сияқты адамның жағымды-жағымсыз қасиеттерін білдіруде жиі кездеседі. Экспрессивтік-эмоционалды сөздер барлық стильде бірдей қолданыла бермейді, олар негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән» деп айқындалады [4, 178 б.]. Шындығында да, адамзат айналасындағы дүниені не сол дүниеде болып жатқан құбылыстарды, олардың түрлі қасиеттерін тек сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, оған өздерінің көзқарастарын

өндіріп, оны өзгертуге, өзіне қажетті жағдайға келтіруге әрекет ететіндігі, дүниені өзгертуге актив қатынасатындығы анық.

Сөйлеушінің не жазған кісінің көзқарас, пікірінің түріне қарай экспрессивті бояулы сөздер жағымды және жағымсыз белгілерді аңғартатын сөздер болып екіге бөлінеді.

Эмоциональды-экспрессивті бояулы сөздер адамның көңіл-күйіне, қуаныш-қайғысына психикалық процеске байланысты айтылады. Сондықтан да, эмоционалды-экспрессивті сөздер жағымды және жағымсыз болып екіге бөлінеді. Жағымды эмоционалды-экспрессивті сөздер көңілді, сөзім мен қуаныш қалыпты, таңырқау, қызығу, сүйсіну, мән-мағыналарын береді.

Жағымсыз эмоционалды-экспрессивті сөздер төмен санау, менсінбеу, жек көру т.б. мән-мағыналарын аңғартады.

Сөздің жағымды не жағымсыз зат не құбылысты, қимыл-әрекетті аңғартатын сөздер мен жағымды, жағымсыз бояу сөзді ажырата білу керек. Дисфемизмдердің эмоциональды-экспрессивті сөздердің де құрамына кіретіні белгілі. Эмоциональды-экспрессивті сөздер туралы үлкен мәселе көтеріп, сырын ашуға ат салысқан тілші мамандардың бірі – Ш. Нұрғожинаның «Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка» – деген тақырыпта жазған кандидаттық диссертациясында (1989) эмоциональды-экспрессивті сөздерді былайша сипаттайды: «Экспрессивность в языке является самостоятельной стилистической категорией, которая может сочетаться с эмоциональностью. Анализ лексических элементов, характеризующихся разной степенью экспрессии, свидетельствует о том, что эмоции в своем языковом проявлении обычно экспрессивны, либо служат для выражения, психических состояний человека средствами языка, а также при стремлений определенным образом воздействовать на партнера» [42, с. 15] деп түйіндесе, Ғ. Мұсабаев: «Қазіргі қазақ тілінде, басқа тілдердегі сияқты, сөйлеушінің бір затқа не құбылысқа эмоциялық көзқарасын білдіретін бір топ сөздері бар. Бұл категориядағы сөздерді тіл ғылымында эмоционалды лексика немесе эмоциялық мәні бар сөздер дейді. Ал кейбір

сөздерде, құбылыстардың атауларында жақсы немесе жаман катынасты, психологиялық күйді көрсететін реңктер болады. Мысалы, айналайын, оңбаған дегендер тек белгілі бір тиянақталған... сөйлеушінің ой-күйін де білдіреді... Эмоционалдық лексика белгілі бір құбылысқа, затқа қауымның беретін бағасын аңғартады» [43, 178 б.], – деп көрсетеді.

Өз бойында адамның көңіл күйін, ішкі сезімін білдіретін, қасиеті я жағымды, жағымсыз реакция туғыза алатын ерекшелігі бар сөздерді эмоциялық сөздер деп түсінуге тиіспіз.

Тегінде, тілдегі экспрессивтілік дегенді айтылатын ойдың мәнерлілігі, суреттілігі, әсерлілігі деп түсінуіміз керек. Ал бұлар кейде жеке сөзбен де, сөз тіркесімен де, не болмаса түрлі грамматикалық тұлғалармен де берілуі мүмкін. Мысалы: *Ауылдарыңда Зағипа деген бір өсекші қатын бар емес пе, хабар берген сол қыз-ауыз!-деп әйел күпсіне қосарланды.* Берілген мысалдан сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қарым-катынасты байқауға болады.

Қай сөздің қаншалықты көркемдік деңгейіне көтерілуі оның лексикалық мағынасы мен жазушының рухани өресіне байланысты. Сондықтан әрбір жазушының өзіндік сөз қолданысы болады.

Көркем шығармаға қойылатын шарттар мен талаптардың ең бастысы – тіл шеберлігі. Әрбір жазушының өзіндік ерекшелігі, кейіпкерлері мен образдары, тақырыбы мен идеясы – барлығы да оның тілі арқылы көрінеді.

*«– Көкем қайда,- деп біреу жасырып қойғандай алақтаған көзімен стол астын, кабинеттің бұрыш-бұрышын тінтіп өтті. - Көкем қайда деймін». Әй, сен кереңбісің? – Көрсетермін әлі мұқатқанды. Әй, боқмұрын, кездесерміз тағы да. Өзің батыр неме екенсің. Қолыма бір түсерсің.*

*Бір кезде ауылдың орта тұсынан әйел даусы:*

*Оңбаған ... бейбастақ дегендері естілді». (С. Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй). Оттамасын деп қайырдым, – деді Қайсар.*

*Ит-ай, саған да өлім жоқ екен! – деп мойныма асыла кетті. Сөзі жоқ, соның іздері. Қасымнан өте беріп мені ту сыртымнан түіп-түйіп қалды, Жынды қыз!... (Ғ. Мүсірепов. Шығармалар жинағы. Боранды бекет.).*

*Байғұс, жынды екен... Есінен танған зой,-десіпті. (Ғ. Мүсірепов. «Өлімді жеңген ана»).*

*Ал, антұрған, қорбаңдамай ұлтыла түссеңізімі! – деген дауыстар естіледі. («Жеңілген Есрафил»).*

*Әй, сен кебіс ауыз, кімді сүйреп әкетесің? (Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романы.).*

*Көзіңді ұрайын, шалқа көз, Артықбайдың үйіне Есенеидің келіп жатқанын неғып білмедің? (Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романы.).*

*Түрікпенбісің, әй! Қаңғыбас, қайда жүрдің осынша сағындырып!-деп Есенеі қуанып қалды. Жындымысың... Жалғыздықты Құдайдан қалап алғам. Әй, жалмауыз, мынау қайдан шықты, – деп есін жиды бұл. Құрышы әрі, ашыған миды жидітпей (Р. Мұқанова. Шығармалар жинағы.).*

*Күні бойғы аузын бір жаппағанына қарап мылжыңдау ма деп те ойлап қалды. (Ғ. Мүсірепов. «Этнографиялық әңгіме»).*

*«Қожың адам қанына талай шамылған хайуан. Зәу-сайтан біреу хан болғысы келіп селт етіп шыға келсе, қожық оның даяр тұрған қарулы жасағысы. Қырыққа келгенше бір шүйке бас ала алмай жүрген сен емеспіз зой, ...күнде қонағымыз болып тұрады. «Боқмұрын» деп сөккені жүрегіне тигендей-ақ. Ол көздеріне ұялаған жасты жасыра алмады». (Ғ. Мүсірепов. «Боранды түнде»). Осы орайда, колданыстағы сөздерден кейіпкердің ұнатпауын, жақтырмауын аңғарамыз. Қаламгер ауызекі стиль колданыстарын кейіпкердің образын аша түсу мақсатында колданылып осы лексемаларға ерекше бір стильдік жүк артады. Ит-ай, кебіс ауыз, жалмауыз, жындымысың, құрышы, қаңғыбас, оңбаған, көзіңді ұрайын, оттама, бокмұрын, шүйкебас т.б. тәріздес қарапайым сөздер көбінесе мінез-кұлық ерекшелігін айқындауға жұмсалады.*

Әрбір ұлттың психологиясын, салт-дәстүрін басқа ұлттардан ерекшелендіретін қасиеттерін тілі арқылы білуге болады. Яғни ұлттың сана-сезімі тілінен көрініс табады. Ұлттық мәдениетті ерекшелендіретін тілдік қатардың бірі – инвективтік лексика. Инвектив – (көне латын тіліндегі инвектив сөзінен аударғанда балағат сөз).

1) сатиранын түрі;

2) қаһарлы хат;

3) балағат сөз мағыналарын береді. Біздің қарастырып отырған объектіміз – балағат сөз, яғни, инвективтік лексика.

Инвективтік лексиканың түрін қолданбайтын халық жоқ. Бірақ, инвективтің әр елде қолданылу деңгейі, түрі, амалы, дәрежесі әр түрлі болып қалыптасқан. Бір ұлттық мәдениетте мағынасы – балағаттау, қорлау мәнінде болса, келесі мәдениетте дәл сол инвектив қарапайым эмоциялық мәні жоқ сөз ретінде айтыла береді. Сонымен қатар, бір ұлтта инвективтер жиі қолданылса, екіншісінде тыйым салынған лексика болғандықтан, сирек айтылып, басқа тілге аударылған кезде дәрежелік мағынасы төмен деңгейде болады. Әр елде инвективтік материалдар түрлі жан-жануарлармен, заттармен, адамның дене мүшелерімен теңестіріліп айтылады.

Ал, қазақ тілінде сыпайылық категориядан гөрі инвективке көбірек барады. Сондықтан қазақ тілінде инвективтік лексиканың түрі көп және ол өте күрделі дамыған.

Қазақ тіліндегі инвективтің кең тараған түрі – ерлердің қолданысындағы балағат сөздер. Ерлердің қолданысындағы инвективтер, яғни дәрежелік сөздер жалпы ерлердің сөйлеу әрекетінде жиі кездеседі. Ал әйелдер болса, қарсыласынан өшін алу процесінде – қарғыс мәнді сөздерді, кейбір сын есімді инвективтерді қолданғанды жөн көреді. Осындай себептермен дәрежелік инвектив сөздер ерлер қолданысында көбірек орын алады деген ойдамыз.

Ерлер қолданысындағы инвективтердің ішінде жыныстық табуды бұзатын инвективтерге берілген талдаудан бастайық. Олар негізінен ерлерге қарай бағытталады және туыстарымен

катыстырылған тиымдарды бұзу мағынасындағы сөздерден тұрады.

Қазақ ерлерінің қолданысында да анаға қатысты инвективтер өте дәрекі естіледі. Оның айтылу түрі көп. «Ана» сөзі түрлі анайы баяндауыштармен жалғасып, адресатқа балағат түрінде жеткізіледі.

Әрбір этникалық топтардың инвективтерді айту дәстүріндегі өзіндік ерекшеліктерге келетін болсақ, ол ерекшеліктерді туыстарға қатыстырыла айтылатын инвективтерден көруге болады. Мәселен, орыс тілінде тек анаға қатыстырыла айтылатын балағат сөздер көп. Себебі, орыс халқы мәдениетінде әкеге қарағанда ананың орны жоғары. Ал, қазақ мәдениетінде әке мен атаға қатыстырыла айтылатын инвективтердің балағат мәні өте күшті. Бұл біздің менталитетімізде, балаға тәрбие беру дәстүрімізде әке мен атаның орнының жоғары болуында. Әке мен ата отбасының басшысы, тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы ретінде бағаланған. Осындай себеппен қазақ тілінде әкеге, атаға қатысты инвективтердің түрі көп және қолданылуы жағынан анаға қатысты инвективтермен қатар жүреді. Автор кейіпкер ашуын көрсету мақсатында: *«...мұның қадірін енді білетін болады. Енеңді ұрайындар, көрсін кімнің кім екенін!»* (Қ. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр.) деп, былапыт сөзді аузына салады. Сөз реті келгенде айта кету керек, қазақ халқының инвектив лексиканы қолдану барысында мына секілді ерекшелік байқалады. Сөйлеу тілі нормаларында оңтүстік қазақтары «шеше» сөзін жиі пайдаланса, арқа қазақтары көпшілігінде «әке» сөзін қолданады. Зерттеу жұмысына қарағанда баспа беттеріне жиі ұшыраспағанымен, сөйлеу тілінде себепсіз түрде «Ой, шешек, сен қайда жүрсін», «Ой шешек, сен кімсің, әй!» дей салу, әсіресе жастар арасында үйреншікті болып кеткенін байқауға болады. Арқа қазақтары мұндай инвективтік қолданысқа қорлана қарап, қол жұмсауға дейін барады да, «ой, әкен» дей салу тағы үйреншікті жағдай. Арқа қазақтары үшін соңғы 20-30 жыл ішінде пайда болған «әке», «шеше», «туыстардан» өзге өлердей жарылатын, қатты намысқа тиетін

«қырт» сөзі қолданылады. Бұл сөзге үлкенді кішілі болсын, кім болса да, тіпті, әзіл орнына жүрмейтін мағынаға ие болуы. Талдауларға қарағанда қазақ тіліндегі кейбір инвектив лексика құрамындағы қайсыбір сөздердің таралу шегі, қолданыс аймақтары бар диалектілік сипатқа да жатқызуға болатын ерекшеліктер байқалып отыр. Біздің тақырыбымызға орай, мұндай сөздерді эмоционалды-экспрессивті дисфемизмдерге жатқызамыз.

Қазақ тіліндегі инвектив тұлғалардың келесі бір ерекшелігі – көп мағыналылығында. Көп мағыналы болғанда, айталық, дисфемизмдер болса, тікелей бір нақты мағынаны емес, ренжу, өкіну, жек көру секілді жалпы мағынада жиі қолданылады. Мысалы: *«Беркімбаидың әлгі сөзі ауық-ауық жадына оралып, шымбайына батып келеді: «Сол немеден-ақ көрдім-ау көресіні, – деп күбірледі: Күндес қатынша әмсе шатып сөйлейтіні несі?»* (М. Скакбаев. Жойқын төбе.). Немесе: *Көзіңді ұрайын, ...Артықбайдың үйіне Еснейдің келіп жатқанын неғып білмедің?* (Ғ. Мүсірепов. «Ұлпан».) деген сөйлемдерде бірнеше эмоционалды-экспрессивті дисфемизмдер қолданған. Бұлардың біркатары біршама болса да, белгілі бір мағынада қолданылса, ал қайсыбірлері – көп мағыналы сөздер. Айталық «көресіні көру» (мазасын алу), «күндес қатынша» (бақталас) мағынасында жұмсалып тұрғаны белгілі болса, ал «неме», «көзіңді ұрайын» дегендері әр түрлі мағынада түсінуге болады.

– Инвективтік лексикада туыстық қатынасты білдіретін сөздер мен адамның жыныстық мүшелерімен байланыстырылған сөздік қатарлар, жан-жануар, жәндіктердің атауы пайдаланылады. Осындай атаулардың қолданылуына байланысты дөрекі сөздерді біз екіге – анайы инвективтік лексика және қарапайым инвективтік лексика, яғни, дөрекілік мәні төмен лексика деп екіге бөлдік. Анайы инвективтік лексикаға туыскандық қатынастағы есімдердің дене мүшелерімен байланыстырылған түрі жатады. Қазақ менталитетінде туыскандық қатынастың әрбір жеке адам үшін мәні өте зор болған. Сондықтан, анаға, қарындасқа, әкеге, атаға



катыстырыла айтылған жағымсыз сөздің дәрежелік мәні өте күшті. Мысалы: «Әже-ау, қайдан шыға келгені несі, мен мая ұштап тұрған жоқпын ба? – деймін таңданып.

– Ия, ұштап көгерттің атаңның басын... – деп Күсайын... (Х. Тілемісов «Азамат» повесі). – Енді немене?! Аяқ астынан не боп қалды? Әлде аузыңа пәлен етейіндердің біреуі тірдеме деп, көңіліңді қалдырды ма?

*Айтпасына қоймаған соң:*

– Мен оны әкемдей көріп жүрсем... азғындаған ит..., шошқа..., хайуан... – деп, жеңгем ызатанып әлдекімді балағаттай бастады» (Б. Сокпақбаев. Бастан кешкен. Повестер.). – Менің ... сіздей бейпіл ауыздардың талайын көкесіне танытып жіберген! Бұл келтірілген көркем мәтіндердегі инвективтік лексика құрамына жататын дисфемизм құбылысындағы сөздер тобын жоғарыда көрсетілгендей екі топқа топтастыруға болады.

1. Анайы инвективтік сөздер: атаңның басын..., аузыңа пәлен етейін.
2. Дәрекі мәндегі қарапайым сөздер: азғындаған ит, шошқа немесе хайуанға тенеу және көкейіне таныту, бейпіл ауыз. Әрине мұндай тұрпайы мәнді дәрекі дисфемизмдер адамның ашу-ызасын, күйініштеріне, ренжулеріне байланысты қолданылатын эмоционалды-экспрессивті сөздер болып табылады. Академик І.Кенесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» [22, 152 б.] Долданып к...н жұмды. Долданды, көк беттері деген дисфемизмдік фразеологияны енгізіпті. Бұл, біздің пікірімізше, кейіпкерлердің диалогтарында қолданылатын дәрекі қарапайым сөздер. Қалай болған күнде де мұндай сөздер тобы жалпы дисфемизм құбылысы құрамына енеді.

Қазақ тілінде де ерлер мен әйелдер белгілі бір инвективтер жиынтығын таңдайтындықтан, инвективтік лексика – ерлер қолданысындағы және әйелдер қолданысындағы инвективтер болып бөлінеді. Ерлер ашуланғанда, өшіккенде,

ренжігенде қарым-қатынастағы қарсы адамына бағыттап боғауыз лексиканы колданады немесе кол көтереді. Мұндай жағдайда әйелдер балағат лексика мен қарғыс мәнді сөздерді айтқанды жөн көреді.

Дөрекі сөздердің жалпы бөлігі отбасы жағдайында болатын ұрыс-керістерде айтылады. Бұл – жалпы әйел затының қарсы тұрудағы негізгі құралы. Бұрынғы заманнан тыйым болып келе жатқан ерлерге тән балағат сөздерді айта алмауынан немесе қарсыласына кол көтере алмау шарасыздығынан әйелдер осы дөрекі лексиканы пайдаланады. Өздерін жаңа заман әйелдерінің қатарына жатқызатын әйелдер үлкен әжелері мен енелерінің колданысындағы қарғыс сөздерден гөрі жаңа сәнмен балағат сөздерді айтуды дұрыс көреді.

Бұл инвективтік лексиканың түрі де карамағындағы әр адамға бағыттала айтылады. Соның ішінде әйелдерінің ерлеріне арналған дөрекі сөздері жақсы дамыған. Ерлерге арналған дөрекі лексика көбіне отбасы жағдайында, жұбайлар арасындағы ұрыстан туып отырады. Кейінгі заман әйелдері ерлеріне теңестіре көптеген дөрекі лексиканы ойлап таба білген. Ерлердің психологиясына, эмоциясына әсер етіп, олардың шамына тию үшін әйелдер тапқырлықпен дөрекі сөздерді ситуация кезінде колданған.

Ерлерге бағыттала айтылатын дөрекі сөздердің бірі – «шірік». Бұл сөзбен әйел затының ойынша тек сөзбен ғана қатырып, бірақ қолынан түк келмейтін ер адамның кейпін береді. Бұл дөрекі сөздің өзі де шіріген деген сөзден шыққан, яғни, ер азамат шіріген затпен теңестірілген. Бұл сөзді әйелдер тек отбасы жағдайында өз ерлеріне ғана бағыттап қана емес, басқа ситуацияларда да басқа ерлерге де қарата айта береді.

Жағамсыз бағалауыштықты білдіретін пейоративті сөздер жақтырмау, жек көру, ұнатпау сияқты кері мәнді колданыстарды құрайды. Пейоратив сөздердің қалыптасуына адамның мінезіне, сыртқы келбетіне байланысты барлық кемшіліктері негіз болады. Мысалы: Қаламгер орта білімі бар, жасынан мал шаруашылығымен айналысып, соңына дәрігер атанып кеткен ауыл адамы аузына: – *Ауа райы қолайсыз біздің Қазақстанда*

іңде біреуі болмаса, биязы жүнді қой өсе бермейтінін мен сіздерге баяғыдан қақсап келемін зой (М.Иманжолов. Менің махаббатым.). Мұндағы «қаксау» ескерту мәніндегі тұрпайы сөзін айта салу бұл шопан дәрігерге үйреншікті нәрсе болса, жылқышы Танатар мен шала сауатты әкімнің диалогтары арқылы олардың тіл мәдениеті төмен әрі дөрекі мінездерін былайша суреттейді: – Ау, әкім мырза, сен не көкіп отырсың – деді ол бірден тұлан-тұта, саңқ етіп. – Көкігенің не, ей-й? Мен көзбен көргенді айтамын! – деді сасып қалған әкім. (Ә. Әзиев. «Жез таулар»). Немесе: – Әй, мынауың не дейді?! Қадиша, әй, Қадиша! Қайда құрыдың омалып! Не дейді мына күшігің! (Ә. Тарази.) дегендердегі «қаксау», «көку», «омалып», «күшік» дөрекі мәндегі дисфемизмдер болса, кісіге карата айтылған «әй» немесе «өй» деген одағайларда сауаты төмен кейіпкерлердің мінез-құлықтарын көрсететін тұлғалар болып табылады.

Сөздердің күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде айтылуы мен жазба тілде қолданылуы (айырмашылық) бірдей бола бермейтіндігі белгілі. Ой сөйлеу тілінде өзінің тыңдаушыларына лайықталып беріледі.

Сөйлеу стилінің лексикасы лексика-семантикалық, экспрессивтік-стилистикалық сипаты жағынан өз ішінен бірыңғай болмауына байланысты тұрмыстық-қарапайым лексика, варваризмдер, әдеби сөйлеу лексикасы болып табылады. «Тұрмыстық-қарапайым сөздердің ішінде бір нәрсенің бағасын кеміту, құнын төмендету мақсатында қолданылатын, стилистикалық бояуы бар сөздер, дөрекі, тұрпайы сөздер, қарғыс-алғыс мәнді сөздер көп кездеседі» [44] – деп беріледі. Мына мысалдарға көңіл бөлейік: «– Біздің селоның кісілері бұған не дейді? – деп Тимофей қасындағы ... қарады. – Киргиз ит сүмелектігін қашан қояды, – деп Усковский... киліге кетті» (К. Тақаев. Соңғы соққы.). «– Сейдахмет «есектің к... сұртсең де ақша тап» дегенді басшылыққа ала отырып, екі жыл малдың к... жуып, боғын сыпырды» (О.Канахин, Албыртшак.) Немесе: «– Обаты нешік, байғұстың шығар жаны олардың үстінде өтті. Пысықай келіншегі ерттеп мініп алды. Не сөзге қонақ бермейтін, не уәжге тоқтамайтын саңлаусыз

құрасы бар еді, соңғы кезде екеуі әжептәуір ұстасын қалған» (М. Скакбаев. Жойқын төбе.) деген сөйлемдерде функционалды стильде күнделікті қолданылатын мына секілді: «киргиз ит» (қырғыз ұлтынан шыққан кейіпкерді ұнатпау мақсатында), «сүмелек» (оңбаған), «есектің к... сүрту» және «малдың к... жуып» боғын сыпыру (енбек ету), «нешік» (не), «байғұс» (бишара адам), «пысықай» (еті тірі), «саңлаусыз» (ақмақ) дисфемизм құбылысындағы қарапайым сөздер болғанымен, «нешік», «байғұс», «пысықай» сөздерінде тұрпайы, дөрекі мағыналар байқалмайды. Бұл сөздердің әдеби тілде варианттары бары белгілі болғанымен, автор ауыл өмірін шындықпен нақты көрсету мақсатында күнделікті сөйлеу тілі элементтерін сөйлеушілер мен тындаушылардың ой-өрістерін, эстетикалық талғам дәрежесін шынайы жеткізуде арнайы қолданып отыр. Егер автор мысалдардағы асты сызылған, мағыналары түсіндірілген тұрпайы не тұрпайы емес сөйлеу нормасындағы сөздердің бәрін әдеби тілдік норма тұрғысынан беретін болса, онда әрине шығарма тартымсыз да сенімсіз болар еді.

Тұрмыстық-қарапайым сөздерге ауызекі сөйлеу тіліндегі күнделікті қарым-қатынастағы сөздер жатады. Бұл топтағы сөздер әдеби тілде қолданылмайды. Тұрмыстық лексикалар көркем шығармада кейіпкерлердің сөйлеу тілінде жиі қолданылуы арқылы ерекшеленеді. Жазушы әрбір кейіпкердің мінезін, ақылын, әрекетін лайықтап даралай отыра, өмірдегі шынайы келбетін бейнелеу мақсатында халық тілінің сөз байлығын мүмкіндігінше кеңінен қолдануға тырысады. Яғни, автор кейіпкер бейнесін сомдауда оның сөйлеу тіліне ерекше мән беріп, тапқырлық, іздемпаздық танытады.

«Қарапайым сөйлеу тілінің құрамына мазмұны тұрпайылау, дөрекі сөздер, диалектизмдер, жаргондар енгізіліп, олар жалпылама лексикаға қарағанда эмоционалды-экспрессивті бояуының күштілігімен ерекшеленетіндігі де айқындалған құбылыс» [20, 236 б.].

«Көркем шығармалардағы дисфемизмдерді, тұрмыстық-қарапайым лексиканы, әдетте, төмендегідей жіктеп қарастыру ұсынылады:

1. Кемсітіп, мұқатуды, жаратпауды білдіретін сөздердің қолданысы

2. Мысқыл-мазақ мәніндегі сөздердің қолданысы

3. Тұрпайы, дөрекі мәнді сөздердің қолданысы» [20, 106-107 бб.].

Көркем әдебиет тілінің стилі халық тілі байлығының барлық қорын сарқа пайдаланатын болғандықтан, ол ең алдымен тілдегі ең мол сала – байырғы сөздерге күш салады, кірме сөздерді кенінен қолданады, ауызекі тіл материалдары-оның басты бір байлық көзі (қарапайым сөздер, дөрекі сөздер, арголар, жаргондар, архаизмдер мен историзмдер, әр саладағы арнаулы, кәсіби терминдер, неологизмдер, кәсіби сөздер, варваризмдер, диалектизмдер, эфемизмдер, т.т.да) әдеби тілдің нормасына жатпайтын толып жатқан сөздер осы көркем әдебиет тілінің арқасында күн көреді. Осыдан барып, Е.Несіпбайұлы, Жанпейісов айтқандай, «әдеби тілімізді байытатын ең негізгі фактор-көркем шығарма тілі» деген қағида шығады [18, 8 б.].

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктердің бірі – тіл байлығы екендігі мәлім. Көркем шығармада қолданылмайтын сөз бен сөз тіркестері, фразеологизмдер аз. Кез келген шығарма тек қана авторлық баяндаудан ғана емес, кейіпкер тілінен де тұрады. Ал кейіпкерлер әр жастағы, әр мамандықтағы, білімдері де әр түрлі деңгейдегі адамдар болып келетіндігі белгілі. Сондықтан да әрбір нақтылы көркем шығармада кейіпкер сөзінің өзіне тән әлеуметтік – психологиялық сипаттамасы болады. Мысалы: *«Омарәлі ділмар адам екен, сөзді со кісі бастапты:*

*– Ертеде бір хан жаман хандікіне қонаққа келген екен. Жаман хан салған жерден: «Е, хан, еліңіздің қатыны буаз ба? Малы жуан тыша ма?» деп келе жатқанда, ана бөлмеде отырған қатыны шыжымды тартып қапты»* (Ж. Аймауытов. Ақбілек).

*– Ех, оның несі бар, алпамсадай жігітке неге жараспасын. Ойын – күлкіге масығып, қызып алған бозбалалар енді оның мүсініне жабысты.*

*Шынында, осы Тұрсын сеп-семіз-ай, тіпті өзінде мықын жоқ, шалбарының белдігі әсте ұстамайды. Үнемі құйрығының жықпылы жылтылдап жүргені... Қандай алақтаған көзімен стол астын, кабинеттің бұрыш-бұрышын тінтіп өтті.*

– *Көкем қайда деймін. Әй, сен кереңбісің (С. Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй.).*

– *Көрсетермін әлі мұқатқанды. Әй, боқмұрын, кездесерміз тағы да. Өзің батыр неме екенсің. Қолыма бір түсерсің. (С. Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй.).*

Көркем мәтіндердегі: «алпамсадай», «сеп-семіз-ай», «боқмұрын», «неме» сөйлеу нормасындағы элементтер қаламгер кейіпкердің қоршаған ортасын немесе әлеуметтік келбетін беру мақсатында қолданған.

Қаламгер шығармаларында кейіпкер бейнесін жасауда тенеудің алатын орны ерекше.

*Мысалы, «Сала құлаш кеудесінің жүні көдедей, сатты ерін, кірпік қақпайтын мысық көз, аяушылық дегенді білмейтін қатыгез, алпамсадай қара кісі.*

*Әкесінің тұра аузынан түскендей беті быттиған толық әйелдің өңі өрт сөндіргендей» (С. Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй.).*

*«Ақбілек жаңа шешесіне көз қырын салды. Көзі тікшиген, жұқа қабақ, қайқақ ерін, таңқы мұрын, тымырайған, тымпиған, қайқайдау қара сұр адам екен. Үйге жылан кіріп келгендей, Ақбілектің жүрегі су ете қалды» (Ж. Аймауытұлы. Ақбілек.). Мұндағы тенеулер кейіпкер бейнесін беру ерекшелігіне қарай, суреттеу қызметіне қарай берілген. Ауызекі сөйлеу барысында тенеу жиі қолданған.*

«Эвфемизм» – гректің euphemismos – жақсылап, сыпайылап айтамын сөзінен алынған термин. Сырттай қарағанда эвфемизм – тілдегі табудың бір көрінісі, синонимі. Шынтуайтына келгенде, дәл олай емес, бірақ табуға жақын құбылыс.

Шынында, эвфемизм – мағына ауыстырудың сөз тапқырлыққа байланысты өнімді түрі. Табу – түптің түбінде, күндердің күнінде жойылатын құбылыс, ал эвфемизм – тілдің

көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары ішіндегі болашағы мол түрдің бірі [3, 77 б.].

Эвфемизмдер этикаға, сыпайыгершілікке, ұят сақтауға, моральдық нормаларға да байланысты болып келеді. Олар өзін өрнеше топқа бөлуге болады: соның ең бір көбірек тарағаны – ауру-сырқатқа, дене мүшесінің кемістігіне байланысты туған алмастырулар. Мәселен, құрт ауруы (туберкулез, чачотка) орнына – жөтел ауруы, көкірек ауру; соқыр, бүкір, ақсақ, шолақ, керен, саңырау орнына – құлағының мүкісі бар, кемтарлау тағы басқа қолданылады [3, 78-79 бб.].

Некеге, семьяға байланысты эвфемизмдер: қатын – ертеректе ханша, белгілі әйел, аukatты әйел мағынасындағы сөз. Қазіргі қазақ тілінде анайы мағынада қолданылады. Сондықтан оның орнына – әйел, зайып, жамағат, жұбай, бәйбіше, наксүйер қолданылады.

Моральдық-этикалық кемшілікке, қомсынуға байланысты эвфемизмдер: бұзылған, бетімен кеткен, жүгенсіз, жезөкше орнына – көзіне шөп салу; арақ орнына – ашы су, тентек су, Ақмағамбет қолданылады.

Адам анатомиясы мен физиологиясына, адамдардың өзара жақындық қатынастарына байланысты эвфемизмдер қолданылады. Мұндайлардың кейбіреулері өз атауымен атау дәрекі, қолайсыз, әдепсіз саналады: *Қос түйме омырауда жарасып тұр, келіп ем ұстайын деп әуес етіп* (Айтыс).

Кейбір эвфемизмдер кірме сөздер арқылы, кейбіреулері сөз ішіндегі дыбыстарды алмастыру арқылы (эллипсис), кейбір дәрекі делінетін сөздер – вульгаризмдер жазуда көп нүктемен белгіленіп, айтқанда (сөйлеп тұрғанда ондай сөздер келіп қалса) интонация арқылы беріледі: кемпір – парсының кейуана деген, бюстгалтер, туалет, гарнитур, эпилепсия, рахит, диабет – орыс тілі арқылы енгендер. Сондай-ақ, «... *Сөзіне ақ Айманның шыдай алмай, жіберді Теңге ... дамбалына*» (Айман-Шолпаннан). Мұндағы көп нүктелер эвфемизмдер орнында тұр.

Троптар мен фигуралар – тілдің көркемдегіш, бейнелеуіш құралдары арқылы көптеген эвфемизм жасалады. Мәселен, эвфемистік метафора: он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,

алмасы өкпе болар ол батпаға; эвфемистік метонимия: *Енді сіздің үйден қорсылдақтың құлағын жейміз ғой* (Ғ.Мүсірепов); эвфемистік синегдоха: *өзіміздің де қарнымыз ашты* (С.Мұқанов.); эвфемистік ирония: *көрінісін Біржан салға ай секілді, ақ құйрық көңілашар шай секілді* (Біржан-Сара); эвфемистік символ: *Саусағы алтын сұңқарға ілдірейін деп келдім көлдегі үйрек-қазыңды, Алтайы қызыл түлкіңе қосайын деп ойлап ем, құмай жүйрік тазымды* («Бакытсыз Жамал»); эвфемистік парафара: *Оспанға ұрсамын деп – Ұлжанды боқтағаны еді* (М.Әуезов.); фразеологиялық эвфемизмдер: *боктасып қалды деу орнына түс шайысты, сөзге келді, тіл тигізді, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты т.б.* Әсіресе, поэтикалық мәндегі эвфемизмдердің эмоционалды-экспрессивтік бояуы канық болады.

Жалпы халықтық тілдегі қостағанды фразеологизмдердің эвфемистік мағынасы олардың поэтикалық көтеріңкі реңкімен ұштасып жатады. Мысалы,

1. *Бәлкім, кемтігіңді толтыру үшін төсек жаңғыртып, жас иіс алатын шығарсың? Қазір шалдардың құтырған заманы ғой.*

2. *Ақыры Рахима көп жігіттің ішінен таңдап Ермектің етегінен ұстады* (С. Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй.).

3. *Осы тойға бір топ жігітпен Кенесары да келген. Ондағысы тар жол тайғақ күн туып, Көкшетауда бекініс салынып, көңіл қобалжи бастаған соң, Ұлытау маңын бір шолып қайту еді.* (І. Есенберлин. Көшпенділер.)

4. *Өзі жоқта жалғыз жұбанышы – Төлеутайы аштыққа төзбей қыршынынан қиылыпты. Ішіміздегі басының дымы кеппеген, жастауы мен едім. Стипендиясыз қалғанына Асылқан айылын да жимайды.*

5. *Көп ішетін. Оның есесіне тұрмыстың таяғын азырақ жейтін шығармын.* (Қ. Жұмаділов Бір ғана ғұмыр.).

Осы мысалдардағы «басының дымы кеппеген» деген сөз тіркестері эмоционалды-экспрессивті сөздердің қызметін бірдей



атқара алады. Демек, бұл сөздер екеуіне де ортақ қасиеттің барлығын ғылыми негізде дәлелдей түседі. Сөздер көбінесе күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады.

Қорытындылай келе, мынандай тұжырым жасаймыз:

1. Дисфемизмдер – негізінен баға беру мақсатындағы эмоционалды-экспрессивті сөздер ретінде көрініс береді.

2. Дисфемизмдер негізінен кейіпкердің тіл мәдениетінің көрсеткіші. Мысалы: «Тыныш жүр», «тыныштап» т.б. әдеби тілдік нормадағы сөзді кейіпкердің мінез-құлқына, алатын орнына, мәдениетіне байланысты қаламгер кейіпкер тілінде «к... қыс», «Тап әкеңнің аузын... екенсің!», «Әй, осы сен қатынды ма... быт-шытыңды шығарайын... – деп келіп, арқасынан тартып жіберді. Жоға, әлгі Құсайынның қатынын айтам-ау, - деді ол сәлден соң жуып-шәйіп, - ақша сұрасам, сайқымазақ қылады – деген дисфемизмдерді қолдану мүмкін. Мұндай сөздер эмоционалды-экспрессивті қарапайым дисфемизмдер.

3. Үнсіз қалудың енді бір түрлері орындары мызғымас, қатаң сақталатын қолданыстарға қатысты. Айталық, анайы, дөрекі, былапыт сөздерді айтуда адресант екіпін түсетін негізгі доминант сөзді іркіп қалады да, сөйлемнің синтаксистік шегі ұлғаяды. Сөйлеу тілінің жағымсыз экспрессиялы болуына ықпал жасайтындықтан, адресанттың мұндай қолданыстар соғын аяқтамай, үнсіз қалуы оңды да. Осындай эстетикалық сипаты төмен құрылымдарға тән толымсыздық іркілу қасиеті жағынан тіл мәдениетімен шектеседі [45, 19 б.].

Мысалы, – *Ой, әкеңнің... Өкіметке қарсымысың!*  
(А.Нұрманов)

Көріп отырғанымыздай, келтірілген мысалдардың қай-қайсысында болмасын адресатқа зіл тастайтын негізгі бөлшектері айтылмаған.

4. Тілдік оралымда (контекстерде) кез кеген сөз ауыс мағынада дисфемизм ретінде қолданылуы мүмкін. Себебі контекст пейротивтік мағына туғыза алады. Қайсыбір қолданыста контекстерде дисфемизмдер жағымды кері мағынада туғызулары ықтимал. Айталық, ақсақал немерелерінің

атқа отыруға жарағанына риза болып: «Мына біздің боқмұрын да атқа отыруға жаратты ғой» – деп айта береді. Жаман ініңізден енді ақыл-кеңесіңізді аямассыз. Ол күшікті де көрмегелі көп болды, - деді Рахима немересін еске алып. Күллі ауылдың боқмұрын тентектері де өзіне өлердей үйір болатын. Ол жек көрушілік емес. «Боқмұрын» деп сөккені жүрегіне тигендей-ақ. Ол көздеріне ұялаған жасты жасыра алмады. Маған осы боқмұрының болады! (Ғ. Мүсірепов «Боранды түнде».)

5. Дисфемизмдерді қолданғанда төменгі стильді туғызу ғана емес, адамның нәрсеге, құбылысқа болсын көзқарасын көрсету үшін де келтіру мүмкін (әсіресе, адамдардың өзара қарым-қатынастарын көрсету үшін).

6. Кейде дисфемистік қолданыстар жазушының өзіндік тіл байлық ерекшелігін, кейіпкер не образ болсын, тіпті идеяны ашудағы таптырмас көркемдегіш құрал қызметін де атқара алады.

7. Дисфемизмдік қолданыстар ауызекі тіл мен жазба тілдің (нормаға түскен) айырым белгісі болып табылады.

8. Эмоционалды-экспрессивтік сөздер мен дисфемизмдердің қолданыс аумағы кең емес. Екеуі де мағынаны анықтамайды, жазушының немесе айтушының айналадағы заттар мен құбылыстарға, адамға берген бағасын анықтайды;

9. Екеуінде жек көру, ұнатпау мәні бар. Демек, екеуіне ортақ интенционал мағына бар деген сөз;

10. Эмоционалды-экспрессивті сөздер мен дисфемизмдерге көп мағыналық пен ауыспалы мағынада қолданылу ерекшелігі тән;

11. Тура (номинативті) мағынасы бар сөздер көп жағдайда екеуіне де ортақ болып келеді;

12. Ауызекі тіл мен әдеби тілді тығыз байланыстырады. Яғни, екеуінің ортасындағы дәнекер сөз болып табылады. Қолданыла келе, олар бірте-бірте әдеби нормаға айналады;

13. Дисфемизмдер қолданысына орай диалектілік құбылыстар да кездеседі. Диалектизм дегенде әр жерде түрлі мағынада емес, белгілі бір жерде кейбір дисфемизмдер (дөрекі,

тұрпайы мәндегілер) тұрақты қолданыс табуларына байланысты (оңтүстікте «шеше», орталық казахстанда «әке» немесе «қырт» сөзі);

14. Дисфемизмдер басым көпшілігінде көркем шығармаларда жүктеме стильдік мақсатта қолданылады;

15. Дисфемизмдер тек сөйлеу тілі нормасына жататын сөздер емес, әдеби тіл нормасындағы дәрекі, тұрпайы мәндегі сөздерді де қамтиды.

### **2.3 ЭВФЕМИСТИК ПЕРИФРАЗДАР**

Перифраздар казах тіл білімінде тоқсаныншы жылдардан кейін ғана қарастырыла бастады. Перифраз – деп бір нәрсені немесе құбылысты, іс-әрекетті олардың бір белгісін, бір қасиетін көрсетіп, суреттеп атауды танимыз. Мысалы, адам өмірін ұзақ кош деп атаса, мұнда адам өмірінің көш сияқты жылжу, ілгері басу, күннен күн, жылдан жыл өткізу тәрізді белгісін көш сөзімен көрсетіп, суреттеп, өзге сөзбен атап тұр. Немесе өлді легенді дәм-тұзы таусылды деп суреттеп білдіретін болсақ, мұнда адам баласының қоректенудің аркасында өмір сүретіні, сол қорегі (дәм-тұзы) таусылса, тіршіліктен де айрылатын белгісі аталып, бұл ұғым суреттеме тәсілмен білдіріліп тұр. Г.Үсенбаева «Перифраздардың тілдік табиғаты» (1996) атты диссертациясында перифраздың тілдік табиғатын ашуда метофаралық, метонимиялық, синекдохалық, эвфемистік, синонимдік, есімді және етістікті деп бөліп, оларды жіктеп, перифраздың жасалу жолдары мен тәсілдеріне тоқталады. Зерттеуге қарағанда перифраз негізінен нәрсенің сипаттамалы түрдегі нұсқасы, мұның ерекшелігі сипаттаманың бейнелі, образды, басқаша қолданысынан туған троп және фигуралар түрлері. Айталық, қаламгер К.Қайсенов Ұлы Отан соғысына арналған шығармаларында атауыш сөздердің орнына бейнелі түрде мына секілді қолданыстар кездеседі: Ұшқыштар – болат сұңқарлар, теңізшілер – теңіз тарландары, самолет – «әуе кемесі», катюша – «соғыс тәңірісі» т.б. Сөздердің бейнелі түріндегі бұл қолданыстар эвфемизмдерге жатады да, олар ауыс

мағыналар негізінен . жасалатындықтан, поэтикалық, метонимиялық т.б. түрлерге іштей жіктей беруге болады. Жоғарыда келтірілген перифраз үлгілері поэтикалық эвфемистік перифраздар. Ал, автордың басқыншы фашистерді «қара кесімділер», «қаныпезер корқаулар» т.б. атау, керісінше, дисфемистік перифраздар болып табылады.

Сөздердің келтірінді мағыналарының тек перифраз арқылы емес, басқа да тәсілдер арқылы іске асатыны белгілі. Ол бірде метафора, метонимия, синекдоха тәсілдері арқылы жасалса, енді бірде эвфемизм мен табу тәсілдері арқылы беріледі. Көп жағдайда бұлар перифразбен тұтасып, органикалық бірлікке айналады.

Болмыстағы денотатқа не сигнификатқа катысты алғанда екіншілік мағыналы атау ретінде танылатын, нысанды ерекше номинативтік белгісі арқылы таңбалайтын сөздер не сөз тіркесі – перифраздар деп танылады. Перифраздар шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың ерекше бір белгісі арқылы суреттей атауда, ауыспалы мәнінде көрсетуде лебізде жиі қолданылатын стилистикалық құрал. Перифраз тұлғалық жағынан тұрақты қолданады, мағыналық жағынан бір бүтін, тұтас тұлға ретінде жұмсалып, атауыштық, бейнелілік қызмет атқарады. Перифразда бірінші орынға денотаттың не сигнификаттың сапалы жағы шығады да, лебізде айтылатын ойға не пікірге катысты сипаттау, суреттеу, бейнелеу басым түседі. Көркем әдебиет тілінде, көсемсөзде (публицистикада), ғылыми әдебиеттерде жиі қолданылатын бұл сөздердің мағыналық құрылымының өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшеліктерді айқындауға арналған Р. Сыздықтың (Қазақ әдеби тілінің тарихы), Т. Қоңыровтың (Сәкен Сейфуллин поэзиясындағы сөз бейнелеу тәсілдері), Ә. Болғанбаевтың (Қазақ тіліндегі синонимдер), Г.Үсенбаеваның (Перифраздың тілдік табиғаты), Г.Амандықованың (Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар) т.б. жазған ғылыми зерттеулері бар.

Перифраздың ерекше белгісінің бірі – белгілі бір контексте денотатқа катысты эквивалент болуы.

Қолданыс аясының тұрақтылығына қарай перифраздардың екі түрін көрсетуге болады: тілдік перифраздар жалпы халық арасында танылып, қабылданған, көпке түсінікті тұлғалар. Мысалы: көгілдір отын, аспан денесі, жыр алыбы, халық қалаулысы, ел ағалары, қара көздер, т.б.

Контекстік перифраздар – белгілі бір жағдайда, көңіл-күйге байланысты мәтінде қолданылатын, жеке автордың өзіндік қолтаңбасы ретінде танылатын тұлғалар. Мысалы: *Бұлбұлтымды ұшырғам жоқ бағымнан. Дүлдүліме әлі, қамшы басқам жоқ.* (М. Мақатаев), мұндағы бұлбұл, дүлдүл сөздері авторлық қолданыста «шабыт», «ақындық қасиет» мағынасында жұмсалып, сигнификаттық белгілерді референттің белгісі арқылы таңбалау ретімен перифраздық мәнде жұмсалған.

Перифраз (ағыл. paraphrase) – сөздердің бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Перифраз – затты, процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде сол заттың, процесстің, құбылыстың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау [46, 318 б.] – деп беріледі.

Тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың бірі – эвфемизм мен перифраз.

Бұл орайда, перифраздың эвфемистік қызметі жайлы айтылған ойларға да мән береміз. Г.Амандықова «Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар» атты еңбегінде стильдік перифраздың құрылысын, мағынасы мен мазмұнын, қызметін, қолдану ерекшеліктерін – бейнелілігін, стильдік бояуын саралай келе бірнеше топқа бөліп қарастырады. Соның ішінде қызметі жағынан номинативті, эвфемистік, стильдік, информативті деп топтастырады. Перифраздың көп қырлы стильдік құбылыс ретінде тілдің мән-маңызын кешенді түрде талдай отыра көркем мәтінде оның әрбір нақты қолданысы түрлі коммуникативтік, информативтік, эстетикалық, эвфемистік т.б. қажеттіліктен туған заңды құбылыс екендігіне тоқталады.

Сондай-ақ, перифраз сөздердің мағыналық құрылымының өзіндік ерекшелігіне қарай айқындалатыны да зерттеу

еңбектерінде қарастырылады. «Болмыстағы денотатқа не сигнификатқа қатысты алғанда екіншілік мағыналы атау ретінде танылатын нысанды ерекше номинативтік белгісі арқылы танбалайтын сөздер не сөз тіркесі – перифраздар деп танылады. Перифраздар шындық болмыстағы заттар мен құбылыстардың ерекше бір белгісі арқылы суреттей атауда, ауыспалы мәнінде көрсетуде лебізде жиі қолданылатын стилистикалық құрал. Перифраз тұлғалық жағынан тұрақты қолданады, мағыналық жағынан бір бүтін, тұтас тұлға ретінде жұмсалып, атауыштық, бейнелілік қызмет атқарады. Перифразда бірінші орынға денотаттың не сигнификаттың сапалық жағы шығады да, лебізде айтылатын ойға не пікірге қатысты сипаттау, суреттеу, бейнелеу басым түседі. Көркем әдебиет тілінде, көркемсөзде (публицистикада), ғылыми әдебиеттерде жиі қолданылатын бұл сөздердің мағыналық құрылымының өзіндік ерекшелігі бар» [44, 112 б.]. Сөздің келтірінді мағыналары перифраз, метафора, метонимия, синекдоха, сондай-ақ, эвфемизм мен табу тәсілдері арқылы да беріледі. Көп жағдайда бұлар перифразбен тұтасып, органикалық бірлікке айналатындығы зерттеу еңбектерінде анықталды. Соның ішінде эвфемистік перифраздар перифраздардың ерекше түрі болып табылады. Эвфемистік перифраз мағынасы суық немесе айтуға өрескел саналатын дөрекі сөздерді майдалап, тігісін барынша жатық етіп, келтірінді мағынада қолдану арқылы көрініс табады.

Біраз ет қалып еді, **«қызылсырап отырмыз»** деген соң жартысын қыз бен келінге бөліп бердім (К. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр.)

*Енді **кекірелеуді** қойып, жұрт қатарлы күнелту керек* (Жұмаділов К. Бір ғана ғұмыр.)

Эвфемизмдерді перифразбен тығыз байланыста қарастыру оның қызметін нақтылай түсуге мүмкіндік береді. Перифраздардың тілтаным тұрғысынан зерттелуінде эвфемистік қолданыстардың орны ерекше екеніне назар аударуға болады.

Көркем әдебиетте тіл ерекше экспрессивтік-эстетикалық қызмет атқарады. Оқушының сезіміне әсер ету үшін, ойды образды түрде жеткізу үшін көркем шығармада көбінесе сөздер

нақтылы тура мағынада емес, ауыс мағынада, астарлы түрде қолданылады. Сондықтан көркем әдебиет тілі – бейнелі, мәнерлі тіл, түрлі бояулы, сезімге әсер ететін көркем тіл. Тілдегі көркемдеуші құралдар – теңеу, эпитет, метафора, метонимия, сипекдоха, эвфемизм – бәрі де – көркем суреттің, образды жасаудың, жазушының, ақынның шеберлігінің көрсеткіштері.

Эвфемизмдер осылайша әр түрлі себептермен астарланып айтылады. Яғни, жағымсыз қылықтарды сыпайылап, жұмсартып айтуды көздейді. Егер діни ұғымға байланысты эвфемизмдерді айтпасақ, жалпы тілдік эвфемизмдердің негізінен анайы, тұрпайы сөйлеуден сақтандырып, сыпайы болуға баулитыны байқалады. Бұдан халықтың тілді жоғары эстетикалық талғаммен пайдалануын көреміз [18, 86 б.].

Тіл ғасырлар жемісі болғандықтан өте күрделі, қыр-сыры мол құбылыс екені белгілі. Адамдар тілді қолданғанда әрбір тұлға уақыт өте келе басқа қырларынан танылып күрделене әрі құбыла түседі. Осындай құбылыс нәтижесінің бірі біз сөз етіп отырған перифраз түрлері. Өмірдің өзі қайшылыққа толы десек, сол қайшылық, жағымсыз эмоцияларды халықтық эстетикалық талғамына түсіп, қайта өңделіп мүмкіндігі болғанша сыпайы, бейнелі жеткізуде тіліміздегі әрбір сөз, сөз тіркестері заман талабына сай танымдық сипаттың жаңа қырларында сұрыпталып, қайта жаңғырып жататын ұзақ та үзіліссіз құбылыстың нәтижелері. Мұның дәлелінің бірі – перифраздар. Перифраз негізінен жай ғана сөз бейнесі емес, мұның астарында сатиралық, сарказмдік немесе комедиялық пен трагедиялық секілді жүктеме стильдік қызмет бар. Бұл мәселе эвфемизмге де, дисфемизмдерге де қатысты болып отырады. Мысалы, *Төлеутай – Базарбектің «құлағы болса», оның әр ауылда «өз құлағы бар»* (Жұмаділов Қ. Бір ғана ғұмыр.) деген мәтінде ешқандай ерекшелік, көзге түсіп тұрған айрықша көңіл аударар қоятындай тапқырлық, шеберлік көріне қоймайды. Сөйлемдегі сөздер – күнделікті өмірде ауызекі тілде қолданылып жүрген құлаққа танымал, жатық тұлғалар. Ал шын мәнінде, қайсыбір қолдануға ыңғайсыз – әрі көпшілік көзінше айтыла бермейтін «тыңшы», «жеткізуші», «өсекші» дегеннің орнына бұл айрықша мәнді

баскашалай «құлағы бар» деп сыпайы әрі бейнелі түрде эвфемистік перифразбен жеткізіп отыр. Бұл тіл мәдениеті, эстетикалық талғам мәселесі. Сондықтан жоғарыда тілші ғалымдардың эвфемизм деген кез келген сөзді адамның тіл мәдениеті дәрежесінде қайта өңделіп, жұмсартып немесе сыпайы түрде жеткізудің амалы деген пікірлерге қосыламыз. Бұл жолда тура мағыналы сөз тек эвфемизм емес перифразды-эвфемизм бола алатынына көзіміз жетіп отыр. «Құлақ» адамның дене мүшесі болса, ауыс мағынада «өз құлағы бар» деген – «сөз тасушы» т.б. мағыналарда тұрақталған перифраз. Бұл бір жағынан мысқылдай, әжуа ету мақсатын көрсетіп отыр.

Біздің пікірімізше, негізінен перифраздар сөз ауыстырғаннан гөрі таза стильдік мақсаттан туындағанға ұқсайды. Айталық: – Ол оңай сазға отырғызып кетуі мүмкін (Ә.Кекілбай Елең-алаң.) мысалындағы кейіпкерлердің күдігі «сазға отырғызу» (алдау) мағынасындағы перифразда тек күдік емес, қауып-қатерді ирониялық түрде жеткізіп отыр. Немесе: – Апыр-ау, бақытсыздық дегеннің өзі жеңілтектің нәтижесі екен ғой (Мұқай Бакқожа, Тан. шығармалары.). Көркем мәтіндегі «жезөкшелік» тұрпайы сөзін күйінгенінен әрі мысқылдай «жеңілтек нәтижесі» деп эвфемистік перифразбен ауыстырып отырса: Ол: «*Мәділхан өзі өгей шешесі Ханпатшайыммен көңілдес екен, осыдан бір бәле тұмаса нетсін*», – деген (І. Есенберлин Көшпенділер.) мысалындағы «көңілдес екен» деген перифраз мағынасында тек жолдасының көзіне шөп салу мағынасы ғана емес, мұның арты неге соғар деген жанашырлық, қауіптену әрі ащы мысқылмен (сарказммен) түйрей сөйлеп күйіну мәні бары анық көрініп тұр. Қ.Қайсенов «Партизан соқпақтары» шығармасының бір тұсында жау бекінген жерді талқандаған партизандардың: «Зауыттан орманға кетерде, «Біздің адресіміз сендердің өлетін жерлерінде, қорықпасандар іздендер» деп жазып кетті (Қ.Қайсенов «Партизан соқпақтары») деген перифразды өте орынды қолданған. «Құпия мекендерін» – «адресіміз сендердің өлетін жерлерінде» деген перифразда жауға деген өшпенділік, жүрекке қатқан қан кегі, ашу-ыза сарказм тәсілімен жаудың ашу-ызасын



тұжыратындай бейнелі берілген. Сондықтан академик З. Қабдолов: «Кей сөздерді кері мағынаға көшіріп, орнымен ойната білу де әсем тәсіл. Мұндай жағдайда бұрма мағынада айтылған сөзге айрықша астар, ойға юморлық сипат беріледі де, суреттеліп отырған шындықтың мазмұны тереңдей түседі» деген өте орынды пікір айтады [47, 231 б.]. Автордың бұл айтып отырған мәселесі – перифраздар. Мына мысалдарға назар аударайық. *Бірі арсыз нәпсі қызығын ойласа, екіншісі **бөтен ойдан** мүлдем аулақ* (І. Есенберлин Көшпенділер.). *Тоқалдың **ұпайы түгелденіп** болғаннан кейін, әлден уақыттан барып, есік ашылып, үйге Шыңғыс пен Жәнәділ кірді* (І. Есенберлин Көшпенділер.). *Барлық ойы, тілегі мейлі соқыр болсын, мейлі ақсақ болсын тек құмарлық айызын қандырар еркекте ғана...* (І. Есенберлин Көшпенділер). *Күнімжанның осы түнде Кенесары батырмен **көңіл қосып шыққанын** ең алдымен жеңгелері, одан шешесі естіп...* (І. Есенберлин. Көшпенділер.). *Сөйтіп аз ғана бір уақыт дағдарып қалғанымда, о кісі саудамды бітіріп, дегеніне жетіп те үлгерді* (Б. Нұржекеұлы. Бейтаныс әйелдің құпиясы.) деген көркем мәтіндерде адамдар арасындағы интимдік қатынастарды тура мағыналы сөзбен емес, перифраздар арқылы суреттеп отыр. Мұнан перифраз сөз синонимдерін жасауда таптыртпас стильдік амал деген қорытынды жасауға болады. Айталық, автор бір сөзді қайталай бергеннің орнына интимдік жағдайды «бөтен ой», «ұпайын түгелдеу», «құмарлық айызын қандыру», «көңіл қосу» немесе ирония аралас «саудасын бітіру» т.б. бейнелі перифразды эвфемистік синонимдер арқылы жеткізіп отыр. Сондықтан академик З.Қабдоловтың сөздерді орнымен ойната білуде шындықтың мазмұны тереңдей түсетіні әрі ол әсем тәсіл деген пікірі де өте орынды деген ойдамыз.

Қорытындылай келе, төмендегідей тұжырым жасаймыз:

1. Перифраздар – эвфемизмдердің бірден-бір жасалуының негізі.

2. Эвфемизмдер мен перифраздар органикалық бірлікте болуының басты денотаттық сөздер табиғатына байланысты.

3. Сыпайы сөйлеудегі эфемистік перифраздар да контекске тікелей байланысты.

4. Кейбір эфемистік перифраздар да жеке сөздердің не тіркестердің бейнелеуіш құрал ретінде ауыс мағынадан туындайды.

5. Эфемистік қолданыстарды еріксіз қолданыс деп те атауға болады. Себебі дәрекі, тұрпайы мағыналарды сыпайылап жеткізу қажеттігі туып отырады да, нәтижесінде оларды басқа сөзбен ауыстыруға мәжбүр еткізеді.

6. Эфемистік қолданыстың бірден-бір қайнар көзі – табу. Әрине табудың да өзіндік ерекшеліктері ескеріледі (ол бүркеме, жасырын мағына).

7. Эфемистік перифраздар сыпайылықпен қатар олар әрі қолданушының тіл мәдениетін және ауыс мағынадағы суреттеу бейнелеушілік қабілетін т.б. көрсете алатын стилистикалық құрал қызметін атқарады. Мысалы, қазіргі таңда «тоқал» деудің орнына «кіші жар» деген эфемистік қолданыстар жиі айтыла бастады.

## ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ДЕЙКСИС МӘСЕЛЕСІ

### 3.1 ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖАЙЫНДА

Тіл мәдениеті туралы сөз қозғайтын болсақ, алдымен тіл және мәдениет жайлы айтып тоқталғанымыз жөн. Адамдардың, ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынас құралы, қаруы саналатын тілдің күнделікті өмірімізде алатын ерекше орнын білеміз. Оған былайша анықтама беріледі: «Адамдардың ойлау қабілетін іске асырып, оны дамытатын, ерік-жігерін, сезімін білдіретін, мәдени-тарихи дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал». Бұл анықтамадан тілдің қоғамда атқаратын қызметін ғана байқауға болады. Тіл – адамзат баласының қоғамдық-әлеуметтік дамуының басты көрсеткіші. Академик М. Қозыбаев былайша ой түйіндейді: «Ұлт деген ұлағаты бойында, қандас, бауырмал, өзектес жандардың шаруашылық тауқыметі ойында, болашағы отбасы мен Отанының жолында, өз тағдыры өз қолында, тілі бір, ділі бір жандардың қауымдастығы болса керек. Оларды ортақтастыратын тілі, тағдырластыратын тарихы, сырластыратын, силастыратын, мұндастыратын, жырластыратын әдебиеті, ата-мекенінің тұтастығын, бүгінгі мен ертеңін ойластыратын, Отанын қорғауды ұйымдастыратын мемлекеті. Ендеше, тіл, тарих, әдебиет – ұлттың жаны мен қаны, рухани болмысы. Тіл дамып, әдеби тілге айналған тұста, шығыстанушы академик Н.И. Конрад айтқандай, жаңа этнос қалыптасып, биік тұғырға қонады. Тек, тіл, тарих, әдебиет бірігіп-кірігіп, тұтас бір рухани материк болып, ұлттық болмысты тудырады» [48, 127 б.]. Тіл – аса күрделі әлеуметтік құбылыс. Тіл адам мен сол адамдардың өзгелерге ұқсамайтын, өздерін бір-бірімен ұқсастырып, жақындық тобын құрайтын ұлттың негізгі белгілерінің бірі. Тіл – ұлттың негізгі қасиеттерінің бірі. Өзіндік тілі болмаса, онда ұлт та болмайды. Тіл мен ұлт ажырамас бірлікте. Бірінсіз бірі жоқ.

Кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан дәуірдегі мәдениетімен, күн көрісіне арқау болған жан рухымен, ой-санасымен тікелей байланысты екені сөзсіз. Сондықтан да ұлттық тілді халықтың мәдениетімен, жан ілімімен, ой танымымен, тарихымен бірлікте қарау мәселесі тіл ғылымында өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивті лингвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану ғылымдарының тууына негіз болады. Мұның нақты ғылыми тұжырымын американдық ғалым Э.Сепир: «Тілдің бір тұғыры бар. Ол мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан біздің тұрмыс тіршілігіміз мүлде қабысып кеткен салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерден арыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда тілдің тарихы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамиды деуге болады», – деп анықтайды, яғни әр халықтың танымдық ерекшелігі тек тілінің табиғатынан танылатынын көрсетіп, дәлелдейді [49, 186 б.].

Сонымен қатар, В. Гумбольдттың: «Әр тілде ұлттық дүниетаным, ұлттық көзқарас болады. Сондықтан да, тіл мен ұлттың, оның мәдениетінің арасында тығыз байланыс бар», – деген пікіріне мәндес идеяны Э. Сепир: «Халықтың тілін зерттемей тұрып, оның мәдени дәрежесін, ой-өрісін түсіну мүмкін емес», – деп жалғастырып, дамыта түседі.

Тіл – тек мәдениетті танушы құрал ғана емес, тілдің бойында мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш анықталады. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой-танымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталған. Өйткені адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыру, өз танымына сай өмір салтын құруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісінің бірі. Осымен байланысты этностың психологиялық жайын тілге қатысты болжаулармен дәлелдеген. В.Фон Гумбольдт: «Тілдің табиғаты мен тегі тіл мен ойлаудың халық рухымен байланыстылығында», – деген пікірді айтады. Осы пікірді ғылыми жолға түсірушілер

І. Штейнталь мен М. Лацарус болды. Олар өз еңбектерінде халық психикасының этнотанымдық мәні, тілдің ішкі мазмұны адамның мінез-құлқымен байланысты деп түсіндіре келе, «тіл мәдениетке қатысты алғанда индивидтің творчестволық әрекеті», «халық рухы алдымен тілде» деп түйіндеген [50, 117 б.]. Осы ғылыми тұжырымдардың негізінде бұл үрдіс ғылымда өз жалғастығын тапқандығын төмендегі мына пікірлерден көреміз. Ғалым А.Вежбицкая бұл жөнінде: «Каждый язык национально специфичен. При этом в языке отражаются, не только особенности природных условия и культуры, но и своеобразие национального характера его носителей», – деп көрсетеді [51, 19 б.].

Осы құбылысты дер кезінде мойындап, ғылыми тұрғыдан жаңа бағытқа жол салушы ресейлік тілші-ғалым А.Потебня В.Ф. Гумбольдтің пікіріне сүйене отырып, тілді ойды туғызушы тетік, яғни, тілде әуел бастан шығармашылық мүмкіндік бар деп түсінеді. Сонымен бірге ол тіл окшау тұрған құбылыс емес, ол халықтың мәдениетімен біртұтас байланыста деп санайды. Себебі, халық – тілді жасаушы, тіл – «халықтық рухтың» жемісі, сондықтан тіл ұлттық ерекшелікті көрсетеді деп қорытады [52, 155-156 б.б.]. Жоғарыдағы біз сөз еткен ғалымдардың зерттеулері ұлттық тіл мен халық мәдениеті арасындағы сабақтастықты о бастан болжап, тілдің ішкі формасына саятын қасиеттерін танытудан туған. Адамзат қоғамының дамуында әлеуметтік сананың өрлеуі, ой сананың жетілуі, тіл, мәдениет және тарихтың тоғысуы – маңызды фактор.

Ғылыми тілдік жаңа бағыттардың құрылымында тіл – мәдениеттің басты көрсеткіші, мәдени категория. Тілдің мәдениеттің айнасы ретіндегі қызметі ғылымда «мәдениет» терминінің ауқымды салмағын анықтайтындай. Осы тұрғыда мәдениет атауының анықтамаларына тоқталар болсақ:

XIX ғасырда мәдениет мәселелерімен тығыз айналысқан ғалымдардың бірі – ағылшын ойшылы Эдуард Бернетт Тейлор болды. Ол мәдениетке мынадай жалпылама анықтама берді: «Мәдениет пен өркениет кең, әрі этнографиялық мағынада білімнен, наным-сенімдерден, өнерден, адамгершіліктен, зандардан, салт-дәстүрлерден және қоғамның мүшесі ретінде

адамның игерген дағдылары мен түрлі қабілеттерінен құралады» деп мәдениетке адамның ақыл-ойы мен еңбегінің жемісі ретінде, дәлірек айтқанда, материалдық және рухани құндылықтар ретінде қарады.

Ағылшын антропологы А.Редклифф Браун: «Мәдениет – тіл, дін, сенім, эстетикалық сана, кәсіби шеберлік, салт-дәстүр», – деп көрсетеді.

Американдық мәдениеттанушы Л.Уайт мәдениетке біртұтастай жүйе ретінде қарап, үш салада қарастырады:

1) технологиялық сала (материалдық игіліктер мен оны жасайтын құралдардың адам мен табиғат арасы);

2) әлеуметтік сала (туыстық, экономикалық, саяси, этикалық, әскери) қасиеттерді қалыптастырады;

3) идеологиялық сала (идея, діни сенім, білім, символ түрлері, мифология, ғылым, халық даналығы).

Көріп отырғанымыздай, мәдениет ұғымы қай салада сөз етілмесін, ең алдымен, адамзаттың қоғамдағы өмірін, кемелденген ақыл-ойын, материалдық және рухани табысқа жеткен ерен еңбегін көрсетеді.

Тілді мәдениеттің негізгі бір категориясы ретінде танып, қазақ лексикасындағы заттық мәдениет атауының сипатын сөз еткен ғалым Ж. Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп алып қарамаймыз. Тіл мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің ара қатынасы ерекше де маңызды. Кез-келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, кумулятивтік қызметі арқылы көрінетіні ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі» деп көрсетеді [53, 33 б.].

Тіл мен мәдениеттің байланысы тіл ғылымында ерекше орынға ие. Екі фактордың тоғысуы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады. Себебі, тіл мен мәдениеттің атауына ұйытқы болған этнографиялық лексика – ана тілі байлығының бір бөлшегі. Мәдениеттің негізгі қызметі – халық мәдениетімен сабақтас.

Дүние бейнесі мен тіл, мәдениет өзара күрделі байланыста болады. Тіл, әр ұлттың дүниетанымын, болмысын анықтап, дүниені игерудегі тәжірибесін сипаттап, бейнелеудің тәсілі қызметін атқарады. Тіл ұлттық тәжірибені тек сипаттап қоймайды, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады.

Әр ұлттың өзіне тән мәдени-танымдық ерекшеліктерін бойына жинақтау арқылы тіл шындық болмысты игереді. Яғни, тіл ақиқатты сезіну, қабылдау тәсілдерінің бірі ретінде белгілі бір тілдік ұжым мүшелерін тек тілдік жағынан ғана емес, мәдени-танымдық жағынан да өзара жақындастырады.

Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен етене байланысты. Ол тек қана сол елдің тарихына, мәдениетіне ғана емес, өмір сүру әдісіне, руханият, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктеріне байланысты. Сондықтан тіл тек ақыл-ойдың хабаршы қызметін атқарып қоймайды, ол тарихи, мәдени құндылықтарды насихаттаушы да. Әр дәуірде халық жасаған мәдени жетістіктер тіл ғылымында этнографизмдермен сипатталып этномәдени лексиканы құрайды. Тіл мен мәдениет ұғымдарының сыбайластығы әсіресе Е.М.Верещагин мен В.Т.Костомаровтың зерттеу еңбектерінде жанаша қырынан танылады. Олардың: «Тіл тек сөйлесу, қарым-қатынас құралы емес, ол адам өмірінің материалдық және рухани мәдениетінің сол ұрпаққа тән тума қасиеттерін жинақтаушы, сақтаушы құрал, осы арқылы болашақ ұрпаққа жеткізуші құрал. Мұны тілдің кумулятивтік қасиеті деп танимыз. Тілдің тағы бір қоғамдық қызметі әлеуметтік өмірде адамдарды жеке тұлға ретінде, ұлт өкілі ретінде қалыптастырады» деген ойлары бүгінде лингвомәдениеттану пәнінің қоғамдағы әлеуметтік орнын нақтылай түскендей [54, 10 б.].

Осы жоғарыда аталғандай, мәдениет ұлттық менталитет құндылықтарының түп негізі тіл қасиетінде көрініс табады. Тілдің құдіретімен бейнеленіп, шынайылықты танытады. Осы тұрғыдан алғанда әр халық тілінде өзі жасаған және табиғат дарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар деуге болады. Бұл тіл мен мәдениеттің тоғысу жолын көздеген лингвомәдениеттану пәнінің негізі болмақ.

Бүгінгі күні мемлекеттік тіл саясатының басым бағыттарының бірі – қазақ тілінің әлеуметтік қолданыс аясын кеңейту, сондай-ақ конституциялық мәртебесін баянды ету. Мұның өзі тілді «қарым-қатынастың аса маңызды құралы» қызметімен қатар, мәдениеттану құралы болуымен тілдік ұжымның саналы әрекетінің нәтижесінде қоғамдық салада жинақталған дүние - әлем туралы білім қорын, ұлттың өзіне тән мінез-құлық, жан дүниесін, психологиясын, дүниетанымын тілдің стилистикалық жүйесімен тығыз байланысты қарастыруды қажет етеді.

Тіл мәдениеті – сауатты ойлау, сауатты жазу және оны орнымен дұрыс және тиісті деңгейде әсерлі етіп қолдану. Тіл мәдениеті сөз дұрыстығы мен сөз шеберлігі деген екі сатыдан тұрады. Сөз дұрыстығы – көпшіліктің мойындаған тілдік дағдысы десек, сөз шеберлігі – мағыналылық пен стильдік талапқа сай мәнерлілік. Тіл мәдениеті–біздің жоғары ойлау мен оны жеткізудегі мәдениетіміз.

Д. Әлкебаева «Тіл мәдениеті сөз дұрыстығы, сөз дәлдігі, сөзді көркем, әсерлі, әсем етіп жеткізу ұстанымдары, яғни коммуникативтілік қажеттілік пен эстетикалық бағдар ауызекі сөйлеу стилінің прагматикасын қамтиды» деп тіл мәдениетінің маңыздылығына баса назар аударады [55, 53 б.].

Сөйлеу мәдениеті деп жалпы сөйлеушінің жалпы адами мәдениеттілік және тіл мәдениетін жетік меңгеруде қол жеткен табыстарын айтуға болады. Адамның жалпы кісілік мәдениеті, ой-өрісі, эрудициясы, ақыл-парасаты, киімі, жан-дүниесімен сөзді, сөйлемді мәдениетті түрде, яғни мәдениетті тілмен жеткізуі болып табылады. Яғни, тіл мәдениетіне жетік болу үшін сөзді көп білу жеткіліксіз. Сөзді көп білумен қатар оны дұрыс жұмсай да білу қажет. Көп жағдайда адамдар сөзді, әсіресе мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді мағынасына қарай дұрыс қолданбай жатады. Бұл білімсіздіктің белгісі. Сөздерді, қолданыстарды орынды қолдану үшін олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместігін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек.



Сондай-ақ, ауызекі сөйлеу стилінің өзіне тән сөйлеу мәдениеті болады. Ауызекі сөйлеу стилінде дөрекі сөздер, карапайым, жергілікті сөздер мен диалект сөздер жиі ұшырасады. Бөгде тілдік элементтер, орыс тілінен енген сөздер, табу мен эвфемизмдер де жиі қолданылады.

Тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапалар болады. Бұл мәселе жайлы М.Балақаев пен М. Серғалиевтің «Қазақ тілінің мәдениеті» оқулығында тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын басты белгілер көрсетіліп, толық сипатталып сараланады. Оларға мыналар жатқызылады: дұрыстық, дәлдік, логикалық, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы және қисындылық.

Бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі – тіл мәдениетінің төмендеуі. Орыстың атақты ғалымы Л.Н. Гумилев: «Түркі әлемі – үлкен мәдениет» деп айтып кеткен. Ұлттық тіліміздің мәдениетінің төмендеуіне төмендегі жағдайлар себеп болуы мүмкін деген болжаулар көрсетіледі: ұлттық намыстың жастар тұлғасынан танылуының төмендігі; көркем әдебиетті оқуға құлшыныстың азаюы; ғаламтордағы оқу-танымдық, ақпараттық мәліметтердің сан түрлілігі мен еліктіруі; пәнге деген қызығушылықтың төмендігі; техникалық құрылғылардың алуан түрлілігінің белең алуы. Тіл мәдениетінің төмендеуі мұнымен ғана шектелмейді, меніңше, біріншіден, ұлттық патриотизм, ұлттық рух, ұлттық намыс сияқты қасиеттеріміздің, рухани құндылықтарымыздың төмендеуі – бұл өз ұлтының болмысын қабылдағысы келмейтін, басқаға еліктейтін, соған ұмтылатын адамдарды қалыптастырады, екіншіден, осыдан кейін отбасында, білім беру орындарында, қоршаған ортада тілге, ана тіліне құрметпен, қадірмен қарау тәрбиесі босаңдайды. Білім беру мен тәрбие – егіз. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби былай деген екен: «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілу керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның бүкіл өміріне опат әкеледі». Бұның бәрі отбасында тәрбиемен қалыптасу керек. Тілдің бұзылуы сол тілге тән басты қасиеттерден айырылу болып табылады. Осы орайда Конфуцийдің сөзін есіме алғым келеді. Шәкірттері

Конфуцийден: «Егер бір елге басшы болсаңыз, алдымен не істер едініз?» деп сұрайды. Сонда Конфуций ойланбастан: «Ұлттың тілін тәртіпке келтірер едім» дейді. Мұны естігендер қайран қалып, себебін сұрайды. Сонда Конфуций: «Тілі бұзылса, ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы, әділет пен ақиқат жоғалып, халық шарасыздықтан жойылу қаупіне душар болады. Қысқасы, тілі бұзылған ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайды. Мұндай жағдайдың алдын алған дұрыс».

### **3.2 КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕР МЕН ДИСФЕМИЗМДЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДЕЙКСИС**

Соңғы кезде тіл білімінде ғалымдардың мәтінге қатысты дейксис ұғымына қызығушылықтары артып келеді. Оның негізін қалаған К. Бюлер екені де белгілі. Жалпы дейксис ұғымына тіл білімі тарихында әр ғалым өзіндік анықтамалар берген. Орыс ғалымы Н.Д. Арутюнова: «Дейктические слова, своего рода «подвижные определители» приложимые к любому референту, содержание этих слов всецело обусловлено признаками денотата, выбор которого зависит от конкретного речевого акта» – деп нақты сөйлеу актісіне қатыстылығын көрсетеді.

Дейксистің негізгі ерекшелігі жайлы көп көзқарастар бар, оның ең басты ерекшеліктері Н.А. Серебрянскаяның «Дейксис и его проекции в художественном тексте» [56, 255 б.] – деп аталатын еңбегінде айқындалады. Олар: белгілі бір жақты сілтеп көрсету мәні, кеңістік және уақыт, есеп беру нүктесінің немесе координация орталығының болуы, бақылаушының қатысуы, оның объектіге қатысты «алыс-жақын» оппозициясын ескерумен бірге кеңістік пен уақытқа жайғастығы. Бұл ерекшеліктердің бәрі көркем шығармаларда анық көрініс табады.

Ғалымдардың көбі өз еңбектерінде мәтінде есімдікті дейксис немесе тар көлемдегі дейксистің көрінісіне арнайды. Мәтінде дейксис өте маңызды рөл атқарады. Дейксис туралы

түсінік қалыптастыруда сілтеу мәні негіз болып табылады. Дейксис сілтеу мәнінің үш түрін қамтиды: 1) сезіммен қабылданылатын нақты объектілерге қатысты жест немесе сілтеу сөздердің көмегімен тура көрсету; 2) дейксистік өріс немесе мәтіннің аясында вербалды құралдардың көмегімен көрсету; 3) адам есінің түкпірінде болатын абстракты орынға (немесе символдық өріс). Соңғысы көркем шығарма мәтінінде көрініс табады.

Ч. Филмора «Дейксис – это указание наличности говорящего и адресата, место и время высказывания» деп сөйлеуші мен адресаттың тұлғасына, орны мен сөйлеу уақытына сілтеп көрсетілуі арқылы айқындалатындығын айтады.

Ал А. Уфимцева «Неназывающие словесные знаки довольно своеобразные по функции и многочисленные по числу микросистемы, общей чертой которых является относительный характер их семантики и функция внутриязыкового, внутривидового их использования. Среди них – как одна из микросистем – выделяются действительные слова, которые рассматриваются как знаки относительного указания» - деп көрсетеді.

Т.В. Шемелева өзінің «Русское местоимения как часть речи» атты диссертациясында «Термином «дейксис» обозначается широкий круг явлений, связанный с указательной функцией языковых средств. Их изучение предполагает в первую очередь определение вида указания (на лицо, место, время), а затем и точки отсчета, относительно которой осуществляется указание», - деп түсініктеме берген. Ендеше жоғарыда берілген анықтамалардан байқайтынымыз дейксис сөйлеу кезінде белгілі бір құбылысты сілтеу, мензеу арқылы ауыстыруға негізделетін тілдік құрал ретінде сипатталады. Яғни, дейксистің негізгі қызметі – ауыстыру. Бұл – эвфемистік, дисфемистік қолданыстармен жақындығын, ұқсастығын көрсетеді. Дейксисте негізінен сілтеу және жіктік мәнді есімдіктер арқылы ауыстырулар қолданылады. Мысалы: - *Анауың қайда?* Мұндағы «анауың» сілтеу есімдігі арқылы сөйлеушінің соған қатысты интенциясын, ниетін, пиғылын

байқауға болады. Бұл сөйлеушінің сөйлеу кезіндегі әрекетімен байланысты болып, қандай мақсатта сөйлеп тұрғанын байқатады.

Бұл жөнінде Б.А. Серебренников: «дейксис является наиболее ярким атрибутом человеческой речи. Человеку дейксис нужен для ориентации в речи. Речь лишённая дейктических средств, может быть совершенно непонятной для собеседников» деп, дейксистің сөйлеу тілінің ең басты белгісі ретінде көрсетіп, онсыз сөйлеу тілі мүлдем түсініксіз болар еді деген ой айтады.

Мәтін құрамындағы сөйлемдерді байланыстыруда тілдік сілтеме (дейксис) ретінде жұмсалатын есімдіктердің орны ерекше. Олардың ішіндегі ең кең тарағаны – жіктеу және сілтеу есімдіктері. Бұл сөздер мәтін бөліктерін тек байланыстырып қана қоймайды, олар тавтологиялық қайталауға жол бермейді, әрі үндемеу құралы да болады. Мәтін мазмұнының біртұтастығын реттейтін тілдік құрал деп тұжырымдайды.

Дейксис түсінігі сонау антикалық дәуірден белгілі. Біздің дәуірімізде неміс ғалымы К. Бругманн (1904) алғаш қызығушылық танытып қарастырған. Бругманның зерттеулеріне сүйене отырып белгілі неміс психологы және лингвисті К. Бюлер өзінің «Тіл теориясы» еңбегінде (1934) дейксис мәселесі жайлы зерттеулер жүргізген. Сондай-ақ, Ч. Пирсом, О. Есперсен, А.М. Пешковский, Р. Якобсон және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әлем тілдеріндегі дейксистік құралдарды зерттеуде теориялықтан гөрі эмпирикалық зерттеулерге сүйенетіндігі байқалады.

Х. Дисселя зерттеулерінде кеністік дейксистің (сондай-ақ заттық және уақыт) негізгі құралдары егжей-тегжей қарастырылады, нақтырақ айтсақ, сілтеу есімдіктері немесе демонстративтер. Диссель демонстративтердің бірнеше синтаксистік түрлерін анықтайды: субстантивтік және адъективтік, адвербиалдық, сәйкестендірушілік. Осылайша, демонстративтер тілдің базалық, морфологиялық құрамына енеді. Мүмкін бұл оның дейксистік қызметімен байланысты

түсіндірілетін шығар. Өйткені дейкис адам сөйлеу тілінің көне және негізгі механизмдерінің бірі ретінде көрініс табады.

Бүгінгі күнге дейін дейкисінің бастапқы түрі ғана туралы айтылса, қазіргі кезде дейкисінің бастапқы түріне қатысты үш құбылыс айқындалған, яғни екінші дейкис, анафора және мәтіндік дейкис. Сондай-ақ, әлеуметтік дейкис термині әртүрлі тілдерде сыпайлық категориясын зерттеу еңбектерінде қолданылады. Орыс тілінде екінші жақ есімдіктерін талдауда (ты и вы) сөйлеуші мен адресаттың әлеуметтік мәртебесіне байланысты шарттылық бар. Бұл құбылыс тікелей дейкиспен байланысты болмағанымен, жіктеу есімдіктерінде сыпайылық категориясы дейкисістік элементтермен жасырынған.

Дейкисінің негізгі қызметі – меңзеу. Дейкисінің негізгі үш түрі айқындалған: арнайы (жеке), кеңістік және уақыттық дейкис. Осы түрге сәйкес орталық тілдік бірліктерге I-ші және II-ші жақ есімдіктер (мен, сіз) локативті (мұнда, осында) және уақыттық (қазір) – көрініс. Бұл үш түрі коммуникативтік актінің қатысушыларына бағдар болатын прагматикалық ауыспалы сөйлеу актісіне немесе эгоорталық дейкисістік ортаға сәйкес келеді.

«Прагматика тілдік таңбалардың оны қолданушы адамдарға қарым-қатынасын көрсетеді, сөйлеу қарым-қатынасының барлық параметрлерін қамтиды. Прагматика тілдік таңбалардың әртүрлі деңгейлерін ғана қарастырмайды, сөйлеу қарым-қатынасының барлық параметрін зерттеуді нысана етеді, қандай мақсатта сөйлеп тұрғанын көрсетеді» [49, 24 б.]. Сөздердің келтірінді, жанама мағынасында қолдану прагматикалық сипатта болу мүмкін. Олар коммуникативтік келеңсіз жағдайларды болдырмау үшін сөйлемдегі белгілі бір заттың мән-мағынасын бүркемелеп, сыпайы түрде, әдеби тұрғыда жеткізу үшін қолданылады. Бұл эвфемизмдердің қызметіне тән қолданыс болып табылады. Бұл орайда «Эвфемизм... – благоречие, вежливое выражение (порой мнимо вежливое), смягчающее прямой смысл резкого, грубого или интимного высказывания», является средством выражения семантики умолчания с ее главным значением –

недосказанностью» [28, 39 б.], – деп көрсеткендей, көркем шығармада белгілі бір өрескел іс-әрекеттің мән-мағынасы ашып айтылмай, астарлы мағынада беруде эвфемизмдердің рөлі ерекше. Бұл әрине жазушының тіл байлығын сарка пайдалана білу шеберлігіне де байланысты болады. Мысалы, *Ал енді, шынықты айтышы, осы күнге дейін өзің жігітшілік құрып көрдің бе? Ха-ха-ха!..*

*Диканың сары табақтай жалпақ беті түгел күліп жаялықтай боп кетті. Ақбөпе сәл ғана езу тартып: – Жезде-ай, сіз де сұрамасты сұрайды екенсіз, – деп шай жинай бастады. – Сұрамағанда қайтейін, өмірдің ең бір шырынын татып көрді ме екен, білейін дегенім зой. Шіркін, біз де бір күні тұғырдан таямыз-ау, – деп Ақбөпеге қисая жатып қарап сөз тартты.* (Жүнісов С. Жапандағы жалғыз үй). Дүниедегі ең алып күш ол – әдемілік, сұлулық екенін ертедегі ғұламалар да мойындағаны белгілі, жарасымды әрі орынды әдемі сөздер, яғни эвфемистік қолданыстар көркем шығармада жазушының ойын нақты бейнелеуде түрлі көркемдегіш құрал қызметін атқарады. Біздің зерттеу еңбегімізде жоғарыда келтірілген эвфемистік қолданыстар кейіпкер ойын жеткізуде түрлі прагматикалық қызметте жұмсалған. Көңіл бөлетін бір мәселе – эвфемистік қолданыстағы бұл сөздер түрлі стильдік мақсатта контекстік мағына көмегімен ауыспалы мағыналарда келеді. Айталық, «жігітшілік құрып көрдің бе?» (интимдік қатынаста болдың ба?), «сұрамасты сұрайды» (ондай сұрақты қоюға болмайды), «өмірдің ең бір шырыны» (ләззат) деген сөздер өзара қарым-қатынастарында көңілге тимеу жағын көздеген әзіл-оспағы аралас жарасымды сөздер болса, күні ертең күтіп тұрған кейіпкер өкінішін де жазушы эвфемистік қолданыспен «тұғырдан таю» деп жұмсартып жеткізуі қаламгер шеберлігі деп түсінген жөн.

Әр жазушы өзінің қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылап шынайы образын жасауда жағымсыз эмоциялық мән тудырудың амалын да қолдануға тырысады. Мысалы: *Бір шапса ұзақ шабатын әбден қалжыраған кәрі мәстек, жас байталдың ойнағысы келгенін*

*бітсе де, шаршағандықтан жастыққа басы тиісімен қор ете қалған.* (І. Есенберлин. Көшпенділер.). Ауызекі тілден бастау алған әдеби тілде қайсы бір жағдайларда ирониялық мақсатта болсын сөйлеу тілі элементтері орынды қолданыстарында метафоралық қызметте жұмсалып, көркем мәтіндерде түрлі қызмет атқара береді. Жоғарыдағы мысалда қалжыраған сөзімен тіркесіп келген «мәстек», оның үстіне «кәрі мәстек» деп келуі, негізінен «іске аспайтын», «жарамсыз», «іске алғысыз» мағынасындағы жағымсыз эмоциялы сөз болғанымен, қаламгер тілінде езу тарталық ирониялық стильдік қызметте ешқандай зілі жоқ эвфемистік қолданысқа енген. «Қалауын тапса қар жауар» дегендей, жазушы шеберлігі де кейде контрастық құбылыстарға құрылған ой түйдегінен де көрінеді. Эвфемизмдер негізінен сыпайылап, әдемілеп сөйлеу деген түсінік қалыптасқанымен, зерттеуге қарағанда, іштей өте күрделі құбылыс екені байқалады. Яғни, прагматикалық қызметте тілдік таңбалардың оны қолданушы адамдарға қарым-қатынасын көрсетеді, әрі ықпал етеді, қабылдаушының реакциясын тудырады. Автордың қолданысында таңба өзінің «іс-әрекетін ықпал ету», «белгілі мақсатқа арнап» құру қасиетіне ие болады. Осылайша қатысым әрекетіндегі таңбаның бітім-болмысын көрсетеді.

Эвфемизм сөздердің прагматикасы деген мәселені қарастыруда ұлттық қасиеттерге тоқталу керек сияқты. Өйткені эвфемизмдер ұлттық тілімізде қалыптасқан тұрақты тілдік бірлік деуге болады. Сөздің табулық және эвфемистік формасы лексикалық жүйенің белгілі бір семантикалық топтарын қамтиды, сондықтан эвфемия құбылысын жүйелеуге келмейтін, кездейсоқ, тұрақсыз деп тануға болмайды. Прагматика сөйлеу актілеріндегі сөйлеушінің интенциясын, яғни ниет-пиғылын қарастырады. Мысалы, *«Қосиманов Ақбөпеге қарап, шын ынтығып жатыр. Көз алдынан кешегі соғыс жылдарындағы оқиғалары да өте шықты. Елде жігіт жоқ. Қыз-келіншек көп. Қырдың қызыл түлкісінше, көрінген жерде көлденеңдеп, кескестеп өте береді. Қосиманов өкілдікпен ел аралап жүріп, мұндай түлкілердің талайын-ақ қарға аунатып, ұмар-жұмар*

соғып алатын. Тіпті ұзақ сонарға түсіп қиналған күні де кемдекем. Көбінесе «қан сонар» мен «келте сонардан» асырған жері жоқ. Енді, міне, алдында бұлаңдап, тағы бір түлкі отыр. Бұған үлкен айла-қақпан керек. Шошытып алса, түлкіден айырылып қана қоймай, күлкіден айрылуы да хақ». Қосимановтың қызкеліншектерге катысты іс-әрекеті көркем тәсіл арқылы жеңілдетіліп, астарлы мағынада эвфемистік метафоралар арқылы бүркемеленіп, оқырманның өзіне не жайлы екендігін түсінуіне мүмкіндік береді. Ғалым А. Салқынбай: «Метафора адам баласының дүниені танып білуінің бір формасы ретінде бағаланады, ол – танымдық процесс. Халықтық дүниетанымды бейнелеудің, тілде таңбалаудың бір түрі. Метафоралық мағына ұқсату, салыстыру, теңдестіру арқылы туындайтын, көпқырлы, күрделі құбылыс. Ол диалект сөздердің, табу мен эвфемизмнің, мақал-мәтелдердің, фразеологизмдердің, қанатты сөздердің т.б. жасалуының негізгі көзі» деп метафораның халықтық дүниетанымды бейнелеудің амалы ретінде көрсетеді. Сондай-ақ, метафора әр түрлі прагматикалық мақсатта қызығушылық тудыру үшін, аялық білім таныту, өз пайдасына жету үшін де қолданылады. Автор осылайша оқырман санасына әсер етуде ұтымды жолды таба білген және ақиқатты көркем бейнелеу үшін емес, ақиқатты субъектінің әлеуметтік тұрғыдан бағалау үшін қолданатындығына назар аударады. Мұндағы түлкі, ақ қарға аунату, ұмар-жұмар соғып алу, ұзақ сонар, қан сонар, келте сонар, бұлаңдап, айла-қақпан керек дегендер – аңшылыққа тән ақпарат. Яғни, кодтау стилистикасы бойынша автор өзін қоршаған ортадан өзіне керекті ақпарат көздерін алады, осы ақпаратты өңдеп, оқырманның сезіміне, еркіне әсер етуі сәтті шыққан. Мәтіндегі контекстік мағына ақиқат дүниедегі денотаттық ситуацияның тілдік ұжымының санасында фреймдік құрылым ретінде қалыптасумен байланысты. Ендігі тұста осы фреймдік формасы «алдау», «арбау», «қорлау», «иемдену» сияқты басқа бір концептімен ассоциацияланып, екінші бір атау пайда болған. Осы аталған когнитивті жасалым стереотипті денотаттық ситуациямен байланысты кейіпкердің қызкеліншектерді алдап, қорлауы тікелей аталмай, осы ситуацияға



кейіпкердің ой бейнесі арқылы құрылым жасалған. Сондай-ақ, бұл мәтінді кеңістік дейксис қызметі тұрғысынан да талдауға болады. Мәтінде дейксиске тән белгілердің қатысуын байқай аламыз, яғни белгілі бір жақты сілтеп көрсету, кеңістік және уақыт, есеп беру нүктесінің болуы, бақылаушының қатысуы, оның объектіге қатысты «алыс-жақын» оппозициясының көрініс табуы. Мұндағы *кешегі*, *мұндай* және *міне*, *бұған* сияқты сілтеу есімдіктері қатысқан дейксистік қолданыстар (*кешегі соғыс жылдарындағы оқиғалары*, *мұндай тұлкілердің*, *міне*, *алдында бұлаңдап*, *бұған үлкен айла-қақпан керек*) мәтін бөліктерін байланыстырып, мәтін мазмұнының біртұтастығын реттеуге, айқындауға ықпал жасайды. Мәтіндегі кейіпкер Қосимановтың кешегі өткен күндері мен бүгінгі күнідейксистік қолданыстар арқылы оқырманды ойталқыға қатыстырып, кейіпкердің әрекетіне өзіндік баға беруге ықпал жасап тұр.

Сөздің белгілі бір формасына табу салу белгілі бір экстралингвистикалық факторлар арқылы детерминделеді, ал табу салынған сөздің формасын басқа формамен ауыстырудың белгілі бір уәжі мен мақсаты болады. Прагматикалық мақсат стилистикамен бірлескенде ғана мәтіннің мағыналық-акпараттық мазмұны толық жүзеге асады. Бұл орайда, дискурс және мәтін ұғымдарына тоқталмай болмайды. Өйткені дискурс пен мәтін – тілдік қатысымдық, тілдік бірлік ретінде когнитивті, коннотативті, эмоционалды-экспрессивті мағына, мазмұнды білдіреді. Бұл мазмұн тілдік формалардың дінгегін, объективті негізін құрайды. Тәжірибеде ол белгілі-бір кеңістік пен белгілі-бір мезгілдік шек түрінде көрінеді. Формальды мазмұн – заттың түзілісі, ойдың құрылысы. Ғылымда ол байланыстардың жүйесі түрінде көрінеді. Формальды мазмұн – субъектінің танымдық қызметінің белгілі бір субъективті қасиеті, заттық нәтижесі болып табылады.

Экспрессивтік-бағалауыштық кейіпкер атаулары көркем мәтінде жиі қолданылады, алдымен, шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру қызметін атқарады, сол сияқты кейіпкерлердің бір-біріне қарым-қатынасын көрсетуде автордың өз шығармасындағы кейіпкерлеріне қатысын, көзқарасын білдіру

үшін де жұмсалады. Эмоциялық бояуды қоюлату үшін де, әсіресе кейіпкерді жағымсыз жақтарын бейнелеуде экспрессивті-бағалауыштық және экспрессивті-эмоциялық лексика субъективті-модальды, айрықша міздеме тізбектерінде прагматикалық әлеуетпен қолданысқа түседі.

Қорытындылай келе, дейксистің негізгі қызметі мензеп көрсету. Дейкис сөйлеу кезінде белгілі бір құбылысты мензеу, арқылы ауыстыруға негізделеді. Мәтін құрамындағы сөйлемдерді байланыстыруда тілдік сілтеме (дейкис) ретінде жұмсалатын есімдіктердің ішіндегі ең кең тарағаны – жіктеу және сілтеу есімдіктері. Қазіргі кезде дейксистің негізгі үш түрі айқындалған: арнайы (жеке), кеңістік және уақыттық дейкис. Сондай-ақ, әлеуметтік дейкис әртүрлі тілдерде сыпайылық категориясы ретінде қолданылады. Мәтінде дейкиске тән белгілердің қатысуын байқай аламыз, яғни белгілі бір жақты сілтеп көрсету, кеңістік және уақыт, есеп беру нүктесінің болуы, бақылаушының қатысуы, оның объектіге қатысты «алыс-жақын» оппозициясының көрініс табуы.

### **3.3 ЭВФЕМИСТІК, ДИСФЕМИСТІК ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ОППОЗИЦИЯСЫ**

«Бір-біріне оппозициялық қатынаста тұратын сөздердің логикалық жақындығын анықтауға болады. Кез келген екі нысанды салыстыру үшін ортақ негіз болуы керек, мұндағы ортақ негіз олардың бір нысанға сәйкес келетіндігінде. Қарама-қарсы сөздердің пайда болуы болмыстағы заттар мен құбылыстардың қасиеттері мен қатынастарына, сапалық белгісіне, оппозициялық ұғымның психолингвистикалық негізі лебізге байланысты. Ал сөз мағынасының қарама-қарсылығы адам тәжірибесіне, болмысты тану мүмкіндігі мен қажеттілігіне иек артады. Нысандарды қарама-қарсы қойып олардың сапалық деңгейін бағалау немесе ұқсас, мәндес белгілерін көрсету салыстыру процесімен бірге жүретін күрделі құбылыс. Салыстыру барысында нысандар мен олардың қасиеттері, сапалық деңгейі арасында сәйкестік, айырмашылық, қарама-

карсылық, бірлік, ұқсастық болуы мүмкін» [44, 71 б.] – деп көрсетілгендей эфемистік, дисфемистік мәнді сөздерді де салыстыра отырып, бірлікте қарастырудың қажеттілігі туып отыр.

Оппозиция сөзі көп жағдайда фонологияға қатысты қолданылады. Орыс тіл білімінде Н.С. Трубецкойдың «Основы фонологии» деп аталатын зерттеуінде, сондай-ақ, Т.В. Булыгинаның «Грамматические оппозиции» еңбегінде де грамматикалық оппозиция туралы анықтама беріледі. Ал стильдік оппозиция туралы әлі бірыңғай пікір қалыптаспаған. Дегенмен, стилистикада әдеби тіл қарапайым сөйлеу тіліне қарама-қарсы қойылады. Ал әдеби тілдің құрамында кітаби және сөйлеу тілі қарсы қойылады. Оппозиция стильдік мәнерлі тілде де байқалады: жағымды, эмоционалды-бағалауыштық бейне (мелиоративтік) және жағымсыз (пейоративтік) құралдар.

Стильдік оппозиция тұрғысынан эфемизм мен дисфемизмді де қарама-қарсы қойып қарастыруға болады. Қазіргі тіл білімі ғылымында эфемизм құбылысы көптеген зерттеу еңбегінің нысанына айналып отыр. Атап айтсақ, Ә. Ахметовтің, М. Жұмағұлованың, Г. Смағұлованың т.б. зерттеулерде эфемизмдердің қызметі олардың қолдану аясы қарастырылады.

Дисфемизм эфемизм құбылысына қарама-қарсы қойылып эмоционалды және стильдік дәрекі, жағымсыз сөздермен алмастыруда айқындалады. Сөйлеу тілінде дисфемизмдердің қолданылуы жағымсыз баға беру мақсатында сондай-ақ, сөйлеушінің этикалық, стильдік нормаларды меңгермеуімен байланысты болуы мүмкін. Бұл екі құбылыстың қарама-қарсылығы олардың атауларынан да көрінеді. Сондай-ақ олардың атқаратын қызметінен де байқауға болады. Яғни, эфемизмдер мен дисфемизмдердің функционалдық оппозициясы туралы айтуға болады. Функционалдық оппозицияны екі түрлі мағынада ұғынуға болады: Мәтіндегі әртүрлі функционалдық стильдердің қолданысы мұндай оппозицияны стильдік оппозиция деп атауға болады және атқарылатын қызметінің қарама-қарсы қойылуы немесе прагматикалық оппозиция.

Қарама-қарсылық, . карама-қайшылықтан туатын оппозициялардың қандай түрлері болмасын дүниені, болмысты, өмірдегі заттар мен құбылыстарды танып білудің нәтижесінде қалыптасады. Таным шындық болмысты санада бейнелеу және оны қайта жаңғырту процесін, объект пен субъектінің өзара әрекеттестік байланысын білдіреді. Таным дүниені, шындық болмысты танып білудің негізгі және басты шарты болып табылады. Танымның, таным теориясының қалыптасуында ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде туған антропологистикалық бағыттың зор мәні болды. Антропологистикалық бағыттың дамуы көне грек заманынан бастау алып, ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда негізі салынған антропоцентризм жайындағы көзқараспен ұштасады. Антропоцентризмнің (гр. Antropos адам және centrum орталық) мәні – адамды әлемдегі ең басты тұлға, әлемнің кіндігі деп тану, оның жоғарғы максаты адам, адамды тану. ХХ ғасырда Американдық ғалымдары жасаған «Сепир-Уорф болжамы» бойынша сыртқы дүниені танып білу тәсілдері мен ой жүйесі тіл арқылы анықталады, болмыстың танылу сипаты оны танып білуші, субъект ойлайтын, қолданатын тілге байланысты. Адамдар дүниені бөлшектеп, саралап тани отырып, оның ұғымын тудырып мағынасын түрлендіреді [57, 214 б.].

Танымдық процесс ортақ болғанымен, әр субъектінің өзінің танымдық дәрежесі немесе қасиеті болады. Осы танымдық ерекшелік академик Ә.Хайдар пікірінше бүтін дүниені бөлшектеп, саралап тану болса, біздің пікірімізше, сол сараланған әрбір бөлшекте оппозиция – міндетті түрде қатысатын қозғаушы күш. Себебі жақсы, жаман дегеннің өзі – сырт көздің бағалаушылық қасиетінен туындайтын оппозиция. Бұл танымдық процес субъектінің дүниені алғаш тану кезеңінен басталады да, ол адамның эстетикалық талғам өрісінен тіл арқылы көрініс береді. Ал тіл жеке субъектінің өскен ортасына, алған тәлім-тәрбиесіне, ой-өрісіне, біліміне, қысқасы, адамның жалпы интеллектуалды ғана байланыста болмақ.

Субъект ортасы карама-қайшылыққа толы. Қоғам, табиғат сол қайшылық нәтижесінде өрбитін болса, сол ортадағы әрбір адам танымы да осы үрдіске тәуелді. Ол өз қажетін

канағаттандыру барысында оппозиция көмегімен таңдайды әрі сол талғамға орай ортамен (табиғат, қоғаммен) қатынасқа түседі. Адам табиғаттың бір бөлшегі бола отырып, қоршаған ортада саналылығымен ерекшеленеді де, сол ерекшелік тағы да тіл арқылы айқындалады. Сондықтан тіл өмір айнасы, ол әрбір субъектінің басқамен коммуникативті қарым-қатынас барысында барлығына баға беріп оппозиция тұрғысынан орнын айқындайды. Сондықтан да қай халықта болмасын тіл егер жалпы ортақ құбылыс болса, қолдану барысына орай әдеби және сөйлеу нормасы ретінде үлкен екі топқа бөлінеді. Бұлай екі жікке бөліну – оппозициялық бағалаушылық ерекшелік.

Тілде нәрсені атау бар да, сол атау оппозициялық тұрғыда аталуы және бар. Бұл екеуі – екі түрлі құбылыс. Мысалы, «көк» тура мағынасы түр-түс атауы болса, көк мінез қолданысында жағымсыз эмоция туғызады. Әрине бұл жерде, екінші қолданыста, тіркес мағынасы негізінде жағымсыздыққа ие болып тұрғаны рас, бірақ сол жағымсыз эмоция-оппозиция нәтижесі. Оппозицияны тіл арқылы көрінетін құбылыс бола отырып, ол қоғамның барлық саласынан, табиғаттың барлық құбылыстарынан бастау алады және әрбір халықтық өз талғамына орай қызмет етеді.

Оппозиция – дүниенің қозғаушы күші. Қоғамда тіл өзінің даму барысында өседі, дамиды және тоқырауға да ұшырауы мүмкін. Осы тоқырау оппозициялық күштері өзге-салмақтарына таразы ретінде жаңа күш, бағыт нұсқайды.

Тілдің өмір сүру үрдісінде белсенді қызмет атқарып дұрыс-бұрысы анықталады. Әдеби тіл мен сөйлеу тілі араласпағы айқындалады да, нәтижесінде тіл жаңа даму заңдылығына көшеді. Оппозиция ең алдымен қоғам мәдениеті мен тіл мәдениеті дәрежесіне тікелей байланысты. Неғұрлым қоғам жан-жақты өскен сайын, неғұрлым стиль түрлері саралана түскен сайын оппозиция да соғұрлым күшейе түседі, сөзталғам ортаға түсіп, әдеби не сөйлеу тілі норма жіктері тұрақтала әрі әрі қолданысқа белсенді қатысады. Бұл процесс тек екі норма аралығында ғана емес, әдеби тілдің және сөйлеу тілінің өз іштерінде де эволюциялық жолмен танымдық процесскөмегімен

жіктеле бермек. Тілші ғалымдардың сөйлеу тілі әдеби тіл нормасысының қайнар көзі: ол өзіне қажеттігін сөйлеу тілінен алады деген пікілері осы оппозиция нәтижесінен келіп туындап жатады. Себебі, жаратылысы, табиғаты осыны меңзейді. Аталық, тек сөздердің стильдік қолданыстарын сөз еткеннің өзінде жергілікті диалектілерге қарсы жалпыхалықтық сөздер бар, эвфемизмге қарсы дисфемизмдер, гиперболаға қарсы литота дегендей, т.б. толып жатқан тілдік көріністерді терске шығаруға болмайды. Тілдегі оппозиция негізінен сөз қолданыстарының, тіл мәдениеті дәрежесін анықтайтын өлшем бірлігі десе де болады. Бұл әсіресе жазба мәдениетіндегі көркем шығарма туындыларында айқын байқалады. Себебі, көркем шығарма кейіпкерлері – сол қоғамның жемісі. Қоғамның өрениетті эстетикалық талғамы оның саяси, экономикалық даму үрдісіндегі тіл мәдениеті дәрежесіне тікелей байланысты. Мұнда түрлі салт-дәстүрлермен қатар, әсіресе, ұлттық сана өлшем таразы іспетті қызмет атқарады. Ұлттық сана – тіл мәдениетінің айқын да нақты көрінісі. Уақыт өтіп, қоғамның жан-жақты өсуіне орай жаһандандыру процесінде де оппозициялық құбылыс тіл тілдерде қозғаушы үшке айналып, жалпы қоғамдық тіл мәдениетте іріктеу, сұрыптау және тұрақталу секілді түрлі құбылыстарды бастан кешіреді. Соның бірі – тілдердегі эвфемизм мен дисфемизмнің ара-салмағы. Есте болатын бір жағдай – жоқтан бар болмайтын диалектикалық заңдылық сияқты, сөздер де біржола жоғалып кетпейді. Олар қаншылықты қолданыстан шыққанымен уақыт талабына орай дыбыстық өзгешелікке ұшырап, не мағына жаңғыртып ертелі-кеш қайта оралады. Бұл тіл табиғатының өз жаратылысынан туындайтын заңдылық әрі барлық тілге ортақ құбылыс. Бір кездегі актив қолданыстағы сөздер тіл мәдениетіне т.б. заңдылыққа орай пассивтік қолданысқа немесе керісінше құбылысты бастан кешіруі мүмкін. Айталық, жоғарыда келтірілген «қатын» сөзі тілімізде өте ертеден қолданылып келе жатқанына қарамастан, қазіргі таңда орайы келсе қолданыла қоймайтын, қолданыла қалған күнде белгілі бір жүктеме стильдік (әсіресе, көркем шығармаларда) жұмсалатын пассив қолданыстағы дисфемизмге

айналып отыратындығы айтылады. Оппозиция тұрғысынан сөздер архаизм немесе неологизмге айналып сол секілді актив не пассивтік қабаттарға өте беруі сол уақыт талабына байланыста болатын тілдік құбылыстар. Айталық, Егемен Қазақстан болғаннан бері 15-20 жылдың ішінде (тіл үрдісі үшін бұл уақыт емес) салт-санаға, дәстүрге, дінге байланысты көптеген сөздер қайта жаңғырып, тіл кемшіліктерінің орнын толтыруда.

Негізінен, тіл даму барысында барлық мүмкіншіліктер пайдаланылады. Сөздер заман талабына орай іріктеліп, сұрыпталып не қолданыстан шығу, жаңа мағынаға ие болу деген т.б. заңдылықтардың ұдайы әрі тоқтаусыз жүруі осы оппозиция құбылысының арқасында жүзеге асып жатады. Оппозиция нәтижесі деген – таңдау. Тілдегі таным процесінде болып жатқан таңдау, басқаша айтқанда, қолдану сол субъектінің танымдық процесіне байланысты. Әрбір субъектінің стильдік ерекшелігі дегеннің өзі сол сөз қолданыстың табиғи ерекшеліктері. Бұл шығарма кейіпкерлерінің дисфемизм мен эвфемизмдердің қолданыс ерекшеліктерінен көрінеді. Кейіпкердің танымдық ерекшеліктерінен, стильдік қолданыстарынан бірде эвфемизм басым болса, бірде дисфемизмдер басымдау болуы мүмкін. Бұл жағдай сол кейіпкердің өскен ортасына, этикалық сөз қолданыстарына тікелей байланысты. Мысалы: – Кіші балаңды құртып едің, енді үлкен балаңа ауыз салайын дедің бе? – Жә, сөзді бөлмей артыңды қысып, жайына отыр. Қатынның ақылымен қонса қонсын, көршің жау шығады (І. Есенберлин. Көшпенділер.) – Кет, сандалма! Сенің қолыңда тұр деген... (Қ. Жұмаділов. Бір ғана ғұмыр.) Немесе: ...Тілінің ілмешегі бар. Жақында мына сен тәрізді кәріп боп қалған бір жігіт өз тағдырын қолына алып, мәселені бір-ақ шешкен (Н.Келімбетов. Үміт үзгім келмейді.) деген сөйлемдерден тілдегі эвфемизмдер мен дисфемизмдер стильдік оппозиция құбылысы екендігі әрі ол карама-қарсылық шығарма кейіпкерлерінің танымдық дәрежесін көрсету мақсатында бейнелі түрде қаламгер сәтті қолданған. Айталық, бірінші сөйлемдегі көпті көрген көне көз ананың «ауыз салу», яғни тыныштық бермеу, мазасын алу

мағынасындағы сөз қолданысы эвфемизмдік қолданыс болып табылады. Сыпайы әрі ұтымды да түсінікті және сарказмге құрылған бейнелі сөз. Егер бұл сөзді «тыныштық бер» деп қолданса, онда жай айтыла салған күнделікті, үйреншікті сөз қолданысы болар еді де, бұл жағдайда ол сөз әсер етпей, ойын жеткізе алмаған болар еді. Ал «ауыз салу» сол секілді «тізе батыру» дегендер – өткір стильдік мәнге құрылған эвфемизмдер. Бұлар мәдениетті образды тіркес болғанымен, астарында ащы мысқыл, келіспеушілік, қаламау сияқты мағына, яғни бағалауыштық мән бар. Мұны әрине тұрпайы сөзбен де жеткізер еді, дегенмен карт ананың өскен ортасы, салт-дәстүрді сақтау, ұлттық әдет-ғұрыпты қастерлеу сияқты болмысында тәрбие көргендіктен этикетті сақтап, қатты айту, жеріне жеткізе сөйлеу мәнері осы болды. Қаламгер де мұны жақсы түсінгендіктен бейнені шынайы көрсету мақсатында әдейі аузына салып отыр. Ал жауабы ше? Байлық арқасында менмендікке, кісі менсінбеу, жалғанды жалпағынан басқан, өзі сараң әрі сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлмейтін байдың «артыңды қысып жайыңа отыр» деген тұрпайы мәнді дисфемизм. Міне, эвфемизм мен дисфемизмнің стильдік қолданысындағы оппозиция деген осы. Толып жатқан карама-қайшылық. Сөз қолданыстарының қайшылығынан-ақ кімнің кім екені түсінікті. Реті келгенде айта кеткен жөн, Абай сынды ұлы ақынның «қарын тоқтық... оздырар адам баласын» деген нағыз оппозициялық қолданыстан туындаған дана сөзі еріксіз еске оралады. Әйтпесе көк жалдың жолдасына дөрекі мәнді дисфемизммен жауап беру сөйлеу мәдениетінен жұрдай, төменгі стильмен сөйлеуді әдетке айналдырған сауатсыз екенін дәлелдеуден басқа ешқандай ұтымды дүние көрінбейді. Оппозициялық қайшылық кейіпкерлердің жалпы табиғи болмысынан туындап тұр.

Дисфемизм мен эвфемизмдер оппозициялық құбылыстар ретінде қарастырғанда стильдік қолданыс жағынан карама-қарсы мәнде жұмсалып аясы негізге алынады да, көркем шығармаларда сол қайшылықты бейнелі сөз ретінде ерекшеленеді. Сондықтан бұлардың көпшілігі эмоционалды-экспрессивті мәнде жұмсалады. Жоғарыда келтірілген



мысалдағы дәрекі мәндегі «кет, сандалма» – сыпайы мағыналы сөздің оппозициялық құбылыста тұрған дисфемизмі. Бұл тек бұйыру емес (кет, сандалма) әрі менсінбеу, кемсіту мәні бар жағымсыз эмоциялы сөз. Егер өз орнымен қолданған «кет» сөзі болса, онда ол етістік ретінде (бұйрық райлы) қабылданар еді. Бірақ, бұл арада сөйлем бойында келіп, ерекше жекіру секілді экспрессиялық мәнде жұмсалып жағымсыз эмоциялық мағына туғызып отыр. Сонда сөйлем құрамындағы сөздердің орындарын ауыстырып әрі оған ерекше стильдік жүктеме қызмет арту нәтижесі де дисфемизмдердің жасалуының бір тәсілі ретінде де қарастыруға болады. Мысалдағы «сандалма» – осы қолданысынан-ақ дисфемизм. Мұндай дәрекі мәнді дисфемизмдер көркем туындыларда төменгі стиль дәрежесін туғызу мақсатында жұмсалады.

Дисфемизмге қарсы мәндегі эфемизмдер керісінше жоғарғы стиль дәрежесін туғызу үшін жұмсалатыны белгілі. Мәселен, жоғарыдағы мысалдағы тіл байлығы мол, эстетикалық талғамы күшті кейіпкердің түйеден түскендей әйел затын «қыз» демей-ақ «жамбасы» жер иіскемеген «бүлдіршін» деп сыпайы қолданады. Бұл – дисфемизмге қарама-қайшы оппозиция құбылысында тұрған эфемизм. Бұдан өзге мысалдардағы «өсекші», «сөз тасушы» дисфемизмнің орнына тіл мәдениетін сақтап әрі бейнелі түрде «тілінің ілмешегі бар», «ауру» деген теріс эмоциялы сөзді жұмсартып «кәріп болу» немесе қиындықты жеңе білді, мойымады дегенді жарасымды образды түрде «өз тағдырын қолына алып» деп суреттеу әрине қаламгердің кейіпкер тілі арқылы оның қаншалықты мәдениетті дәрежесін көрсету үшін қолданып отыр. Сонда, біздің байқауымызша, дисфемизмдер мен эфемизмдер оппозициялық тұрғыда көркем шығармаларда кейіпкер бейнелерінің әр қырынан көрсету үшін қолданылатын стильдік амалдар деген пікір айтуға болады. Негізінде тіл заңдылығы тұрғысынан қарастырғанда оппозициялық құбылыстағы эфемизм мен дисфемизмдер зерттеу жұмысы барысында басым көпшілігінде тіліміздегі ауыспалы мағыналарды толықтырып, дамытып отыратын бейнелеуіш, көркемдеуіш құралдар ретінде қызмет ететіні

анықталып отыр. Сонда тілдегі қайшылық мағыналардың стильдік қоланыс нәтижелері полисемиялық құбылыстың жандануына әрі қайта жаңғырып дамуының үлкен бір арнасы, бірден-бір қайнар көзі деген сөз. Айталық кез келген халықтың менталитетінде өлім турасында сөз қозғағанда біз сөз етіп отырған оппозициялық құбылыс айқын байқалады. Кісі өлімін тұрпайы, дөрекі тұрғыдан немесе эвфемизм арқылы сыпайы түрде де жеткізуге болады. Мысалы, күнделікті сөйлеу тілінде «өлді», «қара жер жұтты», «кұдай жалмады» т.б. дөрекі мәнді дисфемизмдік мағыналарды жұмсартып, мүмкіндігі болғанша сыпайы жеткізу мақсатында «дәмі таусылды», «жер койнауына алды», «шыбын жан мәңгілік мекеніне кетті», «қайтпас сапарға аттанды», «көз жұмды» т.б. толып жатқан сөздердің не тұтастай тіркестердің контекстік қолданыстары нәтижесінде эвфемизмдер дүниеге келіп отыр. Байқап отырсақ, бұл да тіл байлығымыздың үлкен бір көрінісі. Сол көрініс – оппозициялық құбылыс ерекшелігі, нәтижесі.

Зерттеуге қарағанда тіліміздегі оппозициялық құбылыстағы дисфемизм мен эвфемизмдер бір-бірінен туындап жатқан тіл заңдылығы екенін байқауға болады. Өмірде, табиғат пен қоғамда жақсы мен жаман қатар өмір сүретіндіктен ана тілі арқылы жеткізу – қай халықта болмасын кездесетін мәселе. Сондықтан, бұл тек өлім-жітімге ғана қатысты емес, (жоғарыда сөз еткендей) мұның ауқымы, яғни тақырыптық топтары кең. Айталық, адамның мінез-құлқына, қарым-қатынасына, дене мүшелерге, әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрлерге т.б. толып жатқан тақырыптық топтарға бөліп көрсетуге болады. Мәселен, «тіл тигізді» деген іс-әрекетті білдіретін эвфемизм орнына «аузына ақ ит кіріп, көк ит шықты», «аузынан жынын шашты», «ит терісін басына қаптады» т.б. дөрекі мәнді дисфемизм қолданылса, табиғатқа байланысты «жанға жайлы жер» дегеннің «ит байласа тұрғысыз» дисфемизмі немесе «киналды», «тарықты» дегеннің орнына тұрпайы мәнді «жылап ішіп, шыңғырып, тышып» деген дисфемизм қолданылады. Осы секілді әр түрлі тақырыптарға бөлудің өзі оппозициялық қайшылық нәтижесі деп түсінген жөн болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезде дейкисис туралы түсінік, оның қызметі, түрлері ерекшеліктері ғылыми зерттеу еңбектерде айқындалып қарастырылған. Бірақ дейкисистің түрлеріне қатысты толық зерттеулер бар деп айта алмаймыз, әсіресе, мәтіндік дейкисиске қатысты әлі де зерттеулер жүргізу қажет. Дейкисисті табу, эвфемизм, дисфемизм құбылысымен салыстырып, ұқсастығын анықтауда ауыстырудың бір түрі ретінде қарастыруға болатындығына назар аудардық. Яғни, дейкисис сөйлеушінің ниетін, пиғылын білдіру мақсатындағы ауыстыру болса, сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады. Табу эвфемизмге қарағанда тар шеңберде, яғни белгілі бір сөздерді ғана ауыстыру болса, ал эвфемизм сыпайы сөйлеу мақсатындағы сөздерді жаппай ауыстыру құбылысы. Тілде бір сөз бір сөзбен алмастырыла береді. Бұл да тіл мәдениетінің бір тәсілі болып саналады.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде эвфемия құбылысын ғалым Ә. Ахметов алғаш ғылыми зерттеудің нысанына алып, табу мен эвфемизмді этнографиялық лексикаға жатқызады. Жалпы тіл білімінде эвфемизмнің пайда болу жолы табу сөздердің қолданысымен байланысты деген пікір орныққан. Бұл орайда Ә. Ахметов өз еңбегінде «... табу мен эвфемизмдердің арасындағы байланысты себеп пен салдар деп қараған жөн. Өйткені эвфемизмдерді тудыратын – табу. Сондықтан да олар бірінсіз бірі жүре алмайды. Сосын табу эвфемизмдерді тудырып қана қоймай, оларға үнемі өз орнын беріп, өзі солардың тасасына бой жасырады» деп, эвфемизм құбылысының тілдік табиғаты мен әлеуметтік сипатын айқындауға мүмкіндік беретін іргелі тұжырым жасайды.

Ғалымдардың табу мен эвфемизмдер бірін-бірі толықтыратын тілдік амалдар дегенде, олардың сан не сапа жағынан өсуі бұларға қарсы мәндес дисфемизмдердің әсерін естен шығарму керек. Кез келген эвфемизмдердің дисфемистік қолданысы (тіпті контекстік мағынада болсын) болуы – осының

айғағы. Айталық, «оттама» деген карапайым дисфемизмнің «көп сөйлеу», «сөзіне ие болу» т.б. толып жатқан эфемизмдік қолданыстары бар. Сонда диалектиканың карама-қайшылық заңының нәтижесі дамуға әкеледі деген қағидасына сай, эфемизм мен дисфемизмдер ғасырлар өткен сайын тілдік байлықты толықтыра түседі. Сондықтан бұл екі тілдік құбылыстың (эфемистік, дисфемистік) қатар өмір сүруі қай тілде болмасын – тілдік заңдылық.

Кейбір еңбектерде табу, эфемизм сөздер сөйлеу тілі лексикасына жатқызылып бір-біріне мағыналары жақын, мәндес терминдер тұрғысынан сипатталады. Сөйлеу тілі лексикасына стильдік бояуы жағынан табу сөздер мен эфемизмдер де жатады. Табу, эфемизм – бір-біріне мағыналары жақын, мәндес терминдер. Әлдебір, діни нанымға, ескі әдет-ғұрыпқа байланысты айтуға болмайтын, сондай-ақ цензуралық ретпен де қолдануға тыйым салынған табу (эфемизм) деп атайды. Бір жағдайда, хабарды тура айтпай, тұспалдап жеткізетін сөздер де табу (эфемизм) делінеді. Өйткені стиль тұрғысынан алғанда, тура сөзден гөрі (яғни, ашық түрде, тура айтуға қарағанда) оны ауыстырған тұспал сөздің өзі ұтымды. Табу мен эфемизмнің көбіне-көп сөйлеу стилі мен көркем әдебиетте қолданылатын олардың осы ерекшелігімен тығыз байланысты.

Эфемизмдерді перифразбен тығыз байланыста қарастыру оның стильдік қызметін нақтылай түсуге мүмкіндік береді. Сөздің келтірінді мағыналары перифраз, метафора, метонимия, синекдоха сондай-ақ эфемизм мен табу тәсілдері арқылы да беріледі.

Перифраздың көп қырлы стильдік құбылыс ретінде тілдің мән-маңызын кешенді түрде талдай отыра көркем мәтінде оның әрбір нақты қолданысы түрлі коммуникативтік, информативтік, эстетикалық, эфемистік т.б. қажеттіліктен туған заңды құбылыс екендігіне тоқталады. Соның ішінде эфемистік перифраздар перифраздардың ерекше түрі ретінде айқындалып, эфемистік перифраз мағынасы суық немесе айтуға өрескел саналатын дөрекі сөздерді майдалап, тігісін барынша жатық етіп, келтірінді мағынада қолдану арқылы көрініс табатындығы айқындалады.

Бүгінгі күні эвфемизмдерді функционалдық стильдер ішінде зерттеу қолға алына бастады. Функционалдық стильдерді тереңдете зерттеу жалпы әдеби тілмен байланыс ерекшелігін анықтауды қажет етеді. Бұл орайда, ғалым Р. Сыздықова ауызекі әдеби тіл, ауызша әдеби тіл деп екіге бөледі. Ауызекі әдеби тілге қазіргі функционалдық стильдердің ресми, ғылыми, публицистикалық стильдердің ауызша формасын жатқызуға болады. Сонымен бірге эвфемизмдердің көркем шығарма тіліндегі орны әлі айқындалмағанмен, көркем мәтінде дәстүрлі түрлері және айшықты түрлері де мол кездесетіндігін және сөздерге эмоционалдық мән беру үшін қолданылатын сөз саптау әдісіне жататындығына назар аудардық.

Қазақ тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдер жайлы зерттеу еңбектерде айтылған пікірлер мен тұжырымдарды саралай келе, мынандай қорытындыға келеміз:

- көркем шығарма тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің қолданылу ерекшеліктері қарама-қарсы құбылыс ретінде мәні айқындалады;
- эвфемистік, дисфемистік қолданыстар көркем шығармада қолдануда белгілі бір стильдік мақсатта қолданылуы назарға алынады;
- дейксис табу, эвфемистік, дисфемистік қолданыстар сияқты ауыстырудың бір түрі ретінде айқындалады;
- эвфемистік қолданыстар тіл мәдениетін қалыптастырудың амалы ретінде ерекшеленеді;
- эвфемистік, дисфемистік қолданыстар қарым-қатынас тілінің жағдайымен байланысты көрініс табады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: 1973. – 264 б.
2. Виноградов В. Языковая ситуация // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: 1990. – С. 284.
3. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 2003. – 414 б.
4. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
5. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 99 б.
6. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Просвещение, 1966. – 237 с.
7. Крысин Л.П. Эвфем. В сов. Рус. Речи. – Москва: 1996. – С. 408.
8. Жұмағұлова М.Ш. Газети публицистика тіліндегі эвфемизмдер.– Алматы: 2000. – 223 б.
9. Оразбаева Ф.Ш. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: 2005. – 115 б.
10. Ахметов Ә.Н. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу). Филология ғылымдарының ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 1995. – 256 б.
11. Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Канд. дисс. авторефераты. – Алматы: 1998. – 30 б.
12. Сыздық Р. Сөз күдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 110 б.
13. Синонимдер сөздігі. – Алматы: 2001. – 311 б.
14. Керімбаев А.Е. Қазақ тіліндегі сакральды атаулардың этнолингвистикалық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссер. авторефераты. – Алматы: 2007. – 25 б.
15. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: 1998. – 464.
16. Салихова А.З. Қазақ тіліндегі комика тудырудың тілдік табиғаты. Автореферат. – Алматы: 2001. – 25 б.

17. Рахымберлина С.Ә. Қазақ тіліндегі бейресми кісі есімдерінің этнолингвистикалық және танымдық сипаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссер. авторефераты. – Астана: 2009. – 24 б.
18. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 201 б.
19. Примбетов Т.Т. Просторечное слово в современном казахском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Караганда: 1988. – 26 с.
20. Пірімбетов Т. Қарапайым сөздер мен сөйлеу тілінің басқа да элементтерімен арақатынасы. Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1986. №1. – 266 б.
21. Бараникова Л.И. Основные сведения о языке. – М.: Просвещение, 1982. – 135 с.
22. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: 1977. – 450 б.
23. Мамаева А.Е. Қазақ тіліндегі дисфемизмдер. – Алматы: 2008. – 118 б.
24. Мұхамеджанов Ш. Қазақ тіліндегі сөздердің ауыспалы мағынасы: Дис. канд. филол. наук. – Алматы: 1964. – 154 б.
25. Мұнатаева Э.М. Табу, эвфемизмы и дисфемизмы в Американском варианте английского языка: Автореф. дис. канд. филол. наук: 10.02.02 – Алматы: 2001. – 15 с.
26. Обвинцева О.В. Эвфемизм в политической коммуникации. – Москва: Российская государственная библиотека. 2003. – 192 б.
27. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Жазушы, 1997. – 189 б.
28. Сыздыкова Р. Ауызша әдеби тіл. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 187 б.
29. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 210 б.
30. Сыздыкова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 295 б.

31. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана: 2006. – 273 б.
32. Уәлиев Н. Көркем әдебиет тіліндегі стильдік контраст // Жазушы және сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1983. – 9-11 бб.
33. Балакаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: 1984. – 184 б.
34. Будагов Р.А. Человек и его язык. – М.: Изд. МГУ, 1974. – 170 с.
35. Сыздық Р. Бүгінгі көркем проза және әдеби норма // Тіл және ұлттық мәдениет. – Түркістан: 2005. – 205 б.
36. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 290 б.
37. Аханов К. Тіл білімдерінің негіздері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 296 б.
38. Кожина М.Н. Избранные работы по рус. языку. – М.: 1957, – С. 273.
39. Краткий словарь иностранных слов. – М.:1952. – С. 461.
40. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғалым, 1987. – 288 б.
41. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 675 б.
42. Нұрғожина Ш. Эмоционально-экспрессивная лексика разговорного языка: Автореф. дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата: 1989. – 26 с.
43. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: 1975. – 275 б.
44. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы: Эверо, 2008. – 464 б.
45. Баймұрынов Ж.М. Қазақ тілі синтаксистік құрылысындағы үнемдеу құбылыстары (психолінгвистикалық аспект). Автореферат. 10.02.02 – Астана: 2009. – 24 б.
46. ҚАЗАҚ ТІЛІ: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, 1998. – 509 б.
47. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Жазушы, 1970. – 260 б.



48. Козыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы: 2001. – 291 б.
49. Жұбанов К. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 360 б.
50. Уэли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері: филол. ғылым. доктор. Автореф. – Алматы: 1988. – 54 б.
51. Звегинцев В.А. Теоритико-лингвистические предпосылки гипотезы Сепира Уорфа // Новое в лингвистике. – М. Вып. 1, 1960.
52. Гумбольдт В. Фон. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – С. 451
53. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
54. Верещагин Е.М., Костомаров К.Г. Национальная культурная семантика русских фразеологизмов //Словари и лингвострановедение. М.: 1982. – 520с.
55. Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Монография. – Алматы: 2005. – 266 б.
56. Серебрянская Н.А. Дейксис и его проекции в художественном тексте: Монография. – Воронеж: ВГПУ, 2005. – 255 с.
57. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
58. Қадырова Б. М. Б.Майлин шығармаларындағы тұрмыстық-қарапайым лексика. //ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы, №6. – Алматы: 2007. – 107 б.
59. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1975. – 307 б.
60. Синичкина Е.П. Семантика умолчания и средства ее выражения в русском языке – МГОУ: 2002. – 44 б.
61. Апресян Ю.Д. Прагматическая информация для толкового словаря. Прагматика и проблемы интенциональности. – Москва: 1988. – 301 б.
62. Яимова Н.А. Табуированная лексика и эвфемизмы в алтайском языке. Автореферат. – Москва: 1985. – 301 б.

63. Есімова Ж.Д. Қазақ тіліндегі эвфемизмдер: естірту, көңіл айту сөздері. Канд. дисс. авторефераты. – Алматы: 1998. – Б. 30.
64. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2004. – 207 б.
65. Мәуленова Б.М. Қазақ сатирасының тілі. Автореферат. – Алматы: 2006. – 25 б.
66. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Зият-Пресс, 2007. – 244 б.
67. Квятковский А. Поэтический словарь. – Москва: 1966. – 206 б.
68. Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Автореферат. – Алматы: 1997. – 37 б.
69. Карменов Н.Ф. Лексика-семантикалық байланыс түрлері. (қазақ және араб тілдеріндегі дене мүше атаулары). (филология ғылымдарының кандидаттық дәрежесін алу үшін жазылған диссертация). – Алматы: 2002. – 130 б.
70. Тамаева Б. Қазақ тіліндегі сый-құрмет мағыналы сөздердің лексика-семантикалық тобы. (филология ғылымдарының кандидаттық дәрежесін алу үшін жазылған диссертация). – Алматы: 1992. – 136 б.
71. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 227 б.
72. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
73. Балакаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 94 б.
74. Тіл мәдениеті және баспасөзі: Ғылыми практикалық-конференция материалдары / Жауапты ред. М. Серғалиев. – Алматы: Ғылым, 1972. – 203 б.
75. Сыздық Р. Тілдік норма және қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 228 б.
76. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Ғылым, 1965. – 111 б.
77. Федеренко Л.П. Закономерности усвоения родной речи. – М.: Просвещение, 1984. – 223 с.

78. Әмір Р.С. Қазақ тілі нормаларын зерттеу мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы: 2000. – № 3. – 7-9 бб.
79. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: Мектеп, 1981. – 140 б.
80. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері: Филол. ғыл. канд. дис: 10.02.02 – Алматы: 2006. – 280 б.
81. Бекмұхаметов Е.Б. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 169 б.
82. Звегинцев В.А. Семасиология. – М.: Просвещение, 1957. – 167 с.
83. Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка. – М.: Наука, 1972. – 131 с.
84. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Мектеп, 1984. – 173 б.
85. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1996. – 129 с.
86. Федосов И.А. Функционально-стилистическая дифференция русской фразеологии. – Ростов на Дону, 1977. – 315 с.
87. Галкина-Федерук Е.М. Об экспрессивности-эмоциональности // Сб. ст. по языкознанию. – М.: Наука, 1958. – С. 215.
88. Болдырева Л.М. К вопросу функционально-стилистической характеристики // Уч. зап. МГ Пед. института иностр. яз. – 1968. – Т. 42. – С. 143.
89. Сыздыкова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Мектеп, 1980. – 142 б.
90. Қазақ тілі энциклопедиясы / Жауапты ред. Ш. Хұсайын. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 508 б.
91. Пірімбетов Т.Т. Қазақ тіліндегі қарапайым сөздер туралы түсінік және оның кейбір жасалу жолдары // Білім және еңбек. – Алматы: 1987. – № 5. – 71-73 бб.
92. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Мектеп, 1984. – 73 б.

84. Резуанова Ғ. Қазақ тіліндегі көп мағыналы сөздерден жасалған синонимдік, омонимдік, антонимдік қатарлар: Филол. ғыл. канд. дис. автореф: 10.02.02 – Алматы: 1998. – 28 б.
85. Гак В.Г. Типологий лингвистических номинаций // Общие вопросы лингвистики / Отв. ред. В.Г. Гак. – М.: Наука, 1977. – С. 24-27.
86. Қасым Б.Қ. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы: Арыс, 2000. – 154 б.
87. Османова А.Ә. Синонимдес етістіктердің семантикалық қызметі. – Алматы: Мектеп, 1991. – 358 б.
88. Телия В.Н. Типы языковых значений. Связанное значений. Связанное значение слова в языке. – М.: Наука, 1981. – 157 с.
89. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 147 б.
90. Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М.: Учебно-пед. изд., 1960. – 254 с.
91. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 261 б.
92. Гак В.Г. Метафора в языке и тексте. – М.: Наука, 1988. – 212 с.
93. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 179 б.
94. Ахметов З. О языке казахской поэзии. – Алматы: Ғылым, 1970. – 265 с.
95. Шындалиева М. Сөз өнерінің бастауы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 162 б.
96. Сансызбаева С.К. Метафоры – фреквенталии в сфере «животное–человек»: дис. канд. филол. наук. – Алматы: 2001. – 49 с.
97. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1998. – 288 б.
98. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 233 б.

99. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Наука, 1998. – 373 с.
100. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З. Ахметов. – Алматы: Ғылым, 1970. – 140 б.
101. Нұржекеева Л. Метонимияның лингвистикалық табиғаты. – Алматы: Мектеп, 1992. – 113 б.
102. Вольф Е.М. Грамматика и семантика прилагательного. – М.: Наука, 1978. – 200 с.
103. Булаховский Л.А. Введение в языкознание. – М.: Просвещение, 1953. – 57 с.
104. Салқынбай А., Абақан А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1989. – 164 б.
105. Ключев Е. Риторика. – Москва: 2003. 113 с.
106. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 212 б.
107. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 174 б.
108. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1974. – 68 б.
109. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. Оқу құралы. – Алматы: Зият Пресс, 2006. – 256 б.
110. Темірешева А. Тіл біліміне кіріспе. – Астана: Фолиант, 2008. – 224 б.
111. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 80 б.
112. Эвфемизм // Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: «ІДК-НІРО» Редакциялық баспа орталығы, 1998.
113. Амандыкова Г. Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар.
114. Үсенбаева Г. Перифраздардың тілдік табиғаты. – Алматы: Санат, 1996. – 214 б.
115. М. Белбаева Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 178 б.
116. Калиева С.Е. Көркем шығармада фразеологизмдерді қолданудың ерекшеліктері. Автореферат. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған. – Астана: 2009. – 27 б.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. «Абай жолы» роман эпопеясы. 20 томдық, 3-том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 185 б.
2. Мүсірепов Ф. Өлімді жеңген ана. – Алматы: Мектеп, 1978. – 118 б.
3. Мүсірепов Ф. Этнографиялық тәңгіме. – 139 б.
4. Мүсірепов Ф. Жиырма төрт сағатта. – 148 б.
5. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 116 б.
6. Исабеков Д. Тіршілік. – 319 б.
7. Исабеков Д. Сүйекші. – 276 б.
8. Нұржекеұлы Б. Бейтаныс әйелдің кұпиясы. Әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002 ж. – 233 б.
9. Жүнісов С. Жапандағы жалғыз үй: Роман. – Алматы: Жазушы, 1990. – 18 б.
10. Жұмаділов К. Бір ғана ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2004. – 14 б.
11. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. «Аңыздың ақыры» роман. III том. – Алматы: Өлке, 1999. – 10 б.
12. Беласқан. Повестер жинағы. Екінші кітап. – Алматы: Жалын, 1981. – 432 б.
13. Беласқан. Повестер жинағы. Үшінші кітап. – Алматы: Жалын, 1981. – 460 б.
14. Қайсенов Қ. Партизан соқпақтары. – Алматы: Жазушы, 1975. – 197 б.
15. Замандастар повестер жинағы. – Алматы: Өнер, 1983. – 4 б.
16. Шамкенов А. Бір махаббаттың сыры. – Алматы: Өнер, 1987. – 52 б.
17. Тілемісов К. Азамат повестер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1980. – 120 б.
18. Өзбеков Р. Мәскеуіш әңгіме. – Алматы: 1985. – 13 б.
19. С. Жүнісов «Заманай мен Аманай» повесі. – Алматы: Жазушы, 1986. – 73 б.

20. Келімбетов Н. Үміт үзгім келмейді. – Алматы: Жазушы, 1999.– 53 б.
21. Кекілбаев Ә. Аңыздың акыры. 3 том. – Алматы: Жазушы, 2007. – 225 б.
22. Мүсірепов Ғ. Қос шалқар. – Алматы: Өнер, 1987. – 212 б.
23. Мұқай Б. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ана тілі, 2006.– 138 б.
24. Кекілбайұлы Ә. «Елең-алан» роман. 5 том. – Алматы: Жазушы, 2007. – 267 б.
25. Мүсірепов Ғ. Шығармалар жинағы. Боранды бекет. – Алматы: Өнер, 1989. – 233 б.
26. Сқақбаев М. Жойқын төбе. – Алматы: Ана тілі, 2008.– 198 б.
27. Тілемісов Х. «Азамат» повесі. – Алматы: Жазушы, 1980. – 32 б.
28. Соқпақбаев Б. Бастан кешкен. Повестер. – Алматы: Жазушы, 1970. – 237 б.
29. Иманжолов М. Менің махаббатым. – Алматы: Жазушы, 1957. – 253 б.
30. Әзиев Ә. Жез таулар. – Алматы: Жазушы, 1997. – 32 б.
31. Тақаев К. Соңғы сокқы, – Алматы: Жазушы, 1981. – 32 б.
32. Аймауытов Ж. Шығармалары. Ақбілек. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.

## МАЗМҰНЫ

|  |           |
|--|-----------|
| Кіріспе .....  | 3         |
| <b>Бірінші бөлім. Қазақ тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің зерттелуі мен жүйеленуі.....</b>             | <b>5</b>  |
| 1.1 Қазақ тіл білімінде эвфемизмдердің зерттелуі.....  | 5         |
| 1.2 Қазақ тіл білімінде дисфемизмдердің зерттелуі.....   | 22        |
| <b>Екінші бөлім. Көркем шығарма тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің лексика-семантикалық сипаты.....</b> | <b>33</b> |
| 2.1 Көркем әдебиет тілі және эвфемизмдер мен дисфемизмдер.....   | 33        |
| 2.2 Көркем шығарма тіліндегі эвфемистік, дисфемистік қолданыстардың эмоционалды-экспрессивтік сипаты.....      | 59        |
| 2.3 Эвфемистік перифраздар.....  | 89        |
| <b>Үшінші бөлім. Тіл мәдениеті және дейксис мәселесі.....</b>  | <b>97</b> |
| 3.1 Тіл мәдениеті жайында.....   | 97        |
| 3.2 Көркем әдебиет тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің прагматикалық қызметі және дейксис.....           | 104       |
| 3.3 Эвфемистік, дисфемистік қолданыстардың оппозициясы..   | 112       |
| Қорытынды .....  | 121       |
| Пайдаланылған әдебиеттер .....   | 124       |
| Пайдаланылған көркем әдебиеттер .....  | 132       |



Подписано в печать 06.11.2017 г.  
Формат 60×90 1/16. Гарнитура Times.  
Тираж 500 экз. Заказ № 1907.  
Отпечатано в ТОО «Полиграфия СК»,  
ул. Конституции Казахстана, 11.